Сырдарьинская область характеризовалась самым низким удельным весом православного населения среди остальных областей Казахстана. Так, удельный вес православных христиан составлял в области 2,86 %. Практически всю остальную часть населения области составляли магометане 98,38 % [15, Л. XII].

В Букеевской орде большинство населения исповедовало ислам. Так магометан насчитывалось в орде 213017 чел. обоого пола. Православных христиан в Букеевской орде по результатам переписи имелось 1667 чел. Из представителей других конфессий в орде проживало 86 старообрядцев, 11 лютеран, 6 римских католиков и 6 армяно-григориан [34].

Уровень грамотности по Переписи отдельных этносов можно определить только по родному языку.

Коренное население Казахстана, как уже указывалось выше, по переписи 1897 г. занимало по уровню грамотности среди других этносов самое последнее место: при общей численности 3 392 751 чел., всего грамотных было 96 333 чел., т.е. 2,83 %. Более других грамотными являлись татары из 55984 чел. - 14766 чел. - 26,37 % [22, с.165].

При этом, как правило, среди представителей всех этносов уровень грамотности мужчин был значительно выше, чем у женщин. У татар: 64,8% и 35,2 %; казахов: 90,2% и 9,8 соответственно [35].

Процент грамотных татарский, казахский возрастал по мере повышения возрастной градации, самый высокий наблюдался в возрасте от 30 до 39 лет, у мужчин - 7,1%, а у женщин - 1,5 % по Акмолинской области.

В начале XX в. в Казахстане существовала определенная сеть учебных заведений, в которых обучались казахские дети. В оседлых и кочевых местностях действовали мусульманские школы и училища (мектебы, медресе и т.д.), часть из них содержались за счет казны или местных средств, а некоторые занимались домашним и частным обучением. На рубеже XIX и XX вв. мусульманские учебные заведения стали ареной реформаторского движения джаидов, которые выступали за модернизацию ислама и введение светского образования. Помимо изучения ислама, они обогащали содержание учебных программ общеобразовательными предметами.

Такие школы, в отличие от старых мусульманских учебных заведений, назывались новометодными. Их к началу века в Казахстане было более 100. Казахские дети обучались в начальных так называемых русско-туземных школах, начальных войсковых и станичных

школах Сибирского казачьего войска, а также в городских училищах с шестилетним обучением.

В 1901 г. в Казахстане было 22 городских училища, которые впоследствии были преобразованы в высшеначальные училища. Их к 1917 г. насчитывалось 47. Сеть среднего образования края состояла в 1914 г. из 17 учебных заведений: 4 реальных училищ и 13 гимназий с 5880 учащимися, среди которых было 217 казахов, 76 девочек и 139 мальчиков, т.е. более 3, или 6 [36].

Некоторые казахские дети получали и профессиональное образование, сеть которого представляли учительские семинарии, сельскохозяйственные школы, ремесленные училища.

Таким образом, в конце XIX века в Казахстане начали функционировать городские училища, приходские училища, прогимназии, русско-казахские и русско-туземные училища и школы, аульные школы и школы первоначальной грамотности. Они содержались за счет государства, выполняя роль начальных учебных заведений. Кроме того, расширялась сеть средних учебных заведений - реальных училищ, мужских и женских гимназий. Расширялись сеть специальных средних учебных заведений, т.е. профессиональных школ 3-х типов: педагогических, сельскохозяйственных, ремесленных [9, с. 25].

Грамотность казахов - горожан резко отличалась от её уровня у их же сельских собратьев, что, в первую очередь, связано с преимущественным сосредоточием представителей малочисленной национальной интеллигенции в городах, где они служили в аппарате колониальной администрации, работали учителями, переводчиками, врачами и т.д., занимались предпринимательской деятельностью.

Это отличие особенно было заметно в Тургайской области, где грамотность казахов - горожан достигала 21,9 % против 3,09 % у их же собратьев из аулов, т.е. превосходила в более чем в 7 раз. Даже в Семиреченской и Сырдарьинской областях, с их наиболее низким уровнем грамотности у коренного населения, у горожан удельный вес грамотных 6 % и 5,6 % соответственно, почти в 4 раза превосходил грамотность у сельчан 1,6 % и 1,28 % соответственно.

Грамотность казахов достигала в Торгае - 34,1 %, в Кустанае - 20,95 %, Оренбурге, Уральске - 20,04 %, Кокчетаве - 15 %, Омске - 17,8 %, Лепсинске - 15 %, Каркаралинске - 12 %, Иргизе - 11,8 %, Аулие-Ате - 9 %, Зайсане - 8,2 %, Семипалатинске - 7,8 %, Усть-Каменогорске - 7,8 %, Петропавловске - 7,6 %, Шымкенте - 6,6 %, Акмолинске - 6,2 %, Перовске - 5,9 %, Павлодаре - 5,7 %, Казалинске - 5,5 %, Актюбинске - 5,2 %, Гурьеве - 3,97 %, Туркестане - 3,8 %,

Копале - 3,75 % и т.д. Наиболее низкий удельный вес грамотных казахов отмечался в городах Джаркенте - 0,6 %, Атбасаре - 0,9 %, Ташкенте - 1,8 %, Темире - 2,6 % и т.д. [37].

Таким образом, политические и экономические процессы XIX в., начатые в период колонизации царской Россией Казахстана, уже к началу XX века привели к полному разрушению традиционного казахского общества и формированию чрезвычайно сложной и пестрой социальной структуры в населении.

В современном же Казахстане активно формируется национальная идентичность и культурная целостность. Глава нашего государства Н.А. Назарбаев ставит перед сложившемся в период XIX – начала XX вв, полиэтничным обществом задачу сохранения нашего культурного кода: языка, духовности, традиций. Мы стремимся к консолидирующей и объединяющей идее казахстанского общества «Мәңгілік ел» - Патриотического акта, основой, которой являются титульная нация - казахи, торкские и другие народы, проживающие на земле своих предков.

«Думается, что духовность нашего народа зиждется на истории казахского народа, в общей истории нашего государства и всех казахстанцев, поскольку это наша общая судьба, которая объединяет нас в настоящем и составляет залог нашего единства и процветания в будущем. «Мәңгілік ел» символизирует весь казахстанский народ, его непобедимую и жизнеутверждающую энергию, дух казахского народа» - сказал Глава государства [38].

ИСПОЛЬЗОВАННЫЕ ИСТОЧНИКИ

1 Артыкбаев Ж.О. История Казахстана. - Астана, 2004. – 159 с.

2 Бегежан Сулейменов Избранные труды. Т. I. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX–начала XX в. (1867-1907 гг.).– Алматы: «Елтаным», 2015. – 315 с.

3 <http://bibliotekar.kz/istorija-kazahskoi-ssr-e-bakmahanov/kolonialnaja-politika-carizma-v-kazahsta.html>

4 РГВИА. Ф. 400. - Оп. 1. - Д.125. - Л. 5.

5 Положение об управлении в степных областях. – СПб., 1898. - С.18-19.

6 Материалы по киргизскому землепользованию Семипалатинской области. - Т. VI. 1905. - С. 22.

7 ЦГАРК. Ф.393. - Оп.1. – Д.1. - ЛЛ. 17,21.

8 Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. - М.: Изд. АН СССР, 1957. - 342 с.

9 Асылбеков М.Х., Жаркенова А.М. Население Казахстана в конце XIX – начале XX вв. (1897-1917 гг.). – Алматы: Оркениет, 2001. - 204 с.

10 Асылбеков М-А.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980) А-Ата: Ғылым, 1991. - С.187.

11 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Акмолинская область. - СПб: Слово, 1904. - Т.81. - 135 с.

12 Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана, (численность, размещение, состав) (1870-1914 гг.). - Алма-Ата: Наука, 1979.

13 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Семипалатинская область.- СПб: Слово, 1905. - Т.84. - 147 с.

14 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Семиреченская область, СПб: Слово, 1905. - Т. 85. - С. 24.

15 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Сырдарьинская область. - СПб: Слово, 1905. - Т.86. - 208 с.

16 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи, 1897 г. - Т.84, 85, 86.

17 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Тургайская область. - СПб: Слово, 1904. - Т.87. - 103 с.

18 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Уральская область. - СПб: Слово, 1904. - Т.88.- 125 с.

19 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Закаспийская область (Мангышлакский уезд). - СПб: Слово, 1904. - Т.82. - С.132-133.

20 Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. (60-е годы XIX в. - 1917 г.). - М.: Наука, 1986. – 242 с.

21 Алампиев П.М. Ликвидация экономического неравенства народов Советского Востока и социалистическое размещение промышленности (исторический опыт Казахской ССР). - М.,1958. - С. 126-127.

22 Жаркенова А.М. Население Казахстана по первой всеобщей переписи 1897 г. (демографический анализ). - Дисс. канд. ист. наук. - Аматы, 2002. – 169 с.

23 Федоров Е. К истории Казахстана конца XIX и начала XX века. Большевик Казахстана, 1939. - № 11. - С.63.

24 Алтаев А.Ш. Формирование этнических диаспор в Южном Казахстане в конце XIX в. // Материалы межвузовской научно-практической конференции «Развитие Отечественной истории в начале XXI в.: достижения и проблемы». – 29 мая 2015 г. – Алматы:

ҚазАқпарат, 2015. – 783 с.

25 Кабиров М.Н. Переселение илийских уйгур в Семиречье. - А-Ата, 1951.- С. 49.

26 ЦТА РК. Ф. 64. - Оп.1. - Д. 60. -Л.5.

27 Обзор Семиреченской области за 1913 г. - Верный, 1915. - С.37.

28 Наливкин В.П. Туземцы раньше и теперь. Изд. А.Л. Кирснера Ташкент: Туркестанское товарищество печатного дела, 1913. - 144 с.

29 Материалы для статистики Туркестанского края. Вып. 1. - СПб., 1872. - 373 с.

30 Ильин В.М. Сартовское хозяйство в Чимкентском уезде Сырдарьинской области. Материалы по изучению хозяйства оседлого туземного населения в Туркестанском крае. - Ташкент, 1912. - 240 с.

31 Южно-Казахстанский облгосархив. Ф. 233. Оп. 1. – Д. 256. – Л. 50.

32 Кушакевич А.А. Сведения о Ходжентском уезде. Туркестанский областной статистический комитет, 1872. – В. 1. - С. 228.

33 Завалко Д.А. Татарская диаспора на территории Восточного Казахстана в XIX в. // Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях: материалы V Международной научно-практической конференции. - Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2004. – С. 151-158.

34 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Букеевская орда. - СПб:Слово, 1904. - Т.2. - С.117-151.

35 Кусаинов К.К. Социально-экономическое развитие Тургайской области в конце XIX-начале XX вв. Автореф. дис. канд. ист. наук. М., 1989. - 24 с.

36 Амерханова Ж.Б. Политика царизма в области народного образования в Казахстане (вторая половина XIX - начало XX вв.). - Алматы, 1996. - С. 65, 76.

37 Жаркенова А.М. подсчитано. Первая Всеобщая перепись населения Российской империи, 1897 г. Акмолинская обл. - Т.81. Распределение населения по родному языку, грамотности. возрастным группам; Семипалатинская обл. - Т.84; Семиреченская обл. – Т.85; Сырдарьинская обл. – Т.86; Уральская обл. – Т.88.

38 Назарбаев Н.А. Патриотический акт – Мәңгілік Ел. Выступление на торжественном собрании, посвященном Дню Независимости Республики Казахстан. 15 декабря 2014 года, Казахстанская правда. 17 декабря. – 2014.

3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КЕҢЕС БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЛЫПТАСУЫ, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ КӨШІ-ҚОН ҮРДІСТЕРІ

3.1 Қазақстандағы түркі халықтарының 1917-1939 жылдардағы демографиялық тарихы (Саркенова К.А.)

3.1.1 Кеңес дәуірі қарсаңындағы Қазақстандағы түркі халықтарының этно-демографиялық жағдайы (1900-1917)

Түркілер – дүниежүзілік тарихта өзіндік тұрақты орны бар ең ежелгі халықтардың бірі. Егер түркіні суперэтнос десек, онда түркі тілдес халықтар – қазақ, өзбек, түрік, түрікмен, қара-қалпақ, татар, башқұрт, т.б. этносқа, ал қазақты құраған ірі тайпаларды (найман, арғын, керей, алшын, т.б.) субэтностарға жатқызуға болады. Мысалы, Солтүстік Кавказдың Черкес халқы да қазіргі күні ғалымдар тарапынан этнос (түркі суперэтносына кіреді), ал шапсуг, убых, т.б. оның субэтностары екендігі мойындалып отыр...

Түркілердің тарихы тереңде жатыр. Ең анық уақыты – 4 мың жылдан астам. Түркі халықтарының аумағы, қазіргі ғалымдардың тұжырымдауынша, Алтай тауларынан батысқа қарай Азия, Еуропа, Африка құрлықтарын қамтиды. Түркітанушы Неметтің пікірінше, түркілердің анық отаны қазіргі Қазақстан аумағы, яғни Алтай мен Орал тауларының арасы...

Халық тарихындағы маңызды мәселенің бірі – халық саны. Қазіргі түркілердің саны туралы бүгінгі ақпарат беттерінде анық та нақты мәліметтер жоқ. Бұл тақырыпқа қалам тартқан авторлар өздерінің саяси көзқарастарына қарай бір-бірін жоққа шығаратын әр түрлі сандарды көрсетеді. Бұл өз кезегінде түркілердің нақ санын анықтауда бірқатар кедергілер туғызуда. Мысалы, түркіфобияшылар 80 млн. түркі десе, ал түркіфилдер (тюркофилы) 300-400 млн-ға жеткізеді. БҰҰ-ың болжамынша, алдағы уақытта түркі мемлекеттеріндегі халық саны 2025 жылға қарай 161, 6 млн, ал 2050 жылға қарай 176, 3 млн-ға жетпек. Бірақ АҚШ ОББ-ның есебінше, 2011 жылы дүние жүзіндегі түркі халықтарының саны 201 млн-нан асқан. Яғни БҰҰ-ның болжамы 2050 жылдан да ертерек орындалуы мүмкін [1]. Қалай дегенмен де, дүние жүзіндегі түркілердің нақты санын анықтау күн тәртібінде тұр. Сондықтан түркілердің алтын қазығы – Қазақстандағы түркі халықтарының санын, пайда болуын және құрамын анықтау өте өзекті. Қазіргі және келешектегі болжам бойынша, дүниежүзілік процестерде

түркі суперэтностының алар орны мен маңызы күннен күнге артпақ. Оған қазіргі экономикалық және әскери қуаты дамып келе жатқан Түркия Республикасы, мұнай мен газ қоры жағынан дүние жүзінде алғашқы жиырма ел қатарына кіретін Қазақстан, Түркмения мен Әзербайжан мемлекеттерінің беделін қосуға болады. Халқының көпшілігі түркі халықтары болып келетін Солтүстік Кавказ, яғни Ресей, сонымен қатар 10,8 млн. халқы түркілерден тұратын Қытай, т.б. үшін де түркі факторы аса маңызды. Демек, Еуразия халықтарының басым бөлігін құрап отырған түркі халықтарын, түркі мемлекеттерінің саясат пен экономикадағы айқындаушы рөлін жоққа шығаруға болмайды.

Тарихы тереңге кететін түркілердің ежелгі заманнан қазірге дейінгі санын анықтауды келешекке қалдырып, біз назарымызды Қазақстандағы түркілердің ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басына дейінгі ауқымындағы тарихи демографиясына аудардық. Соның ішінде біз тоқталып отырған кезең – ХХ ғасырдың басы мен 1939 жылға дейінгі аралық.

1897 жылғы Бүкілресейлік халық санағы қорытындысы бойынша, Қазақстанда 4 миллион 147 мың адам өмір сүрген. Қазақ жерінде қазақтар 74-78%, орыстар 10-13%, украиндар 1-2%, басқа халықтар 300 мың адам немесе 7,2% болған. Сол басқа халыққа 55 мың татар, 55 мың ұйғыр, 30 мың өзбек, т.б. түркі халықтары кірген [2, 32-33-б.].

ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы түркі халықтарынан ең ірісі – ежелгі заманнан өз атақонысында орын тепкен қазақ ұлты. Одан кейін түркі халықтарынан бұл уақытта қазақ даласында өмір сүргендерінен ұйғырды, татарды және өзбекті атауға болады. Алдымен қазақ жерінің түпкілікті иесі – қазақ халқының демографиялық тарихына тоқталып өтсек.

«Қазақ» газеті [3, 27-б.] берген «1908 жылғы губернатор обзорындағы есеп» бойынша, орыс патшасы билігі тұсында тоғыз болыс, бір губернияда 4 499 664 қазақ болған. Олар төмендегідей орналасқан: 1) Семей облысында – 655 971; 2) Ақмола облысында – 484 456; 3) Торғай облысында – 422 401; 4) Орал облысында – 466 000; 5) Каспий облысында – 71 367; 6) Сырдария облысында – 888 000; 7) Жетісу облысында – 844 000; 8) Ферғана облысында – 37 981; 9) Самарканд облысында – 79 083; 10) Астрахан губерниясында – 213 000 адам.

Ал «Қазақ» газеті 1913 жылы мынадай мәліметтер берген: «1898 жылғы есепте қазақ затынан қазақ тілімен сөйлейтін адамның саны 4 млн 084 мың. Бір жылғы адам баласының таза өсімі мыңға 15 адам. Он жыл аралатып екі есеп алғанда Көкшетау уезінің қазағы мыңға бір

жылда 25 адам қосылып өскен. Бұған қарағанда қазақ баласының өсімі өзге халықтардан артық болмаса, кем емес, қазақ жұрты мыңға 15-тен өсіп, 1897 жылы орыс қол астындағы қазақ 4 млн 84 мың деп есеп қылынса, 1913 жылда 5 млн 64 мың болады. Бұл есепте Жетісу қырғыздары да бар. Бұл қазақ һәм қырғыз Шыңғыс хан заманынан бері, 7 жүз жыл шамасында, жоғарыда аталған 9 облыс жерінде жүріп тұрады. Бұл жердің айналасы мынау: Жайық һәм Тобыл, күншығыста Ертіс, оңтүстікте Түркістан таулары, мұның ең биігі хан Тәңірісі, күнбатыста Әмудария. Осы облыс, бір губернияда 260 миллион десятина шамасында жер бар. Бұл жердің көбі 10-20 жылда мұнан бұрын қазақ пайдасында еді, соңғы 10-15 жыл Торғай һәм Ақмола облыстарынан қазақ пайдасындағы жерден көп жер мұжық пайдасына кетті. 1908 жылға шейін мұжыққа қазақтан алып берген жер 4 миллион десятинадан аз артық еді. 1913 жылдағы есепте 1906–1912 жылдарда қазақтан мұжыққа алынған жер 6 миллион десятина артық [3, 27-б.].

1916 жылдың мамыр–тамыз айларында толық емес санақ жүргізіліп, ол, негізінен, ауылдық жердегі тұрғындарды қамтыған. Сол санақ бойынша Қазақстанның 6 облысында 3 млн 994 мың қазақ тұрған. Бұл жалпы халықтың 50,7%-ы. 1917 жылдың жазында ауыл шаруашылық пен қалалық тұрғындардың санағы жүргізілген. Бұл санақта қазақтардың саны 1916 жылға қарағанда 446 мың адамға кем болған (3 млн 548 мың адам) [4, 34-б.]. Ресей империясы тұсында Қазақстан аумағына казак әскерилері және переселендер ғана емес, сонымен қатар шетелдік иммигранттар да қоныстандырылған. 1897 жылғы халық санағы бойынша, «бөтен жерден көшіп келген» халық Дала өлкесінде 3%, Түркістан өлкесінде 1,9% болған. 1917 жылы болған екінші халық санағында бұл көрсеткіш сәйкесінше 4,3% және 3,3%-ға өзгерген. Шетелдіктердің Қазақстан аумағына көшіп келуі, әсіресе, XX ғасырдың басында қарқынды жүрген. Оған 1912 жылы Далалық өлкенің саяси орталығы – Омбы қаласына Дания, АҚШ, Ұлыбритания, ал 1913 жылы Германия, Швеция консулдықтарының ашылуы дәлел. Мысал, 1910 жылы Далалық өлкеге келген 1 700 шетелдік азаматтың 82-сі Түркиядан келген [2, 36-б.]. 1914 жылдың соңында Дала өлкесінің солтүстік-шығыс аудандарында және Түркістан генерал-губернаторлығының кейбір арнайы пункттерінде әр ұлттан құралған 20 мыңға жуық әскери тұтқын болған. Бұл тәжірибе Бірінші, әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыс кездеріне кеңінен қолданылған. Қала тұрғындарының саны осы аталған контингентпен қатар Ресейдің орталық аудандарынан қоныс аударғандар есебінен де толығып отырған. Мысалы, қалаларда еуропалық ұлттармен қатар түркі халықтарынан татарлар 14,3%, қазақтар 16%, басқа ұлт өкілдері

3%-ға жеткен. 1917 жылы Қазақстан аумағындағы қазақтардың үлес салмағы, негізінен, 59,8% болған. Қазақстандағы 6 облыста 1897-1917 жылдардағы халықтың механикалық өсімі 1 миллион 301 мың адам болған [5, 12-, 43-46-б.].

Қазақ санының 1915 жылы 6 миллион болғаны туралы мәлімет 1917 жылға дейін қазақ жерінде шығып тұрған бірнеше газет-журналдардың бірі – «Айқап» журналында да айтылады [6, 284-б.]. Бірақ халық тарихында қасіретке толы 1916 жылдан басталған дүрбелең 1950-жылдарға дейін созылып, қазақ өзінің демографиялық даму шыңына тек 1960-жылдары ғана жеткені тарихи ақиқат. Тарихи 1916 жыл қазақ тарихында айрықша терең із қалдырды. 1917 жылы «Қазақ» газеті жазғанындай, «1916 жылдың уақиғасы өзгеше болды. Айдап өргізіп, иіріп жусатып күнелткен төрт түлік малына қатерлі он екі жылда бір айналып, көбінесе тегін кетпейтін сұм қоянды аман өткізіп, өткен жаз қазақ байдың баласы биыл кеңіп, байға жарлы теңеліп, жайлауында жадырап, өзінше өзінен бақытты жұртты білмей рахат ғұмыр өткізіп тып-тыныш жатқанында өртен шошынып оянғандай бір күйге ұшырады. Халқын бір уыс қылды, кең дүниесін тарылтты, жүрегіне найзадай тиді» [3, 356-б.].

Қазақ жүрегіне найзадай тигені – 1916 жылғы бұратанадан солдат алу туралы орыс патшаның «25 июнь жарлығы». Патша өкіметінің қазақ жеріндегі орыстандыру саясаты мен қоныс аудару саясатының жаппай сипат алуы, қазақ халқының атамекен-қоныстарын тартып алуы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістерге әкелді. Көтерілістер Қазақстанды толық, сонымен қатар Орта Азияны да қамтыды. Оған сылтау бұратана халықты (қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен, дүнген, ұйғыр, т.б.) қорғаныс құрылыстары мен тыл жұмыстарына тарту болды. Көтерілістердің соңында орыс патшасының әскери жазалау саясатынан бұл халықтар қасіретті оқиғаларды бастан кешті.

С.Асфендияровтың мәліметтері бойынша, 300 мыңға жуық адам Қытайға өтіп, сол жердің қалмақтары мен сарттарынан тонаушылыққа ұшырап, қытайлықтарға құлдыққа түскен. Нәтижесінде 1916 жылдың соңына қарай Жаркент уезіндегі қазақтардың үлесі 73%-ға, Лепсіде 47%-ға, Верныйда 45%-ға дейін азайып кеткен [7, 223-б.].

Қытай мен Ресей арасында осындай наразылық хабарлар өршіп тұрған дәл сол уақытта Ресейде патша өкіметі құлайды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін құрылған Уақытша үкімет Түркістан өлкесін уақытша басқару ісін сол жылы сәуірде құрылған Түркістан комитетіне берді. Түркістан комитетінің мүшелері Ә.Бөкейхан, М.Тынышпаев, О.Шкапский 1916 жылғы қырғынға ұшыраған халықтың жағдайын жақсартуға айтарлықтай үлес қосты. Ал Уақытша

үкіметтің 1916 жылғы көтеріліске қатысушыларына 7 наурызда кешірім жариялауы босқындардың оралуына жаңа серпін берді. 1917 жылдың көктемінен елге оралу шапшаң қарқын алды. Қытайдағы Шыңжанның алты аймағына – Іле, Тарбағатай, Алтай, Қашқар, Ақсу және Байынғұлын аймақтарына шашырай орналасқан босқындар Шыңжан губернаторы Ян Цэнсинь мен орыс билігі арасында жүргізілген келісімдер арқылы елге оралып, оларға амнистия жарияланатыны белгілі болды. 1917 жылдың мамырында 160 мың қазақ Қазақстанға оралды [8, 88-б.].

1917 жылы наурыз-сәуір айларында құрылған Ақмола, Семей, Орал және Жетісу облыстарында Қазақ комитеттері құрылды. Ыстықкөл мен Нарын өңірі әкімшілік жағынан Жетісу облысы құрамында болғандықтан қырғыздар Қазақ комитетіне тартылып, Жетісу облыстық Қазақ комитеті Қазақ-қырғыз комитеті деп аталып, құрамына қырғыздың Пржевальск және Пішпек уездік комитеттері қарады. 1917 жылдың 12 сәуірінде өткен облыстық қазақ-қырғыз съезінде қаралған мәселелердің қатарында Жетісудағы қазақ пен қырғыз босқыншылығы да тұрды. Съезд қазақтар мен қырғыздардың орыстармен тату көршілік қатынаста болуын жақтап, бұл істі жүзеге асыруды облыстық және уездік Қазақ-қырғыз комитетіне жүктеді. Сондай-ақ комитеттерге Қытайдан қайтқан босқын қазақ-қырғыз мәселесін де реттеу тапсырылды [9, 148-149-б.].

М.Тынышпаевтың мәліметі бойынша, «Қытай жеріне (Құлжа һәм Қашқар өлкелеріне) босқан қырғыз-қазақтың саны 164 мың адам екен. Сонан үстіміздегі июльдің біріне шейін қалғаны 83 мың, жеріне қайтқаны 69 мың, Қытай жерінде қалғаны 12 мың екен. Біз бұрын қырғынға ұшыраған жалғыз қырғыз деп жүруші едік, Мұхаметжанның айтуынша, Жаркент уезіндегі албандардың (Ұлы жүз) босқыны, қырғыны қырғыздардан кем емес екен» [3, 403-б.]. 1916 көтерілістен бас сауғалап, үдере көшкен халықтың Қытайға ауғандарының саны 300 мың адамға жетіп [3, 109-б.], ал көтерілісті басу кезінде аштық пен аурудан бір ғана Жетісу облысындағы көшпелі халық 1917 жылы қаңтар айына дейін 270 632 адамға кеміген. Көтерілісшілердің тастап кеткен дүние-мүліктері талан-таражға түсіп, қыстақтары жермен-жексен етілген. Жерді тартып алуды көтерілісшілерді жазалаудың бір жолы ретінде санаған [10, 109-б.].

3.1.2 Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдығындағы түркі халықтарының демографиялық тарихы (1917-1926)

1917 жылғы 25 қазанда Қазан социалистік төңкерісі Уақытша өкіметті құлатып, саяси билік басына кеңес өкіметі мен большевиктер партиясы келді. 1918 жылы 30 сәуірде Ташкентте V Жалпытүркістандық кеңестер съезі Түркістан АКСР-ін жариялады. Оған бұрынғы Түркістан губерниясының аумағы қарады. Түркістанға коммунизм принциптерін енгізу БОАК пен РКФСР Халық комиссарлар кеңесінің Түркістан ісі бойынша құрылған Түрккомиссияға тапсырылды.

Қорыта айтқанда, 1919 жылдан Түркістанда кеңес өкіметі нығайып, 1916 жылғы көтерілістің салдарын жоюға бағытталған нақты іс-шаралар (Қытайдан оралған қырғыз-қазақтарға көмекке комиссиялар жіберіліп, жер бөліктерімен қамтамасыз етіліп, кулактар ауыздықталады) жасалып, бұрынғы переселендер аудандарында орын алған бассыздықтар тоқтатылады [11, 196-197-б.].

1920 жылы 26 тамызда В.И.Ленин және РКФСР Орталық Атқару комитетінің төрағасы М.И.Калининнің қол қоюымен «Қырғыз» (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы» құрылып, [12, 251–256-б.], ал 28 тамызда 1920 жылғы алғашқы кеңестік халық санағы жүргізілгені белгілі. Азамат соғысына байланысты бұл санаққа халықтың 30%-ы кірмей, ал шет аймақ халқының саны 1917 жылға дейінгі деректер негізінде алынып, жеке губерниялар, уездер, болыстықтар және қала халқының саны туралы 5 бөліммен тұратын алдын ала жасалған қорытындылар 1920–1921 жылдары жарияланған [13]. РКФСР БОАК 1921 жылдың 8 желтоқсанындағы қаулысына сәйкес, Қазақстандағы жаңа әкімшілік бөлініс (1924 жылдың 14 қаңтарына дейін) 8 губерниядан (Адай уезі губерния құқында) тұрды. 1920 жылдың 28 тамызындағы бұл халық санағы бойынша, Қазақстанда (санақ Бөкей, Орынбор, Семей, Торғай губернияларын қамтыған) барлығы 2 913 681 (оның 1 441 113-і еркек, 1 472 567-і әйел) адам мекендеген [14, 11-13-; 15-17-б.]. Санақ материалдары өте құнды, дегенмен, бұл бір сәттік қана құбылыс екенін ескерсек, 1920 жылы жүргізілген ауыл шаруашылығы санағы мәліметтерімен толықтырып көрсетілген сол жылдардағы статистикалық жылнамалардың аса маңызды екенін айту шарт. Мысалы, 1920 жылғы ауыл шаруашылық санағын қоса есептеген «Статистикалық-экономикалық шолу» мәліметінше, сол кезеңде Қазақстанда 4 781 263 адам болған.

Сонымен бірге XX ғасырдың басында Қазақстанның сан жағынан басым халқы өз атамекенінде ғасырлар бойы отырған қазақтар

болғаны да тарихи шындық. Олар, әсіресе, Қазақстанның ауылдық жерлерінде сан жағынан басым тұрды. Қазақстандағы түркі халықтары, оның ішінде қазақ жерінің басты тұрғыны – қазақ халқы сан жағынан аса ойсыратқаны 1920-1930 жылдардағы нәубет. Осы жылдары 1915 жылы ғана 6 миллионға жуықтаған қазақ сан жағынан өте құлдырады. Әсіресе 1921 жылғы аштық халыққа өте ауыр тиді. «Қазақ АКСР-індегі аштық шаруаларды отырған жерлерін тастап, қалаларға шоғырлануға мәжбүрледі. Олардың арасында эпидемия мен аурудан, аштықтан шетінеу көбейді» [15, 73-б.], әрине өлімнің көбеюіне шала тамақтану, оның салдарынан организмнің әлсіреуі, ауруға шалдығу, санитарлық-тұрмыстық жағдайдың нашарлауы, дәрігерлер көмегінің, дәрі-дәрмектің жетіспеуі де әсер етті. Қазақстан Республикасы Президент мұрағатында бұл мәселеге қатысты деректер шоғыры жетерлік [16, 29-41-п.]. Құрғақшылық салдарынан болған аштықтан 1920 жылы ғана құрылған республика халқы жойылып кетудің сәл-ақ алдында қалды [17]. Адамдар тамақ орнына шөп тамырларын, өсімдік жапырақтарын пайдаланды. Кейбір аудандарда олар ит, мысық тағы да басқа ұсақ жәндіктермен және қоймалардан ұрлап алынған терілермен қоректенді. Орал губерниясында, т.б. жерлерде адам етін жеу кездесті. Аштық жайлаған аудандарда ұрлық, кісі өлтіру қылмыстары белең алды, аштық салдарынан есінен адасу фактілері кездесті. Жұт салдарынан бар малынан айырылған, нәтижесінде аштыққа ұшыраған даланың көшпелі қазақтары бүкіл отбасыларымен қыстауларда қырыла бастады. Аштыққа ұшырағандардың жалпы саны республикада 1 476 985 адам, оның 558 392-і балалар болды [15, 75-б.].

Азамат соғысы жылдарындағы «Соғыс коммунизмі саясатынан» әбден әлсіреген қазақ қоғамы 1921–1922 жылдары бұрынғыдан да ауқымды ауыртпалықты бастан кешірді. 1921 жылдың көктемі мен жаз айларында Шымкент, Әулиеата, Перовск және Қазалы уездерінде орын алған екі жыл бойғы аштықтан қазақ даласы қаңырап бос қалды, қазақтарға төнген зобалаң Түркістандағы кеңес билігінің аштарға көз жұмып қараушылығынан асқына түсті, шеттен әкелген азық-түлік қызыл әскерлерге, жұмысшылар мен кеңес мекемелері қызметкерлеріне таратылды. Орыс мұжықтары қазақтарға ұн сатпай, ал жергілікті кеңестер тіпті ашаршылықпен күрес туралы кейбір жобаларға қарсы шықты. «Мысалы, өткен жылы көктемде Ашаршылықпен күрес жөніндегі Орталық Комиссияның төрағасы Т.Рысқұлов ауқатты қала тұрғындарына ашыққан, қазақтар мен өзбектерге көмектесу үшін азық-түлікпен және киіммен арнайы салық салу жөнінде ұсыныс жасағанда, Түркістан ОАК-нің төрағасы

«революцияға қарсы жау таппау» деген желеумен жобаны қабылдатпайды. Аш қазақтар жолында кордондар ұйымдастырылып, қалаға жіберілмейді. Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізу орталықтарына айналуы мүмкін деген күдікпен мұсылмандардың өз қаражаттарына ұйымдастырған асханалары жабылып тасталады.

Түркістан халықтарының әйгілі қайраткері М.Шоқай 1921 жылы Парижге келіп орналасқаннан кейін, қазақ еліндегі сұмдық ашаршылықты әлем жұртшылығына хабарлап, Кеңес құрамындағы түркі-мұсылман халықтарына көмек беруді қолға алады. Ол түркі халықтары азаттық қозғалысының жетекшілерімен бірге барлық мұсылман елдеріне, «Америка көмек әкімшілігіне» («American Relief Administration – АРА», 1920-жылдары Орал мен Еділ бойының ашаршылықты аудандарына азық-түлік, дәрі-дәрмек жеткізуде үлкен рөл атқарған ұйым. Кеңес үкіметі бұл ұйымды Орынбордан әрі жібермеуге, оның жұмысын жоққа шығаруға тырысқан;) арнап, ашаршылыққа ұшыраған мұсылмандарға қол ұшын созу туралы үндеу таратады [18 – 19-21-б].

Сондықтан бұл жылда орын алған халық шығынын анықтау өте күрделі. 1920 жылы 28 тамыздағы кеңестік алғашқы санақ пен 1926 жылғы Бүкілодақтық екінші санақ аралығында іріктелген санақтар өтті, бірақ санақтың бұл түрі Қазақстанда тек 1922 жылдан басталғанын айту парыз. 1922–1923 жылдар дерегі бойынша, республикадағы ашыққандардың ең жоғарғы көрсеткіші – 2 305 321 адам [19, 45-46-п.] болған. Қазақстанда бір жыл ішінде шамамен 1,4 млн. адам шығын болған. Кейбір деректер бойынша республикада 1921 жылы 3 596 999 адам (3 208 900-і селода, ал 388 099-ы қалада) адам тұрған [20, 18–19-б.].

1921 жылғы аштықты ескергенде, үш жылдағы халықтың жалпы шығыны – 21,2%. Және осы шығынды, негізінен, қазақ халқы, оның ішінде ауыл қазағы ғана құрады. Ал қалаларда орналасқан қазақтан басқа түркі халықтары – татарлар, ұйғырлар мен өзбектер әлі де сан жағынан еуропалық халық өкілдерінен кем түсіп жатты. 1920 жылдардағы санақ мәліметтерінде татарлар 1,6% деп көрсетіліп, басқа ұлттар 0,4% түрінде берілген [21, 79-б.]. Сол басқа этностарға түркі халықтарынан ұйғырлар мен өзбектер жатты. Қала халқы ішінде түркі халықтарынан татарлар ғана басым болып, олар, мысалы, Ақтөбе губерниясы Ырғыз қаласында қала халқының 33,4%-ын құраған [21, 78-79-б.].

1923 жылы 15 наурызда қалалар мен қала типіндегі қоныстарда жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде сауда мен өнеркәсіптің неғұрлым шоғырланған жері қала мен қала типіндегі кенттердегі

халық құрамындағы өзгерістерді анықтау мақсатында бір күндік қалалық санақ жүргізілген. Бұл санақ бойынша, ҚазАКСР-інің халқы 3 801 521, оның селодағысы – 3 356 429, қаладағысы – 445 092 адам. Және сол 1923 жылғы санақ бойынша қаланың 446 323 адамының ұлттық құрамындағы түркі халықтары төмендеше болды: татарлар – 62 497 (14,0%), қазақтар – 39 337 (8,8%), «ортаазиялық ұлт өкілдері» – 1 483 (0,3%), «басқалары» – 1 516 (0,4%) . Демек, 12 ұлттық топқа бөлінген қала халқы ішіндегі ең ірісі орыстар болып, ал екінші орында татарлар, үшінші орында қазақтар тұрған. Санақ материалдары бойынша, Қазақ АКСР-інде қала халқы ішінде қазақтардың үлесі өте аз (8,8%). Орта Азия халықтары өкілдерінен сарттарды (876 адам), бұқарлықтарды (415 адам) атауға болады. Соңғы «басқа ұлт өкілдері тобына» 20 халық өкілі мен санақ кезінде ұлты белгісіз болған 200 адам кірген. «Басқа ұлт өкілдеріне» кірген түркі халықтарынан башқұрттарды (393 адам), чуваштарды (112 адам), түріктерді (59 адам) атауға болады.

Қазақ АКСР-інде әйелдер еркектерден 51,4%-ға басым болған. Әрі ер адамдардың әйелдерден басымдығы қала қазақтарына тән: ер адамдар – 57,2%, ал әйелдер – 42,8%. Сонымен қатар ер адамдардың басымдығы басқа түркі халықтары арасында, мысалы, мадьярлар (124 еркек, 13 әйел), шеркештер (28 еркек, 8 әйел), түріктер (48 еркек, 11 әйел), әсіресе башқұрттарда (245 еркек, 148 әйел) жиі кездескен [22, 67-б.].

1924 жылы Орта Азияда ұлттық-территориялық құрылыс саласында ұлттық межелеу жүрді. 1924 жылы қыркүйекте Түркістан республикасы ОАК-нің сессиясы Жетісу мен Сырдария облыстарына Түркістан АКСР құрамынан шығып, Қазақ АКСР-іне бірігу құқығын берді. Қазақ АКСР Кеңесінің 5-съезі (1-қазақтық) [23, 2-б.]. Қазақстанның бүкіл облыстарын түпкілікті біріктіру ұранымен өтті әрі Қырғыз АКСР Қазақ АКСР-іне өзгеріп, Қазақстанның жаңа астанасы Ақмешіт (бұрынғы Перовск) Қызылорда болып өзгерді (Қызыл Астана) [24, 55-56-б.]. Орынбор РКФСР құрамына кіріп, Түркістан АКСР-і 1924 жылы 27 қазанда жойылды. Жалпы межелеуге белгіленген 1 745, 400 км² аумақтың 1 468 724 адам мекендейтін 685,9 мың км² (басқа мәліметтер бойынша, 1 485 125 адам, оның ішінде түркі халықтарынан қазақтар – 957 179, өзбектер – 147 283, т.б. – 88 256 [24, 77-б.]) Қазақстан жағына өтті [25].

Қазақстан халқы 1923 жылмен салыстырғанда, 1924 жылы 336 420 адамға, ал 1925 жылы 1 863 282 адамға көбейген [26, 4–7-б.].

1926 жылы 17 желтоқсанда ерекше, кейін ешбір санақта қайталанбаған Бүкілодақтық халық санағы өтті. 1926 жылғы санақ

Қазақ АКСР-інде 6 530 528 адам мекендейтінін көрсетті [27, 6–17-б.]. Қазақ АКСР-індегі халық жас/жынысы жағынан, шамамен, 100 әйелге – 104,92 еркек, қалада 100 әйелге – 99,20 еркектен келген. Оның ішінде қазақтарда ауыл-село халқы құрамында еркектері басым болған: бір жасқа дейінгілер арасында – еркектер – 54 441, әйелдер – 49 611; 8–12 жас аралығында – 173 344 еркек, 152 566 әйел; 13–18 жас аралығында – 243 364 еркек, 185 943 әйел; 30–39 жас аралығында – 293 510 еркек, 265 247 әйел; 55–59 жас аралығында – 64 927 еркек, 47 306 әйел [28, 42-б.]. 1928 жылы 1 қаңтарда Қазақ АКСР қала халқының ішінде қазақтар төмендегідей болды: бір жасқа дейінгілер – 2 060 еркек, 1 355 әйел; ал 13–18 жас аралығында – 7 307 еркек, 3 524 әйел; 30–39 жас аралығындағы – 7 179 еркек, 4 816 әйел.

Қазақстанның қала халқының орналасуы әр түрлі болды. Қазақ АКСР қала халқының басым бөлігі еуропалықтар болды, дегенмен, түркі халықтары ішінен татарлар қала халқының 71,8%-ын құрады. Қазақтардың қала халқындағы үлесі – 13,9% және олар Адай мен Қарқаралы округтерінде шоғырлана орналасты. Фортта қазақтар қала халқының 70,2%-ын, Қарқаралыда – 73,4%-ын құрады. Қарақалпақстан қала халқының 30,7%-ы қарақалпақтардан, 22%-ы қазақтардан, 15,1%-ы өзбектерден тұрды. Семей, Ақтөбе қалаларында татарлар, қазақтар мекендеген. Ақмола, Алматы, Қызылорда округтері қалаларында қазақтар сан жағынан екінші орында, ал Алматы округінің қалаларында екінші орында таранчалар (ұйғырлар) тұрды. Сырдария округі қалаларында қала халқының орналасуында түркі халықтарынан өзбектер 44,4%, ал қазақтар 15,3% болды [29, 23-, 25-26-б.].

1926 жыл санағы бойынша, Қазақ АКСР-інде 20-дан астам ұлт өкілі мекендеген. Қазақ АКСР Мемлекеттік жоспарының ережесіне сәйкес, халықтың 70%-ы бір халық өкілдерінен құралса, онда бұндай әкімшілік бір ұлтты деп есептелген [29, 8-б.]. Бұл көзқарас тұрғысынан Адай (барлығы – 135 555, оның 131 476-сы қазақтар), Қарқаралы (барлығы – 183 089, оның 178 388-і қазақтар), Қызылорда (барлығы – 317 051, оның 276 483-і қазақтар), Гурьев (барлығы – 168 526, оның 138 656-сы қазақтар), Сырдария (барлығы – 885 280, оның – 643 763-і қазақтар), Орал (барлығы – 436 678, оның – 303 528-і қазақтар) округтері бірыңғай бір ұлтты болды. Бес мал шаруашылықты округ пен бір мал және егін шаруашылықты округ бірыңғай қазақтардан тұрды. Петропавл округіндегі 723 985 адамның 171 085-і қазақ болды. Қостанай (43,0%) және Павлодар (53,4%) округтерінде де қазақтар басым түсті. Қарақалпақ автономиялық облысында жергілікті ұлт өкілі – қарақалпақтар басым болды (барлығы – 304 541, оның 116 125-і қарақалпақ).

1928 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан түркі халықтарының сипаты төмендегідей болды: 57,7% қазақ, 3,5% өзбек, 1,9% қарақалпақ, 1,2% татар, 0,8% таранча, 0,2% қырғыз, 0,1% түрікмен [29, 10-11-б.]. Демек, 1928 жылдың соңында түркі халықтары Қазақстан халқының 65,4%-ын құраған.

3.1.3 Кеңес билігінің әлеуметтік-саяси, мәдени, экономикалық өзгерістері кезеңіндегі түркі халықтары (1926-1939)

1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағы халықты есепке алу жүйесінің дұрыс жолға қойылғанын дәлелдеді. Бірақ шаруаларға қарсы бағытталған кейінгі шаралар елдің демографиялық жағдайын қатты өзгертті. Халықты есепке алу жүйесі дағдарысқа ұшырады. Соңғы сенімді ақпаратқа 1931 жылдың жазындағы материалдарды ғана жатқызуға болады. Статистиктер үшін 1926 жылғы санақтан кейін басталған жаңа серпін ұзаққа созылмады, 1930 жылы «Статистика хабарламасы» және «Статистикалық шолу» журналдары, Орталық статистика басқармасы жабылып, орнына 1931 жылдың аяғында Мемлекет жоспарының құрамындағы Халық шаруашылығы есебінің Орталық басқармасы (ЦУНХУ) құрылды. Бірақ ол Орталық статистика басқармасындағыдай дербестікке ие бола алмады. Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру және көшпелі қоғамды отырықшылыққа күштеп көндіру, кулактарды кәмпескелеу науқанының салдарынан туу мен өлім-жітімді жүйелі есепке алу қиындады.

Халық шаруашылығы есебі Орталық басқармасы халық және денсаулық сақтау секторы меңгерушісінің В.В.Осинский, Минаев, Поповқа жазған ресми хатында былай делінген: «1929 жылға дейін халықтың ағымдағы есебі халықтың табиғи қозғалысы статистикасымен ғана шектелді. Халық есебін жүргізетін ұйымды елдің шаруашылық мүддесіне қарай қайта құру керек. Әсіресе мигранттардың есебін дұрыс жолға қою керек. Елде жүріп жатқан орасан қоныс аударуды дер кезінде есепке алу әрі соған байланысты партия мен үкіметтің қабылдаған шараларын көрсету – халықтың механикалық есебін жүргізудегі басты міндет болуы шарт. Соңғы кезде өлімнің көбейіп, табиғи өсімнің азаюы, яғни халықтың табиғи өсіміндегі өзгерістер бұған статистиканың назарын көбірек аударуды қажет етеді... [30]. Көптеген республикаларда (Орта Азия, Кавказ және РКФСР автономияларында) халықтың табиғи өсімі саласы ақ таңдақ күйінде қалған» [31].

КСРО Халық шаруашылығы есебі Орталық басқармасы басшыларына Халық және денсаулық сақтау бөлімі халық санағы аппаратын орталық пен жергілікті жерлерде нығайтуды бірнеше рет ұсынған. «Бұл бағытта, – деп жазылған жоғарыда көрсетілген жазбада, – біз орталықта нығыз халық санағы ортасын қалыптастырдық. Курман, Песчанский, Соколов, т.б. жаңа адамдарды жұмысқа тарттық. Миграция, ағымдағы есеп, т.б. мәселелерді шешу, әсіресе қалалық санақтағы ағымдағы есеп пен халық санағын жолға қоюға қажетті бетбұрыс керек болды» [32]. 1930-жылдардағы КСРО Халық шаруашылығы есебі Орталық басқармасы қызметкерлерінің халықтың ағымдағы есебін тәртіпке келтіруде нақты қызмет еткендерін жоғарыдағы мәліметтер көрсетіп отыр.

1928 жылғы Қазақстан халқының саны – 6 507 077 адам. Қазақстан Халық шаруашылығы есебі басқармасының мәліметтерінше, 1930–1936 жылдардағы Қазақстанның халқын (әр жылдың 1 маусымына сәйкес) төмендегіше сипаттауға болады: 1930 жылы – 5 873 000; 1931 жылы – 5 114 000; 1932 жылы – 3 227 000; 1933 жылы – 2 493 500; 1934 жылы – 2 681 500 адам; 1935 жылы – 2 926 000; 1936 жылы – 3 287 900 адам. Демек, 1928 жылдан Қазақстанда халық саны төмендей берген: 1928 жылғы 6 507 077 адамнан, 1936 жылы 3 287 900 адам ғана қалған. Айырмашылық – 3 219 177 адам.

Халықтың ең кему уақыты – 1932–1934 жылдар аралығы. Оның себебін Халық шаруашылығы есебі Орталық басқармасының Халық және денсаулық сақтау ісі бөлімінің бастығы Курманның 1937 жылғы 14 наурызда КСРО Мемлекеттік жоспары Халық шаруашылығы есебі Орталық басқармасының бастығы И.А.Кравальге жазған «Екі санақ аралығындағы (17.12.26. және 06.01.37.) халықтың табиғи қозғаласы туралы» баян хатынан байқауға болады: «1926 жылдың санақ деректері бойынша, КСРО халқы 147 млн.; 1937 жылдың санағынша – 162 млн. адам, яғни КСРО халқы екі санақ аралығында 15 миллионға өсті. Туу мен өлім-жетімді тіркеу мәліметтері бойынша, халықтың өсу қарқыны 21,3 миллион адам немесе 6,3 миллионға артық... әрине, егер он жылғы өлім-жітімді 40 миллион десек (1934 және 1936 жылдары шамамен 8 миллион), онда 7 жылдағы өлім-жітім 3,2 миллион немесе жылына орташа 4,5 миллионнан келеді, шамамен жылына 1 000 адамға 30 адамнан. Өлімнің бұндай коэффициенті КСРО жағдайында мүмкін емес, себебі ол еуропалық елдердегі өлімнен екі есе жоғары және Ресей империясы кезіндегі өлім-жітім көрсеткішімен сәйкес. Бұл сәйкессіздікті халықтың табиғи қозғалысынан ғана емес, сонымен қатар басқа деректерден де іздеу керек: 1) оған, біріншіден, осы

аралықта халықтың кейбір бөлігінің КСРО-дан шет жерге кетуі жатады. Қазақстан Халық шаруашылығы есебі басқармасының хабарынша (1.1.1927–1.1.1937 аралығындағы ҚазКСР халқы санын есептеу туралы түсіндірме жазбадан), КСРО-дан шетке кеткен адамның саны (қайтып келгендерді есептегенде) 1930–1932 жылдары 1,3 миллион адам. Қайтып келгендерді қосқанда, осы кезеңдегі КСРО-дан тысқары кеткендер, шамамен 2 миллион адам. КСРО бойынша Түрікмен, Қырғыз, Өзбек республикалары халқының санында орташадан жоғары өсу қарқыны бар, яғни КСРО-ның басқа аудандарынан осы аудандардағы жаңа құрылыстарға мигранттар ағылған; 2) алшақтықтың екінші себебін 1926 жылдың халық санағынан іздеу керек...» [33]. Демек, 1934 және 1936 жылдары КСРО бойынша, шамамен, 8 миллионға кем шыққан халықтың жоғын жоғарыда көрсетілген Қазақстан статистикасынан байқауға болады: Қазақстандағы 1931 жылғы 5 114 000 адамнан 1933 жылы 2 493 500 адам ғана қалған. Айырмашылық – 2 620 500 адам. Ал 1936 жылмен салыстырсақ, айырмашылық – 1 826 100 адам. 1937 жылғы Бүкілодақтық халық санағынша, КСРО-дағы қазақтың саны – 2 862 458 адам да, оның Қазақстандағысы – 2 181 520 қазақ. Демек, 1937 жылы Қазақстаннан тыс КСРО аумағында 680 938 қазақ өмір сүрген.

Бұл өте ауыр кезең, яғни жаңа экономикалық саясатқа, қала мен селодағы ауқатты адамдарға деген теріс көзқарас, ауыл шаруашылық тауарлылығының төмендеп, шаруашылықтардың ірілендіріліп, ұжымдастырылған уақыты. Ұжымдастырудың басталуымен жағдай өте қиындаған. Жаңа экономикалық саясаттың орнына азық-түлік салығы келіп, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, транспорт саласында еңбек өнімділігі төмендеген [34].

Зорлап ұжымдастырудан зардап шеккен көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың жағдайы жоспарлы отырықшыландыру барысында одан әрі шиеленісіп, мал басын дайындау ауылда «әскери коммунизм» кезіндегідей төтенше сипат алған [35].

Қазақстан МТС саяси секторлары деректері бойынша, Өлкелік комитеттің бұрынғы басшылығының жіберген қателіктерінен 1933 жылдың басында Қазақстанның ауыл шаруашылығы құлдырап кетті. Әсіресе 1932–1933 жылдардың қысы өте ауыр соқты. «Жаппай қоныс аудару, әсіресе қазақтардың арасындағы өлім-жітім, малды түгелге дерлік сойып алу, астықтың жоқтығы, мал азығының болмауы, қажетті дақылдың жетіспеуі салдарынан колхозшылар тау-тас, құм-шөлді жағалап, жабайы шөп тамырлары мен дәндерін теріп тентіреп, қалғандары аштықтан әлсіреп, аурудан жұмысқа жарамаған. Мысалы,

Ақтөбе облысында жұмыс істеп жатқан Мәскеулік Қызыл Крест өкілдері баяндамасында Торғай қазақтарының аштық пен эпидемияға ұшырағаны туралы жазылған. Торғай мен Бетпаққара аудандары жергілікті органдарының хабарлауынша, халықтың 20-30%-ы өлген, қалғаны көшіп кеткен. Шалқар ауданында және т.б. ауылдық кеңестерден 30-35% халықтың ауып кеткені белгілі болды. Жалпы осы аудандар құрамына кіретін Ақтөбе облысында облыстық атқару комитетінің төрағасы Иванов жолдастың Кеңестердің облыстық съезіндегі (1932 жылдың шілдесінде) баяндамасында көрсеткеніндей, 1930 жылғы облыстағы 1 012 500 адамнан 1932 жылы 725 800 адам ғана қалған.

Бірақ 1931–1934 жылдардағы үкімет орындарына жолданған телеграмма, көмек сұраған хаттардың бірде-бірінде «аштық» деген сөз кездеспейді, аштық және оның зардаптарымен күресу туралы арнайы үкімет органдары құрылмаған. «Индустрияландыру саясатын іске асыру жолында ұжымшарлардан астықтың тартылып алынуы, ұжымшар құрудағы өктемшілдік, әсіресе аштықтың болуы ақылға сымайды. 1932–1933 жылдардағы аштық сталиндік басшылықтың кеңес халқына қарсы жүргізген қылмысы деп бағалануы тиіс» [36, 65].

Т.Рысқұлов: «Қызылорда аудандық атқару комитеті төрағасының айтуынша, ауданның көптеген ауыл кеңестерінде небәрі 20% халық қалған. Балқаш ауданындағы (жергілікті ОГПУ-дің деректері бойынша) 60 мың халықтың 12 мыңы ауып, 30 мыңы қайтыс болған. Қаратал ауданында өткен қыста үш ауылды басқа жерге күштеп отырықшыландырудың нәтижесінде халықтың жартысына жуығы қырылған. Сол ауданда (жергілікті ОГПУ дерегі бойынша) желтоқсан айында және қаңтардың он күнінде (1933) 569 мың адам аштан өлген, осы уақытта Үштөбе станцасында, Қаратал құрылыс ауданында және күріш совхоздарында 300 адамның мүрдесі табылған. Шұбартау ауданында 1931 жылғы 5 300 шаруашылығынан, 1933 жылдың 1 қаңтарында 1 941 шаруашылық қалған. Қарқаралы ауданында 1932 жылдың мамырында 50 400 адам, ал қарашада 15 900 адам қалған, аудан орталықтарында да күніне 15-20 адамнан кеміп отырған (өлкелік атқару комитеті есебі). Қарағандыда өткен көктемде 1 500-ге жуық қазақ аштық пен эпидемиядан өлген. Сергиополь қаласында (Түрксіб) қаңтар айында 300-ге жуық адам өлген. Жоғарыда көрсетілген мәліметтер тек ресми деректерден алынды. Қазақ халқының кейбір жерде аз және кейбір жерде көптеп кемуі республиканың басқа да қазақ аудандарына тән болды. Өлім, әсіресе балалар арасында жиі», – деп жазған еді [37].

КСРО Халық комиссарлар кеңесі (ХКК) Мемлекеттік жоспарының төрағасы Вознесенский мен КСРО Мемлекеттік жоспары жанындағы Халық шаруашылығы есебінің орталық басқарма (ХШЕОБ) бастығы Саутиннің 1939 жылы сәуір айында БКП(б) ОК Сталинге және КСРО ХКК Молотовқа жазған құпия баянында: «Қазақстанның кейбір облыстарында халық анағұрлым азайған: Павлодар облысында 67,6%-ға, Қостанай облысында 76,9%-ға кеміген», – деп көрсетілген [38].

Жоғарыда айтқандардан шығатын қорытынды: аштықтан қазақ халқы қатты зардап шекті: 1930 ж. 313 мыңнан аса адам, 1931 ж. – 755 мың, 1932 ж. – 769 мыңнан аса адам опат болған. М.Қозыбаев пен М.Хасанаевтың есебінше, аштық пен эпидемиядан 1 750 мың адам, немесе селолық жердегі жалпы халықтың 40%-ы жойылған [39]. М.Тәтімовтың есебінше, Қазақстаннан шет аймақтарға көшке, қайтып оралмағандарды қосқанда (15%), қазақтардың жалпы санының кемуі 2 635 мың адам. Бірақ, – деп жазады автор, – бұл орташа көлем республиканың ірі аймақтарындағы процесс динамикасын көрсетпейді. Солтүстікте халық санының кемуі – 70%, Оңтүстікте – 50%, Батыста – 60%-ке жуық. Кейбір өте алыс аудандарда халықтың санының кемуі 80-90%-ке дейін барды, мал шаруашылығының құлдырауынан бұрынғы көшпелілердің аудандары елсіз аймаққа айналды.

Күштеп ұжымдастырудың демографиялық зардабы Ұлы Отан соғысындағы тікелей және жанама шығыннан алты еседей асып түскен. Халықтың ұдайы өсімін беретін – әйелдер мен ұдайы өсім арқылы халықтың орнын толтыратын – балалар зардап шеккен. 1930-жылдардағы қазақтың басына түскен нәубет XVIII ғасырдағы Ұлы жұт – ақтабан шұбырындымен салыстырғанда адам шығыны абсолютті түрде екі есе, салыстырмалы – 1,5 есеге асып түскен [40, 108-109].

Сонымен Қазақстан түркі халықтарының басты өкілі – қазақтардың шығыны қандай болды? 1926 жылы КСРО-да 3 968 мың қазақ, оның 3 628 мыңы республикада (Қарақалпақстанды есептемегенде) тұрды [41, 53], 10%-дан төмені шет жерде өмір сүрді. Х.Асылбеков пен Ә.Ғалиевтің есебінше, республикада шамамен 4 миллион адам, ал қала халқын қосқанда 4 100 мың адам тұруы тиіс болған. Оған республикадан тыс жерде тұрған 10% қазақты қоссақ, барлығы 4 510 мың адамға барады [42, 107]. Осы тұжырымын Ә.Ғали 1994 жылы қорғаған «Көпұлтты Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестер (1917-1991)» атты докторлық диссертациясында да жазады: 1926 жылғы 3 968 мың қазақтан (оның 3 627 мыңы Қазақстан аумағында, 10%-ға жуығы жалпы елде) 1934

жылы 2 900 мың қазақ қана қалған. ҚазКСР Халық шаруашылығы есебінің орталық басқармасының есебінше, 1933 жылы республикада қазақ 4 100 мың болуы тиіс әрі оған республикадан тыс аумақта өмір сүрген 10% қазақты қоссақ, онда КСРО бойынша 4 510 мың қазақ болуы керек-ті. Яғни 1934 жылы КСРО-да 2 900 мың қазақ десек, онда қазақтардың шығыны 1 610 мың адамға жеткен (аштан, аурудан, сырт кеткендерде қосқанда). Ал 1934-1939 жылдардағы сталинизмнің құрбаны 135 мың адам. Демек, 1939 жылы қазақтың саны 3 100 мың емес, 4 845 мың (ашаршылық болмаған жағдайда) болуы керек еді. Ол: «Сондықтан, біз, М.Қозыбаев, М.Тәтімов, Ж.Әбілғожин келтірген 1 700 мың адам шығынының дұрыс есептелгенін жанама түрде дәлелдедік», – деп тұжырымдайды [43].

М.Тәтімовтің есептеуінше, 1934 жылы елде 2 900 мың қазақ болса, онда қазақтардың кемуі 1 610 мың адам (аштықтан, аурудан өлгендерді және шетке кеткендерді қосқанда) [44, 53]. Бірақ бұл тек болжам. «Аштықтан және эпидемиядан өлген қазақтың шамасы 2 020 мың адам, немесе ұлттық трагедияға дейінгі республикадағы халық санының 49%-ы». Кемудің тағы бір себебі – ауа көшкендер – 616 мың адам. М.Тәтімовтың есебінше, 205 мың адам шет елдерге – Қытай, Ауғанстан, Моңғолия, Иран және Түркияға қоныс аударған.

Қазақстанда қазақтан басқа түркі халықтары құрамында да бірқатар өзгерістер болды: өзбектер, ұйғырлар, қырғыздар азайып, керісінше татарлар көбейген. 1939 жылдың санағы бойынша, өзбектер 129 401 адамнан 120 647-ге, ұйғырлар 63 432 адамнан 35 409-ға, қырғыздар 10 199 адамнан 5 033-ке, азайып, керісінше, татарлар 79 030 адамнан 108 127-ге, эзербайжандар* нөлден 12 996 адамға көбейген [45]. (*Ескерте кетсек, негізінде 1939 жылғы халық санағына дейін эзербайжандар ресми құжаттардың барлығында түркітер (тюрки) деген атаумен жүрді. 1937 жылғы халық санағында «түркітер» («тюрки») деп көрсетілген бұл халық кейін «түзетілген» 1939 жылғы халық санағында «эзербайжандар» деген атаумен енді).

Екі санақ аралығында, мысалы, Орталық Қазақстан халқының ұлттық құрамында орын алған өзгерістерді зерттеген Валерия Козинаның еңбегіне сүйенсек, онда қазақтар 1926 жылғы 280 317 (85,3%) адамнан 1939 жылы 136 541 (32,6%) адамға немесе 153 776-ға кеміген. Зерттеуші 1926 жылғы санақ 5% (294 333 адам) қазақты есепке алмаған жағдайда, 1939 жылғы санақ бойынша бұл өңірдегі кему 157 792 адам болды деп тұжырымдайды. Яғни өңірдегі қазақтардың үлес салмағы 32,6%-ға немесе 52,7 пунктке дейін қысқарған [46, 92-93]. Бұл өңірдегі басқа түркі халықтарынан өзбектер мен қырғыздар сан жағынан, мысалы, 1926 жылғы 124 өзбек пен 15

қырғыз 1939 жылы сол күйінде еш өзгеріссіз қалған. Бірақ, керісінше, бұл өңірде татарлар мен мордвалардың саны артқан: 1926 жылғы 712 татар 1939 жылы 5824 адамға, ал мордва 150 адамнан 3334-ке, яғни татар 8,2 есеге, ал мордва 22,2 есеге көбейген [46, 92-94]. Қазақстандағы қала халқының өсу қарқыны көші-қон нәтижесінде КСРО-дағы ең жоғарғысы болған. Қала халқын, негізінен, КСРО-ның басқа да аймақтарының селолық жерлерінен келгендер толтырған. Индустрияландыру нәтижесінде жаңадан Қарағанды, Қоңырат, т.б. қалалар пайда болып, ондағы халықтың құрамы да өзгерген. Осы жылдары орын алған қуатты көші-қон әсерінен Қарағанды қаласында орыстар 100 132 (60,4%) басым түсіп, керісінше, қазақтардың саны өте аз болған: 20 158 (12,6%) адам. Түркі халықтарынан санақ мәліметтерінде Қарағандыда тек татарлар тіркелген: 1,4% немесе 2 268 адам [46, 92-94]. Өзге бірін-саран түркі халықтарының өкілдері «басқа ұлттар» деген 12 932 (7,8%) санға қосылып кеткен. 1936-1938 жылдары Балқаш мыс қорыту зауыты құрылысына КСРО-ның барлық өңірінен, әсіресе РКФСР-дан мигранттар ағылған. 1939 жылғы 1 қазандағы «Балқашқұрылыс» кадр бөлімінің есебі бойынша, ұжымдағы 26 этностан тұрған 5 930 адамның ішінде ең көбі орыстар 3 572 (60,2) да, ал қазақтар – 1 291 (28%), татарлар – 114 (1,9%), мордвалар 182 (2,1%) адам шамасында болған. Жалпы 1936–1938 жылдары Балқаш құрылысына келген халықтардың ішінде түркі халықтарының үлесін төмендегідей көрсетуге болады: татарлар – 956 (4,4%), мордвалар – 470 (2,1%), өзбектер – 76 (0,4%), чуваштар – 54 (0,2%) башқұрттар – 40 (0,2%) [20, 94-95]. В.В.Козинаның есептеуінше, Орталық Қазақстанда 1926 жылғы санақ бойынша, халықтың 98,3%-ы қазақ әрі олар, негізінен, ауылдық жерлерде мекендеген. Ал 1939 жылғы санақта олардың ауылдағы саны 49,7%-ға (қаладағысы – 19,3%, ауылдағысы – 49,7%) [20, 97] әзер жеткен. Негізінде 1930-жылдары түркі халықтарынан қалаларда ғана татарлардың саны біршама жоғары болған: қалада – 66,6%, тиісінше ауылда 1,1% татар өмір сүрген [46, 98].

М.Тәтімов 1926–1939 жылдардағы екі санақ аралығындағы Қазақстан халқының кемуін 36,7% деп көрсетеді [47]. Ғалымның есебінше, демографиялық депопуляция шыңы – 1932 жылдың қыс айлары. 1933 жылғы бұндай жағдайға есеп жүргізілмеген [48, 47]. Бірақ миграция мәліметтері мұрағаттарда сақталған әрі қарастырылып отырған кезеңге 25–29 жастағы буынның жетіспейтінін көрсетеді [49, 86]. Қазақстандағы сан жағынан азайған халық мигранттар есебінен толығып әрі олардың негізін еңбекке жарамды еркектер құраған.

1937 жылы 6 қаңтарда жүргізілген Бүкілодақтық халық санағы қорытындылары халық санының ағымдағы есебінен төмен нәтижелерді берді. Сәйкессіздік, әсіресе, Қазақстан, Украина, Солтүстік Кавказ, яғни 1930-жылдардың басында ашаршылық өршіп тұрған өңірлерден байқалған. Санақ берген қорытындылар мен ағымдағы халық санының есебіндегі айырмашылық ашаршылық пен репрессияның нәтижелерін берді. Енді оны бұрмалауға, яғни санақтың дұрыс еместігін дәлелдеуге барынша күш салынды. И.Д.Верменичевтің (И.А.Краваль орнына жаңадан тағайындалған ХШЕОБ бастығы) бригадасы Қазақстан бойынша жүргізілген санақтың нақтылығын тексеруге кірісті. Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағатында осы бригаданың жұмысы туралы деректер қатары сақталған [50]. Онда 1926 жылғы санақпен салыстырғандағы ең аз халық санын берген, яғни 1937 жылғы санақ бойынша 655,9 мың адамды құраған 23 аудан таңдалған [51, 24]. Қанша шұқшия тексерілгенмен, бұл аудандардағы жетіспеушілік бар болғаны 0,99% ғана болған. Соған қарамастан алынған қорытындылар дәлелсіз бұрмаланған. 1940 жылдың 23 тамызындағы соңғы түзетулерден кейінгі КСРО-ның 170 557 093 адамының 6 154 816-сы (4 385 915-і – ауылда, 1 768 901-і – қалада) Қазақстанда тұрып, олар 14 облыс, 192 аудан, 31 қала, 60 кент және 2 664 ауылдық кеңесте орналасты [52].

Сонымен 1937 жылғы халық санағы бойынша, Қазақстандағы 5 126 676 адамның 2 181 520-сы қазақ, 92 096-сы татар, 5 024-і қырғыз, 109 978-і өзбек, 32 982-сі ұйғыр, 21 511-і мордва болған [24, 96]. Ал 1937 жылғы санақ жарамсыз деп табылғаннан кейін жүргізілген 1939 жылдың санағы бойынша қазақтар – 2 327 623 адам (37,84%), өзбектер – 120 655 адам (1,96%), татарлар – 108 127 адам, ұйғырлар – 35 409 адам (0,58%), әзербайжандар – 12 966 адам (0,21%), чуваштар – 6 590 адам (9,11%), қырғыздар – 5 033 адам (0,08%), сонымен қатар тағы басқаларға кірген 49 309 адамның ішінде құмықтар – 0,02%, талыштар – 0,01%, адыгейлер – 0,01% болған [53].

1939 жылдың санағы бойынша, Қазақстандағы қала халқының саны одақ көлеміндегі ең жоғары қарқынды көрсеткен. Қала халқының ұлттық құрамында қазақтар – 374 615, татарлар – 60 054, өзбектер – 37 095, ұйғырлар – 8 009, әзербайжандар – 2 510, чуваштар – 2 074, башқұрттар – 1 528, басқалар – 9 446 адам. «Басқаларға» түркі халықтарынан түріктер, құмықтар, т.б. кірген [54].

Сонымен біз 1900–1939 жылдардағы Қазақстан халқының демографиялық тарихына қысқаша шолу жасай отырып, басты назарды Қазақстан түркі халықтарының осы уақыт аралығындағы

санындағы, географиялық орналасуындағы өзгерістеріне, жас/жыныс құрамына аудардық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Салпагаров А. Численность населения тюркских государств и народов (комментарий) <http://real-alania.narod.ru/turkalan/1san/0bashi.htm>

2 Қазақстан халқы Ассамблеясы: жиырма жылдық тарих. – Алматы: «Қазақпарат», 2015. – 342 б.

3 «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.

4 Предварительные итоги Всероссийской сельскохозяйственной переписи 1916 г... Степной край. – Пг., 1917. Вып. 2. – С. 4-75; Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы 19 века – 1917 г.). – М.: Наука, 1986. – С. 180-18; Қазақстан халқы Ассамблеясы: жиырма жылдық тарих. – Алматы: «Қазақпарат», 2015. – 342 б.

5 Кан Г.К. Исторические корни единства народа Казахстана // Сборник лекций и материалов семинара-тренинга «Государственная этнополитика и регулирование этно-конфессиональных отношений в Казахстане». Выпуск 1. / Под общей ред. Е.Л. Тугжанова, Б.С. Абдраилова, А.К.Садвокасовой. – Астана: Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, 2012. – 245 с.

6 Энциклопедия «Айқап» / Бас редактор Р.Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 368 б.

7 Апашева С.А. Түркістан өлкесі: 1916 жылғы көтерілістің зардаптары // «Қазақстандық тарих ғылымының өзекті мәселелері мен даму болашағы» атты ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор М.-А.Х. Асылбектің 85 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 6 маусым 2014 жыл / құраст.: А.И. Құдайбергенова, А.С. Уалтаева, З.М. Төленова, т.б. – Алматы, 2014. – 484 б.

8 Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 264 с.

9 Махаева А.Ш. Жетісу: Уақытша үкімет тұсындағы саяси ахуал // II «Нүсіпбеков оқулары. Алматы қ., 22-26 желтоқсан 2014 ж. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2014. – 304 б.

10 Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 448 б.

11 Рыскулов Т. Собр. соч. в 3-х т. Т.2. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 384 с.

12 Образование КазАССР. Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1957.

13 Предварительные итоги переписи населения 28 августа 1920 года. Труды ЦСУ. Т. 1. Вып. 1–5. – М., 1921 Предварительные итоги переписи населения 28 августа 1920 года. Труды ЦСУ. Т. 1. Вып. 1–5. – М., 1921.

14 Предварительные итоги переписи населения 28 августа 1920 г. Труды ЦСУ. Т. 1. Вып. 2.

15 Стенографический отчет 2-Всекиргизской концеренции РКП(б). 19 – 27 февраля 1922 г. – Оренбург, 1922.

16 Обращение ЦК РКП(б) к продовольственникам. – Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 139-қ., 1-т., 37-іс, 10-п.; Сведения о голодающих губерниях КССР. – Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 139-қ., 1-т., 336-іс, 19-20-п.; КССР. Центральная комиссия по оказанию помощи голодающими населению при КирЦИК. – Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 139-қ., 1-т., 336-іс, 16–18-пп.; Краткий отчет о работе ЦК ПГ при КЦИК и положение голодающих губерний КССР за июль 1922 г. – Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 139-қ., 1-т., 336-іс.

17 Закрытые письма секретарей губкомов РКП(б) (Кустанайского, Акмолинского, Актюбинского, Оренбургского, Уральского, Букеевского, Семипалатинского). – Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 139-қ., 1-т., 363-іс, 63 п.; Протоколы, докладные комиссии помощи голодающим при КирЦик-е. – Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 139-қ., 1-т., 336-іс.

18 Мұстафа Шоқай. Қазақтардың аштыққа ұшырауы туралы. – 1920–1930 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық және Алаш азаматтары. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. 2015 жыл 27 мамыр. – Алматы: «Орхон» баспа үйі, 2015.

19 План работ ЦК ПомГол при КЦИК на 1922-1923 гг. – Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 139-қ., 1-т., 336-іс.

20 Сборник статистических сведений о движении населения, скота и урожаев в КазАССР с 1880 – 1922 гг. Таблицы. – Оренбург, 1925.

21 Статистико-экономический обзор КССР. – Оренбург, 1923.

22 Харламович К. Национальный состав КССР по переписи 1923 г. // Статистический вестник. 1924. №5.

23 V Всеказахская конференция РКП (б). Стен. отчет и резолюции. 1 – 7 декабря 1925 г. – Кзыл-Орда, 1925.

- 24 Рыскулов Т.Р. Казахстан. – М. – Л., 1927.
- 25 Справочник по административно-территориальному делению Казахстана (август 1920 – декабрь 1936). – Алма-Ата, 1959.
- 26 Обзор народного хозяйства Киргизской АССР. 1924. – С. 4-7; Обзор народного хозяйства Казахской АССР. – 1925.
- 27 Всесоюзная перепись населения 17 декабря 1926 года. Предварительные итоги. – Москва. ЦСУ СССР, 1927 г. – Вып. 3.
- 28 Материалы по районированию Казахстана. – Кызыл-Орда, 1928. Вкладная таблица.
- 29 Дониц А.Н. Народонаселение Казахстана. – Кызыл-Орда, 1928.
- 30 «Справочные таблицы о рождаемости, смертности, вступлении в брак и др. по областям, краям и союзным республикам за 1910-1935гг.» (РМЭМ. 1562-к., 20-т., 42-ис, 74-п.) не содержат данные по КазАССР, КирАССР, ЯкутАССР, Камчатка и Сахалина, Дальневосточного края, Дагестанской АССР, Чеченской и Ингушской автономной обл. Северо-Кавказского края; кроме того за 1930-1931 гг. отсутствуют данные по Средне-Волжскому краю и за 1933 г. Дальневосточного края; так же нет за этот период сведений о плодовитости женщин, детской смертности до 1 года и брачности по данным углубленного обследования рождаемости и детской смертности по всем группам по КазАССР (РМЭМ. 1562-к. 20-т., 42-ис, 105-п.).
- 31 РМЭМ. 1562-к., 1-т., 668-ис, 85-п.
- 32 РМЭМ. 1562-к., 1-т., 668-ис. 84-п.
- 33 Социс. – 1990. – № 6. – 22-23-б.
- 34 Партийная жизнь Казахстана. – 1990. – №6. – 89-б.
- 35 Итоги скотозаготовок за январь и февраль месяц; Итоги выполнения постановления декабрьского пленума ЦК и ЦКК о скотозаготовках и мясоотгрузках (проверка выполнения пост. Бюро Крайкома от 23/1). – Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 141-к., 1-т., 3820^а-ис, 6-7-п.; 51-54-п.
- 36 Данилов В.П. Коллективизация сельского хозяйства // Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстана: опыт и проблемы. – Алма-Ата, 1990.
- 37 Письмо Т.Рыскулова Сталину // ВИ. – 1989. – 69-71-б.; Казахстан коммунисті. – 1990. – №7. – 44-47-б.
- 38 Материалы к серии «Народы Советского Союза». – Социс. – 1990. – №6-8.
- 39 Егемен Қазақстан. – 24 тамыз 1993 жыл.
- 40 Татимов М. Демографические последствия перегибов в коллективизации: "Белые пятна" в исторической демографии Казахстана //

Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстана: опыт и проблемы. – Алма-Ата, 1990.

41 Тәтiмов М. Цифрлар шежіресі. – Алматы, 1968.

42 Асылбеков М., Галиев А. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917 – 1990). – Алма-Ата: Ғылым, 1991.

43 <http://cheloveknauka.com/sotsialno-demograficheskie-protsessy-v-mnogonatsionalnom-kazahstane-1917-1991-gg#ixzz4DoGuxw2s>

44 Татимов М. Рост народонаселения. – Алматы, 1975.

45 РМЭМ. 1562-қ., 336-т., 1-б., 264-іс, 12-п.

46 Козина В.В. Население Центрального Казахстана (конец XIX в. – 30-е годы XX в.). Книга первая. – Алматы: Өркениет, 2000. – 144 с.

47 Татимов М. Социальная обусловленность демографических процессов. – Алма-Ата, 1989.

48 Население Советского Союза. 1922 – 1991. – М.: Наука, 1993.

49 Максудов С. Потери населения СССР в годы коллективизации // Звенья. Исторический альманах. – М.: Прогресс, 1991. – Вып. 1.

50 ЦУНХУ Госплана СССР. Список районов, принятых бригадой в результате проверки проведения переписи населения. – Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 141-қ., 1-т., 13393-іс (Материалы по переписи населения).

51 Всесоюзная перепись населения 1937 г. Краткие итоги. – М., 1991.

52 РМЭМ. 1562-қ., 336-т., 1-б., 234-іс, 142-п.

53 РМЭМ. 1562-қ., 336-т., 1-б., 264-іс, 12-п.; 250-іс, 54-п.

54 РМЭМ. 1562-қ., 336-т., 1-б., 250-іс, 54-п.

3.2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ: ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ (1939-1959)

Құдайбергенова А.И.

3.2.1 Түркі халықтарының қалыптасуындағы көші-қон үдерістерінің орны

Халық құрамындағы өзгерістерді қарастырғанда әкімшілік-аумақтық өзгерістерді ескергеніміз жөн болады. Себебі халықтың көші-қоны, табиғи өсімі жайлы мәліметтер аумақтық өзгерулер кезінде ауысып көрінуі мүмкін. Қазақстанның әкімшілік-территориялық өзгерістеріне келсек, Қазақстанда губерния деген әкімшілік бірлік атауы 1927 ж. дейін сақталғанынан бастайық. 1928 ж. 3 қыркүйекте Бүкілодақтық Атқару комитетінде Қазақстанды аймақтық территориялық бөліктерге қайта бөлуді жүргізу мәселесі қаралып, 1930 ж. маусымына дейін округтік (13 округ: Орал, Гурьев, Адай, Ақтөбе, Қостанай, Қызылжар (Петропавл), Қызылорда, Павлодар, Семей, Қарқаралы, Алматы, Сырдария, Ақмола) әкімшілік бірліктер, 1930 ж. маусымнан 1932 ж. дейін аудандарға бөлу негізіндегі облыстық жүйе енгізілді [1]. Қазақ АКСР ОАК және Қазақ АКСР ХКК республикада территориялық-әкімшілік бірліктерді қайтадан бөлуге даярлыққа байланысты, 1930 ж. шілдеден бастап аудандарды құру, округтарды жою, қалаларға жақын орналасқан ауылдарды қосу, Қазақстан аудандарын нығайту және т.б. шараларына қатысты бірнеше шешімдер қабылдайды. Соның нәтижесінде округтар жойылып, республиканың орталық өкіметіне бағынатын аудандар нығайтылды. 1930 ж. 17 желтоқсандағы Қазақстан Орталық Атқару Комитеті Төралқасының «аудандарға бөлу» туралы шешіміне сай республикада 126 аудан құрылды [2]. Қазақ ОАК-нің 1932 жылғы ақпандағы екінші сессиясының шешімі бойынша Қазақстан аумағында алты облыс құрылды: Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстары. Шығыс Қазақстан, Алматы және Қарағанды облыстарынан берілген аудандардың негізінде 1934 жылы құрылған Қарқаралы округы 1936 жылы жойылып, Қарағанды облысына қосылады. 1936 жылы Қарағанды облысы екі облысқа: Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарына бөлінеді. Ақтөбе облысынан бөлініп, Қостанай облысы құрылады. 1938 ж. 15 қаңтарда Батыс Қазақстан облысы құрамынан Гурьев облысы бөлінді. Оның құрамында Теңіз, Бақсай, Мақат, Жилоқос, Испуль және Маңғыстау аудандары болды [3].

Сол жылы Қызылорда және Павлодар облыстары құрылады. 1939 ж. 14 қазанынан бастап Жамбыл, Семей және Ақмола облыстары өз алдарына бөлек облыс болып отау тікті. Осылайша 1939 жылы республикада 14 облыс болды.

1944 ж. 16 наурызында Көкшетау және Талдықорған қалалары жаңа облыстардың орталықтарына айналды [4]. 1939 ж. республикадағы 14 облыста 192 аудан болса, 1956 ж. дейін олардың саны 207-ге дейін көтерілді. Алайда, 1956-1959 жж. аралығында 16 аудан басқа аудандарға қосылып, 1959 ж. республикадағы 16 облыста 191 аудан есептелінді. Екі санақ кезінде Қазақстан халқы осындай өкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша есепке алынды.

Қазақстан халқының ішінде түркі халықтарын жеке алып қарастырарда ХХ ғ. басы мен ортасында тоталитарлық жүйенің қуғындауының арқасында түркішілдік идеясы мен түркі халықтарының дамуына деген саясат қудалаумен ерекшеленгенін айту керек. Түркішілдікке қарсы тойтарыс түркі халықтарының жақындасу идеясына да нұқсан келтірді. Түркішілдік идеяны ұстанған басшылар ғана емес, тұтастай түркі халықтары тепкіріш көре бастады. Тұтастай халықтар қуғын-сүргінге ұшырады. Кеңес дәуіріндегі түркі халықтарының тарихы осының куәсі деуге болады.

1939-1959 жж. ерекшелігі екі санақ арасында болып өткен Ұлы Отан соғысы, эвакуация мен реэвакуация, қуғын-сүргін, тұтастай халықтарды депортациялау, соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру, өндірістер мен қалалардың салынуы, тың және тыңайған жерлерді игеру, Қазақстанның Кеңес Одағының шикізат қорына және астықты алқабына айналуы және т.б. үдерістерінің арқасында адамдардың үлкен топтары ерікті және мәжбүрлі көші-қон айналымына тартылды. Екі санақ арасында Қазақстанда түркі халықтары өкілдерінің жаңа түрлері пайда болды.

Этностар туралы мәліметтер берілетін мағлұматтарда саны көп болғандары айтылып, қалғандары *тағы басқалар* деп берілетіні белгілі. Қазақстан туралы мәліметтерде де қазақтар, татарлар, өзбектер мен азербайжандар болмаса, қалған түркі этностары статистикалық мәліметтерде көрінбегенін айту керек. Бұл жылдары Қазақстан халқы санының қарқындап өсуі сырттан келгендер, негізінен, европалық этностар өкілдері есебінен болды. Сондықтан түркі халықтарын топтастыру кезінде салыстыру үшін басқа да этностарды қамтыдық.

1937 ж. республика халқы 1926 ж. салыстырғанда 1,3 есеге, соның ішінде қазақтар 1,7 есе, украиндар 1,6 есе, өзбектер 1,9 есе, қырғыздар 2,1 есе, басқа ұлт өкілдері 1,6 есеге кеміген. Ал, елге сырттан қоныстандыру саясатының пәрменді жүргізілуіне байланысты орыстар 1,5 есе, немістер 1,6 есе, татарлар 1,1 есе көбейген. Бұл санақ қуғын-сүргінге ұшырағаннан соң, 1939 ж. қайтадан халық санағы өткізілді.

1939 ж. санақта Қазақстанда 15 түркі этностары тіркелді: қазақтар - 2327625 (37,84%), өзбектер - 120655 (1,96 %), татарлар - 108127 (1,76

%) , ұйғырлар - 35409 (0,58%), азербайжандар- 12996 (0,21 %), чуваштар - 6590 (0,11 %), қырғыздар - 5033 (0,08 %), башқұрттар - 3450 (0,06%), түрікмендер – 3208 (0,05%), құмықтар – 1380 (0,02%), түріктер - 523 (0,01%), аварлар – 473 (0,01%), қарақалпақтар - 336 (0,01%), якуттар – 64 (0, 002%) - барлығы ресми түрде көрсетілгені 2625805 адам (42,9%) [5]. Одан бөлек т.б. дегеннің ішіндегі түркі халықтарының өкілдерін қосқанда Қазақстан халқының құрамындағы үлесі 43%-дай болды деп есептейміз.

1959 ж. қарай Қазақстандағы түркі халықтарына жататын этностар саны этникалық белгілеріне қарай тұтастай халықтарды жер аударуларға – депортациялардың нәтижесінде қарашайлармен, қырым татарларымен, гагауыздар, балкарлармен, қарайымдар, құмықтар, қырымшақтар, ахысқа түріктерімен және т.б. толықты. Соған қарамастан, республика халқының ішіндегі түркі этностары 1959 ж. Қазақстан халқының 35 пайызын ғана құрады. Себебі осы екі санақ арасындағы ел халқының сандық динамикасына әсер еткен ірі көші-қондар: соғыс алдында Қазақстанның тыңайған жерлерін игеруге байланысты; мобилизация мен демобилизацияға; халықтарды эвакуациялау мен реэвакуациялауға; еңбек армиясының қатарын толықтыруға; соғыс тұтқындарына қатысты, тың және тыңайған жерлерді игеруге, өндіріс орындарын салуға арналған және т.б. көші-қондар кезінде келген европалық этнос өкілдерінің өсімі ерекше ауқымды болды.

1930 жж. Қазақстанның солтүстігіндегі құнарлы жерлерін игеру мәселесі партияның, КСРО Халық комиссарлар кеңесінің арнайы қаулыларында қарастырыла бастады. Жұмыс қолының жетіспеушілігіне байланысты елдің солтүстік-шығысындағы алты облыстың тың жерлерін пайдалану көзделді. Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік-Қазақстан және Семей облыстарында 1940 ж. 1 қаңтарына қарай әрбір шаруашылықта шабындыққа жарамды орта есеппен алғандағы 45 гектардың 17,4 гектары ғана пайдалануда, тіпті, Павлодар облысында 72,7 гектар жердің 16,4 гектары ғана игерілуде деп есептеліп, КСРО-ның орталық аймақтарында шамадан тыс жиналған жұмыс қолын Қазақстанға көшіру жұмыстары басталып кетті. Қазақстанға КСРО-ның басқа аймақтарынан 25900 шаруашылықты көшіру ойластырылды. 1940 ж. Украинадан, Белоруссиядан, негізгі көпшілігі Ресейдің Воронеж, Курск, Рязан облыстары мен Татарстан (917 адам), Чувашия (876 адам), Мордва (519 адам) автономиялы республикаларынан мемлекеттік жоспар бойынша 19264, өз бетімен 10977, барлығы 30241 шаруашылық көшіріліп, Қазақстанның 90 ауданындағы 1462

ұжымшарға орналастырылды [ҚР ПМ. 708-қор, 4/1-тізбе, 1160-іс. 1, 9, 10, 16 пп.]. Олардың 5955-сі қайта көшіп кеткенімен, негізгі бөлігі қазақ жерінде тұрақтап қалды. 1940 ж. 1 желтоқсанына қарай республиканың колхоздарына 22833 шаруашылық қоныс аударды.

Соғыс алдындағы жылдары Қазақстанның оңтүстігіндегі Мырзашөлді игеру жұмысы да қолға алынды. Айта кету керек, бұндай жоспарды патшалы Ресей де жүзеге асырмақшы болған. Патшалық билік Қазақстан бірқатар жерлерін ауыл шаруашылық шикізаттарын өндіру алқаптарына айналдыруды көздеп, 1892 ж. Мырзашөлді игеруді өлкенің агроәдениетін дамытудың, ең бастысы лек-легімен қоныстанып жатқан орыс, украин шаруаларын орналастыру мен жермен қамтамасыз етудің бір шарасы ретінде қарастырған болатын [6]. 1930-жж. бұл шараны кеңес өкіметі жүзеге асыра бастады. Ұлы Отан соғыс қарсаңында Мырзашөлді игеру үшін одақтас республикалардан халықты жоспарлы түрде көшіру жүргізілді. Сонымен бірге, республиканың басқа аймақтарынан тұтастай шаруашылықтар Қазақстанға көшіріле бастады. Мысалы, 1940 ж. ақпан айында бір ғана Оңтүстік Қазақстан облысының өз ішінен Мырзашөлге 52 ұжымшардан 2500 шаруашылық көшірілді [7]. Осы жылдары Мырзашөлге Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Башқұртстан, Татарстан және Ресейдің басқа аймақтарынан келгендер туралы мәлімет бар [8].

Ұлы Отан соғысы басталысымен әскер қатарына *жаппай шақыру* мен *эвакуациялау басталды*. 1941 ж. 24 маусымда БК(б)П мен КСРО ХКК-нің қаулысы бойынша КСРО байланыс жолдары Халық комиссары Л.М. Кагановичтің басшылығымен эвакуация жөніндегі Кеңес құрылды. 1941 ж. 3 шілдесінде бұл Кеңеске Н.М. Шверник төраға болды. КСРО бойынша эвакуация мәселесімен 2757 адам айналысты. Соғыс жағдайына байланысты 2 рет жүргізілген жаппай эвакуациялар нәтижесінде 1943 ж. басына дейін Қазақстанға 312 өнеркәсіп орындарымен бірге 518,0 мыңнан аса адам келді. Олардың негізгі көпшілігі Украинадан, Ресейдің Москва, Ленинград және т.б. облыстарынан еді. Эвакуацияланғандар ішінде де түрік этностарының өкілдері кездесті. Мысалы, 1941 ж. 30 қазан айына дейін 32 елді мекеннен эвакуацияланған 161323 адамның ішінде 2 қазақ, 1 өзбек, 5 татар және т.б. болғаны айтылады.

Эвакуацияланып келген өндіріс орындары Қазақстанда жұмыстарын жылдам жалғастырып кетті. 1934 ж. алғашқы қорғасының берген Шымкент заводында 1941 ж. соңынан бастап эвакуацияланғандар да еңбек етті: 1027 адамның 64,8% - орыс, 3,8% - қазақ; 8,5% - өзбек, қалған ұлттар 22,9% болды. Сол сияқты,

Ақмоладағы Қазақ ауыл машинасы заводы жұмысшыларының ішінде 1944 жыл 1 қаңтарында: қазақтар – 49,5%, өзбектер – 15,0% болған екен.

Жалпы, 1943 ж. жазына дейін Қазақстанға барлығы 532506 адам эвакуацияланды. Кеңестік жерлер неміс басқыншыларынан босатылған сайын, эвакуацияланғандар өз еліне қайта бастады. 1943-1944 жж. және 1945 ж. 5 айында Қазақстаннан 405149 адам, 1946 ж. тағы да 28105 адам еліне қайтты [9].

Соғыс жылдарында Қазақстан қалаларымен көші-қон айырымында Ресей 199,1 мың адамға оң көрсеткішті көрсетті. Украинамен көші-қон айырбасы 82,4 мың, Белоруссиямен 9,2 мың, Азербайжанмен 1,7 мың, Грузиямен 1,0 мың, Түркменстанмен 2,4 мың, Өзбекстанмен 9,3 мың, Балтық бойы республикаларымен 1,7 мың және т.б. барлығы КСРО республикаларымен көші-қон айырымы 315 мың адамдық оң айырымды көрсетті [10]. Республикада тұрақтап қалғандар саны өсті.

Қазақстандағы түркі халықтарының саны мен түрінің өсуіне әкелген басты себеп халықтарды *этникалық белгісіне қарай жер аударулар – депортациялар* болды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында тұтастай халықтарды жер аударулар кезінде қазақ жеріндегі Кавказ, Қиыр Шығыс, тау халықтары өкілдерінің түрлері мен саны өсті. Қазақстанға халықтарды жер аудару Кеңес өкіметінің ұзақ уақыт жүзеге асырған қуғын-сүргінінің құрамдас бөлігі болды. Тоталитарлық жүйе кезіндегі тұтастай халықтарды жер аударулар әкімшілік жолмен, мәжбүрлеу арқылы жүзеге асты. Қазақстанға алғаш депортацияланған 1936 ж. Батыс Украинаның шекаралық бөлігіндегі поляктар мен немістерді [11, с. 69-70], 1937 ж. Азербайжан мен Армения курдтарын, сол жылы – Қиыр Шығыстан жер аударылған 180 мың корейліктерді айтып кеткеніміз жөн болар. Депортацияланған халықтардың тағдыры ұқсас болғандықтан, түркі халықтарымен бірге тарихи әділдік үшін басқа да этнос өкілдерінің мәліметтерін көрсетпеуді дұрыс емес деп есептеп, қоса беріп отырмыз – АИҚ.

Түркі халықтарынан 1943 ж. қазанынан 1944 ж. мамырына дейін Қазақстанға қарашайлар, ингуштер, қырым татарлары (1944 ж. 18 мамыр), балқарлар және т.б. жер аударылды. 1942-1943 жж. немістер қол астында болған қарашайларға: тәуелсіз ұлттық басқару жүйесін қалпына келтіру, діни бостандықпен бірге барлық бағытта халыққа толық еркіндік беру, колхоздар орнына жекеменшік жүйесін енгізу; екіге ажыраған қарашай-балқар халқын қайтадан біріктіру секілді уәде берген еді. 1943 ж. немістермен тіл табысты деген қарашайлар

депортацияланды [11, 390-392]. «Эльбрусты қорғай алмады және қарашайлармен біріккісі келді» деген желеумен балкарлар жер аударылды. Орындарына кабардиндерді көшірді [11, 475-477]. Айта кету керек, көп ұзамай кабардиндер де тұтастай болмағанымен, жер аударылды [111, 492].

Қырым татарларына тағылған айып салдарынан 1944 жыл мамыр-маусымында 191014 қырым татарлары, олардан бірге 12422 қырымдық болгар, 15040 грек, 9621 армян, 1119 неміс, сондай-ақ, 3652 шетелдік азаматтар жер аударылды [11, 492]. Бұлар Өзбекстанға, Башқұрт АКСР-не, Марий АКСР-не, Кемеров, Молотов, Свердлов, Киров облыстарына және Қазақстанның Гурьев облысына орналастырылды.

1944 ж. бастап Грузиядан курдтар, хемшидтер, азербайжандар көшірілді: а) 1943 ж. күзінде қарашайлықтар – 11711 отбасы, 45529 адам; ә) 1944 ж. көктемінде шешен-ингуштер – 89901 отбасы, 406375 адам; б) балкарлықтар 4660 отбасы – 21150 адам, Қырымнан 1268 отбасы, 4501 адам, 1944 ж. күзінде Грузиядан – 6296 отбасы, 27657 адам – барлығы 114484 отбасы – 507480 адам көшірілді [12]. Соның ішінде 1944 ж. қараша айында Грузиядан сатқындық жасауы мүмкін деген желеумен түрік-ахыскалар Орталық Азияға жер аударылды.

1944 ж. 15-17 қараша аралығында Грузияның Ахалцих, Адыген, Аспиндз, Ахалкалак және Богданов аудандарынан месхет түріктері деп атаған ахыска түріктерін жинай бастайды. 17 қараша күні бір машинаға 7-8 отбасыдан, 1 вагонға 20-25 отбасыдан 81324 адам тиелген 25 эшелон Грузиядан жөнелтіледі. Әр түрлі деректер сол үш күн ішінде 90-нан 116 тіпті 125 мыңдай адам түріктер, хемшинтер және күрдтер жөнелтілді дейді. Ай бойы товарлы поезбен қақаған қыста Орта Азияға қарай жер аударылған түріктер Өзбекстан, Қазақстан және Қырғыз республикаларына бөлініп түсіріледі [11, 528-533]. Сатқындық жасады деген адамдардың жанұяларын оқшау орналастырды.

Соғыстан кейінгі жылдары республикаға тәжік, қырғыз, өзбектерден шыққан «басмашылар» жер аударылды.

1949 ж. «Қара теңіз жағалауы мен Кавказдағы Грузин КСР, Армян КСР мен Азербайжан КСР-ларын саяси сенімсіз элементтерден тазарту» үшін жүргізілген шаралар нәтижесінде түріктер мен гректер тағы депортацияланады. Олар Ресейдің Алтай өлкесіне, Томбы облысына және Қазақстанның Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарына жіберілді [11, 670-675].

Қазақстан территориясындағы арнайы қоныстандырылғандар саны 1953 ж. басталған «жылымық» жылдарына дейін тез өсіп, көбейіп отырды. Мысалы, 1946 ж. 1 қаңтарында Қазақстанда 197272 отбасы,

726051 адам арнайы қоныстанушы тіркелсе, сол жылдың қазанында олардың саны 890698 адам деп есептелінді [13].

1947 ж. 1 қаңтарда Қазақстандағы арнайы қоныстанушылардың ұлттық құрамы төмендегідей болды: 82650 отбасы немесе 317375 адам шешен және ингуштар, 4924 отбасы немесе 17269 адам балкарлар, 9450 отбасы немесе 34387 адам қарашайлар, 752 отбасы немесе 1937 адам қалмақтар, 6835 отбасы немесе 27256 адам Грузиядан, 1431 отбасы немесе 227 адам бұрынғы Қырым АКСР-нен барлығы 402451 адам немесе 106092 отбасы. Олар республиканың 151 ауданы мен 16 қаласындағы 3239 ұжымшарда 57515 отбасы (1946 ж. 60679 отбасы): 215 кеңшарда 961 отбасы (1946 ж. 10673 отбасы): 2008 мекемеде 38959 отбасы (1946 ж. 35940 отбасы) орнастырылды.

Жер аударылғандарды арзан жұмыс қолы ретінде пайдаланғаны белгілі. Олар халық шаруашылығының әр түрлі саласында Қоныс аудару басқармасы мен жергілікті партия-кеңес органдарының бақылауымен еңбек етті. 1947 ж. депортацияланғандар: ұжымшарларда еңбекке жарамды 91136 адамның 81455-і; кеңшарларда 16115 адамның 14800-і; мекемелерде 63144 адамның 55039-ы – барлығы 170395 еңбекке жарамды адамның 151374 – оған 15133 жасөспірім мен 5165 қарт кісілерді қоссақ, барлығы 171672 арнайы қоныстанушы еңбектенді. Арнайы қоныстанушылар көптеген жерлерде шынайы стахановтық еңбек әдісін көрсетіп, Отанға адал екендігін дәлелдеп отырды. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысында 1200 адам жоғарғы көрсеткішті стахановшылар деп аталды. Мыс, Березовск руднигінің бұрғышысы С.Буркаев сменалық тапсырмасын 1500-2000 процентке орындап отырды: ұжымшаршылар – Гутаев, Азимов, Алауди, Бисұлтанов, Базаев т.б. жылына 700-800 еңбеккүнге дейін орындап отырды. Солтүстік Қазақстан облысы, Пресковск ауданының комбайншысы А.Ходжаевқа 5 рет жоғарғы көрсеткіштері үшін сыйлық берілген. Жамбыл облысының ұжымшарларында 3045 адам сыйлықтарға ұсынылған. Мұндай мысалдар әр облыста кездеседі.

Арнайы қоныстанушылардың білім дәрежесі туралы сөз қозғайтын болсақ, 1947 ж. 1 қаңтарында республикада тіркелген 95633 оқу жасындағы балалардың 31946-ғана мектептерде оқыды. Мектеп жасына дейінгі балалардың 107969-нан 11486-ғана балалар мен сәбилер бақшасымен қамтамасыз етілді. 1947 ж. 5480 панасыз балалар тіркелді. Оқу жасындағы балалардың мектепке бармауының басты себебі сыртқы және аяқ киімдердің жетіспеушілігі болып табылды. Мыс: 1946-1947 оқу жылының басында Қостанай облысында арнайы қоныстанушылардың 6571 баласы мектепке барса, қыс кезінде олардың саны 2207-ге кеміген; Солтүстік Қазақстан облысында 5063

баланың 2900-і мектепке барса, қыс кезінде 1615-ке дейін кеміген. Сонымен бірге Солтүстік Кавказдан көшірілгендер діни сенімге байланысты балаларының қазақ не орыс тілінде оқуына тыйым салған. 1946 ж. бастауыш мектептерде 31946 адам, ФЗУ-ларда 6000 адам оқыды (1945 ж. барлығы 17900 бала оқыды).

Депортацияланған арнайы қоныстанушылардың балалары 16 жасқа дейін отбасылық есепте тіркелсе, 16 жастан бастап жеке есепке алынып отырылды. Бұл ереже неміс, солтүстік кавказ ұлт өкілдері, қырымдықтар, қалмақтар, түрік-ахыскалар балаларына қатысты болды. 1940-жылдардың соңына қарай арнайы қоныстанушылардың құқықтық жағдайлары ауырлай түсті. 1948 ж. 26 қарашада КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы «Отан соғысы кезінде Кеңес Одағының түпкір аудандарынан қашқан жағдайдағы қылмыстық жауапкершілігі туралы «Қаулы» қабылдады. Бұл қаулы бойынша арнайы көшірілгендерден: «Мен... 1948 ж. 26 қараша күнгі КСРО Жоғарғы Кеңесі Қаулысымен таныстым. Ол бойынша, бұрынғы тұрған жеріме қайту құқығынан айырылып, арнайы қоныста мәңгі қалғандығымды: бұл жерден өз бетіммен кеткен жағдайда 20 жылға каторгаға кесілетіндігімді түсіндім», - деген қолхат алынды. Қолхат соңына арнайы қоныстанушы мен ПМ қызметкерлерінің қолдары қойылды. 1949 ж. маусым айында күшіне енген ПМ арнайы комендатуралары комендаттарына арнайы қоныстанушылармен жұмыс істеу нұсқауында: «Арнайы қоныстардағы неміс, қарашай, шешен, ингуш, балқар, қалмақ, қырым татарлары мен қырым армяндары, түрік, күрд және хемшил ұлттарының өкілдері және 1949 ж. Балтық бойынан көшірілгендер (эстон, латыш және литвалықтар), арнайы жер аударылғандар болып есептелінді» – деп көрсеткен.

Арнайы қоныстанушылардың жағдайы өте ауыр болды, үй, азық-түлік жетіспеді, мыңдаған адамдар жолда өлсе, мыңдағаны аштық пен аурудан өлді. ПХК-ның арнайы қоныстанушылар бөлімінің мәліметтері бойынша, арнайы қоныстандырылған шешен, ингуш, балқар және қарашайлардан 1944-1948 жж. арасында 144704 адам (23,1%) өлген, соның ішінде, Қазақстанда өлгені 101036 адам [14].

Соғыстан кейін арнайы қоныстанушылар әр түрлі себептермен ерікті адамдар қатарына босатыла бастады. Мысалы, 1946 ж. Қазақстаннан басқа республикаларға 28105 адам жіберілсе, Польшаға Қазақстан территориясында тұрған 40 мың поляк қайтарылды. Бұрынғы «кулактар» деп аталған арнайы қоныстанушылар контингентінен республикада 1947 ж. 1 сәуірінде 122346 адам тіркелсе, 1 шілдеде 120982 адамға азайып, сол жылдың қазан айында түгелдей босатылды [15]. 1949-1952 жж. да арнайы

қоныстанушыларды босату процесі жүріп жатты. Алайда, бұл процесс олардың санының кемуіне әкелмеді, керісінше арнайы қоныстанғандар: а) 1946-1952 ж.ж. Балтық бойынан, Батыс Украинадан, Қара теңіз жағалауынан, Грузиядан жер аударылғандар; ә) 1950-жылдардың басында арнайы қоныстанушылар статусына енгізілген жер аударылғандар; б) табиғи өсім есебінен де көбейіп отырды.

Қоныс аударушылар ішінде этникалық белгісіне орай қудаланғаннан кейін болашақ ұрпақтары үшін ұлтын, тегін ауыстыруға да тырысқандары болды. Мысалы, түрік-мешхеттер деп аталынған түріктердің бірқатары азербайжан немесе грузин деп жазылуға мәжбүр болған екен. Айта кету керек, Қазақстандағы түріктер өздерін мешхет атауымен байланыстырғанын намыс көреді. *Ахысқа түріктеріміз* деп өздерінің тарихи этникалық атауымен атауды дұрыс деп есептейді. Ал, Мешхетия-Джавахетия Грузиядағы географиялық атау. Тіпті ол жер түрік-ахысқалардың Грузиядағы орналасқан жерін толықтай қамтымайды да. Қазақстандық түріктер өздеріне «мешхеттер» деген атаудың қосылуын кеңестік биліктің түрік халқын ұлт есебінде жою мақсатында таққан шарасының бірі деп қабылдайды.

Күштеп жер аударылғандардың ешқайда кетуге еркі болмады. КСРО Жоғары Кеңесі Төралқасының 1948 ж. 26 қарашадағы «Ұлы Отан соғысы кезінде Кеңес Одағы Жоғары Кеңесі белгілеген шалғай аудандарға міндетті түрде қоныс аударылған шешендердің, қарашайлардың, ингуштардың, балқарлардың, қалмақтардың, немістердің, қырым татарларының барған жерлерінде тұру мерзімі көрсетілмеген, сондықтан, олар сол жерден енді қайтпай, онда тұрақты тұратын болады» делінген.

Сол сияқты Кеңес Одағы мемлекеттік қауіпсіздік Министрлігінің 1951 ж. 24 қазандағы № 00 776 бұйрығында көрсетілгендей Кеңес Одағы Жоғары Кеңесі Төралқасының 1951 ж. 9 қазандағы нұсқауы бойынша күштеп көшірілгендердің, яғни неміс, шешен, қалмақ, қарашай, түрік, қалмақ, грек, қырым татарлары және басқаларының көшірту нәтижесінде қоныстанған жерлерінде мәңгілікке қалдырылатыны, сондай-ақ, күштеп көшірілгендердің жұмыс істейтіндері кәсіпорын құрылысы аяқталғанға дейін, одан кейін де басқа да осындай жұмыстарға қолданылатындығы ашық айтылған [16]. Сөйтіп, кеңестік әміршіл-әкімшіл басшылар қатаң саясат жүргізіп, оларды ПХК-ның қызметкерлеріне үнемі бақылауда ұстауын тапсырған. Олардың жекелеген адамдары немесе топтары белгіленген жерден кетуге әрекеттенетін болса, ондай адамдарды 5 жылдық мерзімге бас бостандығынан айыратын өрескел де қатал қадамдарға

барған.

Арнайы қоныстанушылардың еңбек біліктілігін жоғарылату шаралары да жүргізіліп отырды. 1946 ж. барлығы 5299 адам әр түрлі мамандықтарға оқытылды: 588 адам – тракторист, 143 адам – жүргізуші, 186 адам – комбайншы, 81 адам – ұсталық, 122 адам – слесарлық, 26 адам – бұрғышы, 178 адам – металл пісіруші, сонымен бірге от жағушы, тігінші, тоқымашы, тері илеуші т.б. мамандықтарына оқытылды. Нәтижесінде өндіріс қажетті мамандармен толықтырылып отырды.

Соғыстан кейінгі кезеңде де халықтың тұрмыс дәрежесінің өте төмен болғаны белгілі. Сол себепті, үкімет тарапынан олардың материалдық және тұрмыстық дәрежесін көтеру шаралары жасалып отырды. Мысалы, арнайы қоныс аударушылардың тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мақсатында 1946 ж. 40 миллион сом ақша бөлінді. Алайда, іс қағаздарын реттеуде орын алатын бюрократтық былық заемшылардың несиені алуын қиындатып отырды. Тұрғын үй құрылысы үшін берілетін 5000 сом несиені алу үшін арнайы қоныс аударушы міндетті түрде: ПМ комендатурасынан анықтама, өзінің кепілдемелік міндеттемесі, ұжымшар, кеңшар немесе мекемеден арнайы қоныс аударушының дер уақытында несиені төлейтіндігі туралы кепілдемесі, атқару комитетінен несиені алуға рұқсаты және ұжымшардан несиені алушының нақты еңбеккүні бар екендігін анықтайтын анықтама әкелуі керек болды. Жинауға тиісті қағаздардың алуан түрлілігі мен несиені беретін Ауыл шаруашылық банкінің көптеген ұжымшар мен кеңшарлардан 70-80 км қашықтықта орналасуы да бірнеше нәтижесіз жүгірістерден соң арнайы қоныс аударушылардың несиені алу үміттерін үзетін. Несиені алу қиындығы Олардың жеке мүліктерін сатуға мәжбүр етті. Мұның өзі кезінде өмір сүруге қажетті мүлік-заттарын алып та үлгермеген халықтың күн көрісін қиындатты. 1947 ж. 1 қаңтарында арнайы қоныстанушылардың 10359 отбасы тығыздалған үйлерде, 1865 отбасы жартылай жеркепелерде тұрды.

Қазақстанға депортацияланғандар саны жыл сайын өзгеріп отырды. Мысалы: 1949 ж. 1 қаңтарында Қазақстанда 820165 арнайы қоныстанушы, соның ішінде 393537 неміс, 302528 шешен және ингуштер, 33088 қарашай, 29497 грузин, 5466 қырымдық, 2042 қалмақ, 854 «власовшылар» т.б. есепке тіркелсе, 1952 ж. 1 шілдедегі есепте 974469, жарты жылға жуық уақытқа жетер жетпесте, 1953 ж. 1 қаңтарында 988373 адам есептелінді. (Бұл КСРО бойынша арнайы қоныс аударылған 2753,4 мың адамның 36,9%-ы).

1953 ж. Сталин қайтыс болғаннан кейін «жылылық» жылдары

арнайы қоныстанушылардың әр түрлі контингенттері өкімет жарлықтарына сәйкес жаппай босатыла бастады. Ұлы Отан соғысы жылдарында жер аударылған қарашайлар, балкарлар, кейіннен азаттық алған кезде өз автономияларын қалпына келтіре алды. Ал, қырым татарлары арнайы қоныстардан азат етіліп қана қойды. 1956 жылы ахысқа түріктері ақталды. Бірақ Грузиядағы мекендеріне басқа адамдарды қоныстандырғандықтан, түріктердің туған жерлеріне қайтуы мүмкін болмай, негізгі көпшілігі Қазақстанда қалып қойды.

1959 ж. 1 қаңтарында Қостанай облысында – 925, Қарағанды облысында – 296, Солтүстік Қазақстан облысында – 5, Ақмола облысында – 4, Жамбыл облысында – 2 жер аударылғандар есепте тұрды. Депортацияланғандарды босату шарасы 1960 ж. 7 қаңтардағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының «Арнайы қоныстанғандардың кейбір категорияларынан шектеулерді алу» туралы қаулысы негізінде де жүрді. Жалпы алғанда, 1937-1960 жж. аралығында Қазақстанды 1109 мыңнан аса депортацияланған халықтар мекен етті.

Сонымен, қуғын-сүргін, халықтарды этникалық белгісіне қарай жер аудару секілді қудалау шаралары, республика европалық этнос өкілдерінің көптеп келуі мен басқару, сауаттандыру мен білім беру, іс қағаздарын жүргізу және т.б салаларда ұлттық ерекшелікке мән бермей шектеу түркілік ерекшеліктерді жоюда, түркі халықтарын бөлшектеп жіберуде нәтижелі болды.

Түркі халықтарының қатарын толықтырған тағы бір көші-қон Қытайдан келген «кеңес азаматтары» деп аталған көші-қоншылардың 1955-1963 жж. арасындағы елге оралуы болды. Республика құрамындағы үлесі 4%-ға дейін жеткен негізгі бөлігі қазақтардан, содан кейін ұйғырлар мен орыстардан да тұрған бұл көш қазақтардың туған отанына қайта оралуының ірі шарасы болды.

Қытайдан көшіп келушілер жаңа кеңшарлардың құрылуы есебінен 1954 ж. дейін халқы кемуде болған Жамбыл, Семей, Талдықорған облыстарында ауыл халқының санын өсірді. Мысалы: Семей облысына Қытайдан 4,2 мың, Жамбыл облысына 1,5 мың адам келді. Жамбыл облысының игерілмеген жерлерінен 9, Талдықорған облысынан 3 кеңшар ашылды. Шығыс Қазақстан облысына да Қытайдан көшіп келушілер болды, алайда, ауылдық жерлердің (Бұлақ, Белогор және т.б.) қалалық поселкелерге айналуы ауыл халқының санын азайтты. Атырау мен Қызылорда облыстарында партия және комсомол ұйымдарының жолдамаларымен мамандардың бірқатар бөлігі жоспарлы түрде қаладан ауылға көшірілді, сондай-ақ, Қызылорда облысына Қытайдан келгендер орналасты, бірақ, ұжымшаршылардың бұл жерлерден көптеп көшіп кетулері бұл

облыстардағы механикалық өсімде кері айырымның орын алуына әкелді.

3.2.2 Түркі халықтарының жалпы саны мен орналасуы

1939-1959 жж. арасындағы Қазақстан халқының құрамындағы өзгерістерді бірнеше ішкі кезеңдерге бөлеміз:

1. 1939 ж. санақ пен Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейінгі (1939 ж. -1946 ж. 1 қаңтар) аралық. Бұл кезеңде республика халқы 217,2 мың адамға кеміді. Ұлы Отан соғысы кезінде 1202 мыңдық шығыны болған халықтың 1939 - 1946 жж. аралығында 217,2 мың адамға ғана кемуі 1939-1941 жж. мен 1945-1946 жж. аралығындағы табиғи өсім мен Қазақстанға бағытталған көші-қон арқасында мүмкін болды. Қазақстан халқы 1939 ж. 6151 мыңнан 1941 ж. 6425 мың адамға көтеріліп, 274 мың (4,5 %) адамға өссе, 1941 - 1945.01.01 арасында халық саны 6425 мыңнан 5808 мыңға түсіп, 617 мыңға кеміді.

Соғыс жылдары өлім-жітім көрсеткіші төмендеді. Егерде, Қазақстанда 1940 ж. 134,4 мың адам өлсе, соғыс жылдары жылына орта есеппен 104,5 мың адам, немесе 1940 жылғы өлім-жітімнен 29,9 мыңы кем адам өлген. Мұның себебі: соғыс жылдарындағы туудың төмендеуіне; туу мен өлім-жітім туралы есептің толық болмағандығына; 16-55 жас аралығындағы еркек кіндіктілердің (1300 мыңнан аса) соғыс майдандарында болуына, отбасылардың толық болмауына байланысты.

Ұлы Отан соғысы республиканың демографиялық тарихында өшпес із қалдырды. 1941 ж. есептегі арнайы қоныстанушылар мен эвакуацияланғандарды қосқанда 7,6 млн. (қоспағанда 6425 мың) болған республика халқының 1 млн. 366 мыңы отанды қорғауға аттанды. Оның 330 мыңдайы өліп, 271 мыңы хабарсыз кетті, барлығы 601 мың адам тікелей шығын болды. Жанама шығынмен қосқанда барлығы 1202 мың адам шығын болды. Соның ішіндегі қазақтардың тікелей шығыны - 153,9 мың, жанама шығыны - 172,1 мың, барлығы 326,0 мың адам шығын болды [17] .

Соғыс шығыны ашаршылықтың демографиялық зардабындай бола қойған жоқ. Соғыста негізінен еркек кіндіктілер өліп, ал, өсім беретін әйелдер мен балалар аман қалса, ашаршылықта, керісінше, жеткіншек жас ұрпақ көп қырылып, ал, бала туатын әйелдер қатты шығынға ұшыраған. Сондықтан, соғыстың тура шығыны ашаршылықтың тура шығынынан 6 есе кем болса, ал жанама шығындары тіпті 10 есеге жеңілдеу болды. Халқымыз соғыс шығынын

12 жылда толтырса (1953 ж. соғысқа дейінгі деңгейге көтерілді), ал ашаршылық әкелген оқшылықтарды 40 жылда әрең толтырған [18].

2. 1946-1951 жылдардағы – компенсаторлық кезең. Соғыстан кейінгі отбасылардың бірігуі, бірінші және екінші кезектегі некеге тұру негізіндегі «некелесу науқаны» кезінде туу деңгейлері өскенімен, өлім-жітім төмендемеді. Депортацияланғандар өз еліне қайтарыла бастады. Егерде, 1946 ж. 1 қаңтарында республикада 726051 арнайы жер аударылғандар болса, 1947 ж. 1 қаңтарында олардың саны 426 мыңға түсті. Арнайы жер аударылғандардың санының кемуі тек өз отанына қайта бастағанына ғана емес, сонымен бірге олардың арасындағы өлім-жітімнің де өскендігіне байланысты) [19]. Сондай-ақ, бұл кез репрессияның әлеуметтік топтарды түгел қамтыған, әсіресе ұлттық интеллигенция өкілдеріне жаңа қарқынмен соққы болып тиген уақыты.

1946 ж. 5933,8 мыңдық Қазақстан халқы 1951 ж. 6818 мыңға жетіп, 942 мыңға (15 %-ға, жылына 188,4 мыңға) өсті. Қала халқы 494 мыңға (22%) өсіп, үлесі 2,5 пайызға көтерілсе, ауыл халқы 385 мыңға (10%) өсіп, үлесі 2,5 пайызға төмендеді. Бұл кезеңнің соңында халық өзінің соғыс кезіндегі шығынының орнын толтырып, соғысқа дейінгі көрсеткішіне қол жеткізді.

3. 1951-1959 жж. аралығындағы 9 жыл ішіндегі өнеркәсіп орындарын салу, тың жерлерді игеру негізінде жиілеген көші-қондар қазақтардың үлесін 1939 ж. салыстырғанда 7,9 пайызға төмендетіп, 29,8 %-ға түсірді. Сол арқылы, ХХ-ғасыр бойы жүргізілген қазақ халқы үлесінің кему үрдісі шегіне жеткізілді. Бұл кезең - тоталитарлық жүйенің толық күшіне енген, экономиканың дамуын жеделдету, елді индустриаландыру, ауыл шаруашылығында реформа-эксперименттер легін жүргізу т.б. шаралар негізінде жұмысшы табының жетекшілік ролін көтеру және Қазақстандық интеллигенцияның қалыптасу кезеңі. Осы кезеңнің соңына қарай республика халқының 22-25%-дық өсімін берген 1960-1962 жж. «демографиялық дүмпудің» негізі қаланды.

1951-1959 жж. арасында республика халқы 2476 мыңға (136,3%), жылына 309,5 мыңға өсіп, 1959 ж. санақта 9294 мың болды. Ең көп өсім 1955-1956 жж. байқалды - халық 591 мыңға өсті (1951ж. 90,8 мыңдық өсімге қарағанда 6,5 есе көп). Мұндай өсім тың жерлерді игеруге келгендердің, сондай-ақ, 1955-1963 жж. Қытайдан келген 261 мыңдық «Кеңес азаматтарының» да есебінен деуге болады. «Кеңес азаматтары» бүкіл халықтың 2,8 % құрады.

1939-1959 жж. республика тұрғындары жергілікті емес, сырттан келгендер есебінен өсті. Екі санақ аралығында сырттан келген көші-

қоншылар есебінен Қазақстан халық санының өсу қарқыны бойынша КСРО-да 1 орында болды (одақтық көрсеткіштен 7 есе артық). Қазақстан халқы 1939 ж. 6394 мың адамнан 1959 ж. 9294,7 мың адамға көтеріліп, 2901 мың адамға) өскен. Салыстыру үшін келтірсек, осы жылдары халық санының КСРО-дағы өсімі 9,5%, Қазақстанда 45,4 % болған.

1939-1959 жылдардың қазақ тарихындағы ерекшелігі сонда, ежелгі түркілер мекенінің орталығында орналасқан Қазақстанда моңғол шапқыншылығы кезінде қазақ халқының шығыны нәсілдік бейнесін өзгертуге дейін жеткізіліп, жоңғар шапқыншылығы кезінде 2/3-сі жойылса, XX ғ. басындағы ашаршылықтар кезінде 4 млнға жуық (с.і. 1929-1933 жж. 2,2 млн) адамынан айырылып, 1939-1959 жж. аралығында қазақтар өз отанында азшылық ұлтқа айналды, үлесі 29,8 %-ға дейін төмендеді.

Республикада 1959 ж. 9294741 адам тұрды. 1959 ж. қазақтар - 2 794 966 адам, Қазақстандағы түркі халқының 85% -нан астамы болды, тиісінше: татарлар - 191 925 адам - 6%-і, өзбектер - 136 570 адам - 4%-аса, ұйғырлар - 59 840 адам - 1,8%-ы, азербайжандар 38 362 адам - 1,1%, **түріктер - 9 916 адам - 0,3%-ы**, башқұрттар 8 742 адам - 0,2%, қырғыздар – 6 810 адам - 0,2%-ы, қарашайлар- 5 574 адам - 0,1%, балкарлар– 4 174 адам - 0,1%-ы және аварлар- 822 адам -0,02%-ы болды [ҚРОММ. 698 қ. 21 т. 225 іс. 388-393 пп.]. 1959 ж. санақта түркі халқы 3330,2 мың адам немесе республика халқының 35% құрады.

20 жыл ішінде қазақтар саны 474 мың адамға (20 %), орыстар 1523 мыңға (62 %), украиндар 105 мыңға (16 %), татарлар 85 мыңға (79 %), өзбектер 33 мыңға (32 %), белорустар 76 мыңға (3,4 есе), ұйғырлар 24,4 мың (69 %), басқа ұлттар 311 мыңға (2,6 есе) өсті. С.і. азербайжандар 12 мыңнан 38 мыңға (3 еседен аса) өсті.

Қазақстандағы түркі халықтарының аймақтардағы орналасуын бес аймаққа бөліп қарастырсақ, онда өзбектердің 96,8%-ы, ұйғырлардың 99,7%-ы, азербайжандардың 90,7%-ы Оңтүстік Қазақстан аймағында мекендегенін көреміз. Қарашайлар, гагауыздар, құмықтар, ахысқа түріктері тек Оңтүстік Қазақстан аймағын мекендеді. Татарлар, чуваштар, азербайжандар, өзбектер, башқұрттар, барлық аймақта орналасты. Қырғыздар мен түркмендер Оңтүстік, Батыс және Орталық аймақтарда кездесті. Ұйғырлар Оңтүстіктен бөлек Шығыс Қазақстан аймағын мекендеді.

Екі санақ арасындағы демографиялық көрсеткіштер динамикасына келсек, этностар бойынша туу, өлім-жітімге қатысты тұтас мағлұматтарды табу әлі келешектің еншісінде болар. Себебі

статистикалық мәліметтерден табиғи өсімінің этностарды бөліп көрсеткен құжаттар кездестірмедік. Сондықтан республика халқының жалпы динамикасынан мәлімет береміз.

Табиғи өсім көрсеткіші: мың адамға шаққанда 1939 ж. Қазақстандағы табиғи өсім 23,5 % болды. 1940 ж. бастап табиғи өсім төмендей бастады: 1942 ж. 5%, 1943 ж. 0,7%-ге дейін түсіп, 1944 ж. бастап көтеріле бастады. 1939 ж. некеге тұру коэффициенті 6,8 % болса, 1940 ж. 6,1 %-ға түскен. Бұл жылдары туу 0,3 %-ге өскенімен, өлім-жітім 3,7 % болғандықтан, табиғи өсім 3,4 %-ге төмендеді [20, 73 п.].

Соғыс жылдарындағы табиғи өсімнің қалыпты барысының бұзылды. 1940 ж. туылған 256,6 мыңдай адамды орташа есепке баласақ, онда 1941-1945 жж. 1282,8 мың адам туылуы керек еді. Бірақ іс жүзінде соғыс жылдары 690,8 мыңдай адам дүниеге келген. Туудың төмендеуі есебінен жанама шығын 592,0 мың адамды қамтиды. Осы есептегі гипотетикалық мөлшер бойынша салыстырсақ, кейбір облыстар халқының табиғи өсімі тіпті де төмендеген. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысындағы туу көрсеткіштері ерекше төмен: 1940 ж. 16,8 мың адам туылса, соғыс жылдарында туылуы мүмкін 383,7 мың адамның орнына іс жүзінде 198,3 мың адам өмірге келген [20, 72-74 пп.].

Айта кететін бір жайт: 1950-жылдардан бастап, халықтың 1929-1933 ж.ж. ашаршылық пен 1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысы нәтижесінде төмендеп кеткен саны мен табиғи өсімін көтеру мақсатында әлеуметтік жағдайлар жасалынды. Он жылдық білім енгізілді, жалақы мөлшері өсті, ауруханалар салынды, тұрғын үйлер салу қолға алынды («хрущевтық үйлер»), екікабат әйелдерге жағдай жасалып, балалы әйелдерге берілетін жәрдемақы енгізілді, тегін дәрігерлік көмек халықтың барлық әлеуметтік тобына қызмет етті. Міне, осы жағдайлар 1960-1962 ж.ж. Қазақстандағы «демографиялық жарылысқа» мүмкіндік туғызды, Қазақстан халқы осы жылдары 22-25 % аралығында өсім берді.

Білім деңгейі. Екі санақ арасында жоғары және арнаулы орта білімі барлардың қатары өсуде болды. 1000 адамға шаққанда 1939 ж. 64 адамның, 1959 ж. 250 адамның (еңбек ететіндер ішінде 448 адамның) жоғары, орта және толық емес орта білімі болып, 20 жылда олардың саны 390 %-ға өскен. Соның ішінде, 1939 жылы әрбір 1000 адамның 4-еуінің, 1959 ж. 12-сінің (еңбек ететіндердің 28-нің) жоғары білімі болды. Сондай-ақ, 1939 ж. әрбір 1000 адамның 60-ның орта және толық емес орта білімі болған болса, 1959 ж. бұл көрсеткіш 238 адамға (еңбек ететіндер ішінде 420 адамға) жетті.

Жекелеген ұлттар бойынша есептесек, жоғары және арнаулы орта білімі бар қазақтар әрбір 1000 адамның 1939 ж. 22, 1959 жылы 194 (еңбек ететіндер арасында 384 адам) болып, 20 жыл ішінде 88 %-ға өсті. Нақтыласақ, 1939 ж. 1000 қазақтың біреуінде ғана жоғары білім болды (жоғары білімді әйелдер болмаған екен). 1959 жылы бұл деңгей 8 адам болып (еңбек ететіндер арасында 24 адам) көтерілді. Ал, 1000 адамға шаққанда қазақ әйелдерінің 4-еуінің (еңбек ететіндер арасында 14-інің) жоғары білімі болды.

Орта және толық емес орта білімі бар қазақтар 1939 жылы әрбір 1000 адамның 21-нен, 1959 жылы 189 (еңбек ететіндер арасында 360) адамға көтерілді. Ал, қазақ әйелдерінің 1939 жылғы 7 адамдық деңгейі 1959 жылы 141-ге көтеріліп (еңбек ететіндер арасында 273 адам), 20 есе өсті. Алайда, бұл көрсеткіштер бойынша да қазақтар орыс, украин, татар, өзбектерден кейінгі 5-орында тұрды.

Қазақстанда екі санақта да білімі барлардың ішінде орыстардан соң украин, татар, өзбектердің 1000 адамға шаққандағы үлесі жоғары болды. Мысалы, 1959 ж. 1 желтоқсандағы мәлімет бойынша, Қазақстандағы барлық мекеме, құрылыс орындары, кәсіпорындарда қызмет ететін жоғарғы білімділердің ішінде орыстар 53,3 % (соның ішінде әйелдері – 55,6 %), қазақтар – 23,9 % (әйелдері – 30,0 %), украиндар – 8,9 %, еврейлер – 3,5 %, татарлар – 2,4 %, белорустар – 1,7 %, өзбектер – 0,9 %, мордвалар – 0,1 %, тағы басқалары – 5,5 % болды. Ал, арнаулы орта және орта білімділер төмендегіше бөлінді: орыстар – 6,3 % (әйелдері – 66,5 %), қазақтар – 16,0 % (әйелдері – 34,7 %), украиндар – 10,0 %, татарлар – 2,3 %, белорустар – 1,2 %, еврейлер – 0,9 %, өзбектер – 0,6 %, мордвалар – 0,2 %, тағы басқалары – 4,9 % [21]. Айта кететін жайт, жоғары және арнаулы орта, орта білімді орыстар мен қазақтардың арасында әйелдердің үлесі жоғары болған. 1959 ж. жоғары білімді қазақ әйелдерінің саны 8100 адам болды. Бірақ, орыс әйелдеріне қарағанда бұл көрсеткіш 4,1 есеге кем.

1941–1959 жж. аралығында жоғары білімділер 7 еседей өскен (681 %-ға), ерекше инженерлер 9 есе (913 %) өскен. 1947 – 1955 жылдар арасында жоғары білімді мамандар саны 242 %-ке өскен, орта білімді мамандар 1,7 есе көбейген, сол сияқты, орта арнаулы білімі барлар 1947-1959 жж. арасында 67949 адамнан 193914 адамға көтеріліп, 125965 адамға (1,8 есе) өскен. Білімді мамандардың абсолюттік саны өскенімен, 1947 жылы да, 1955 жылы да олардың жұмысшылар мен қызметкерлер арасындағы үлесі өскен жоқ – 8,0 % ғана болды. 1940 жылы жоғары білімді мамандардың 10%-і қазақтар болса, 1947 жылы 19 % болды. Байқағанымыздай, қазақтар шыққан жоғары білімді мамандардың үлесі төмен.

Сонымен, екі санақ арасында Қазақстанда түркі халықтарының саны өскенімен, үлесі Қазақстан халқының үштен бірін ғана құрады. Бұл кезең қазақтың да түркі этностарының да Қазақстанда азшылық болған кезі.

1-кесте 1959 ж. республикада түркі халықтарының аймақтарда орналасуы [22]

Қазақстан	Солт. Қазақстан	Оңт. Қазақстан	Отралық Қазақстан	Батыс Қазақстан	Шығыс Қазақстан	Барлығы
Барлығы	2753136	3212864	1018661	1070033	1255153	9309847
Қазақтар	552352	1205872	194912	556721	325159	2835016
Өзбектер	1629	132304	1215	591	831	136570
Азербайжандар	1319	34813	1031	408	791	38362
Қырғыздар		2563	381	322		3266
Түрікмендер		465	247	79		791
Балқарлар	1061	2745		0		3806
Башқұрттар	2858	2501	2179	807	397	8742
Мордвалар	8644	7811	5010	2046	1988	25499
Татарлар	50009	66580	25469	25896	23971	191925
Чуваштар	4926	2117	2493	829	895	11260
Қарашайлар		5155				5155
Гагауыздар		301				301
Түріктер		9877				9877
Ұйғырлар		59072			181	59253
Құмықтар		239				239
Аварлар			116			116
Түркі халықтары	622798	1532415	233053	587699	354213	3330178
%	18,7	46,0	7,0	17,6	10,6	100

Соғыстан кейінгі жылдардағы индустриалдық дамудың бесенділігі арқасында Орталық Қазақстанның халқының 20 жылдағы өсу қарқыны республикадағы ең жоғары көрсеткішке (237 %) ие болды. Аймақ республикадағы ең урбанизацияланған өлке болды.

Аймақтағы қазақтар 59 мыңға (43,3 %) ғана өскенде, орыстар 283 мыңға (2,4 есе), немістер 96 мыңға (7,4 есе), татарлар 4 есе, белорустар 4,3 есе, украиндар 56 мыңға (2,3 есе) өсті. Тұрғылықты халықтың өсу қарқыны республикалық көрсеткіштен 2,2 есе көп болғанымен, аймақ халқының 19,1 %-ы ғана болып (1939 ж. – 32,6 % болатын), өсу қарқыны бойынша да аймақта ең төменгі деңгейді көрсетті. Аймақтағы өсімнің 10 %-ын қазақтар, 51,3 %-ын орыстар, 9,5 %-ын украиндар мен немістер, 6,0 %-ын белорустар мен татарлар берді. Аймақта Қазақстандағы түркі халықтарының 7,0%-ы тұрды.

Шығыс Қазақстан аймағында да этностар ішінде өсу қарқыны ең төмен болған - қазақтар: 20 жыл ішінде 118 мыңға өскенімен, халықтың бүкіл өсімінің 10,3 %-ын ғана құрады, ал үлесі 27,5 %-дан 20,4 %-ға төмендеп, 7,1 пунктке түсті. Ауыл қазақтары азшылық топқа айналып, орыс тілді ортада шашырап қалды. Аймақта Қазақстандағы түркі халықтарының 10,6%-ы тұрды.

Солтүстік облыстардағы механикалық өсімнің республикалық көрсеткіштегі үлесі 1952 ж. 2,3 %, 1953 ж. 4,0 % болса, 1954 ж. бастап 31 %, 1955 ж. 47 %, 1956 ж. 49,9 % болды. 1954-1955 ж.ж. тың жерлер игерілген аудандардағы халық өсімінің 61 %-ы республика аралық көші-қон арқасында жүзеге асырылды. Солтүстік Қазақстандағы 1 кв. км жердегі халықтың тығыздығы 3,3-ден 6,8 адамға көтерілді. 1954 ж. мұндағы халық саны 104 мыңға өссе, 1955 ж. 173 мыңға, немесе, 67 % - ға өсті. Осы жылдардағы тың өңіріндегі механикалық өсім 140,1 мың адамдық оң айырымды көрсетті. Аймақта Қазақстандағы түркі халықтарының 18,7%-ы тұрды.

Ең төменгі өсу қарқынын Оңтүстік аймақ көрсетті: ол республикалық көрсеткіштен 10 %-ға, Орталық аймақтан 124 %, Солтүстік Қазақстаннан 57 %-ға кем көрсеткішпен өсті. Сондай-ақ, Батыс аймақта 20 жылда халық 6,3 %-ға (67 мың адамға) ғана өсті, бұл республикалық көрсеткіштен 8,3 есе, Орталық Қазақстандық көрсеткіштен 20,7 есе кем. Дегенмен, Батыс өлкесі халқының саны Орталық Қазақстаннан 48 мың адамға артық.

Қазақстанның Батыс және Оңтүстік аймақтарындағы халық санының өсу қарқыны басқа аймақтарға қарағанда төмен болды. Оңтүстік Қазақстан облысының басқа облыстарға қарағандағы соғыс майдандарында адамы көп өлді (94049 адам). Оған соғыс жылдарындағы тылдағы өлім-жітімді ескере отырып, туу көрсеткіші мен туу мүмкіндігінің төмендеуін қоссақ, онда облыс халқының тек табиғи өсім негізінде ғана мардымсыз өскенін анықтаймыз.

Батыс Қазақстан халқының соғысқа дейінгі саны және т.б. демографиялық көрсеткіштері 1959 ж. ғана қалпына келтірілді.

Соғыстың «демографиялық жаңғырығы»: жастық-жыныстық құрылымдағы, ауру мен уақытынан бұрын өлу, туу процестеріндегі диспропорция 1970 жылдардың аяғына дейін сезілді. Батыс аймақта халық 20 жылда 67 мың адамға, соның ішінде қазақтар 1,9 мың адамға (0,3 %-ке) өсті (өсімнің 2,8 %). Жоғары өсімді көрсеткен: орыстар (37 мың адам (22,3 %), өсімнің 55,2 %) және немістер (26 мың адам (15,6 %) өсімнің 38,8 %). Саны да үлестік мөлшері де кеміген ұлт украиндар болды, саны 4 мың адамға немесе 4 % -ға кеміді. Аймақта Қазақстандағы түркі халықтарының 17,6%-ы тұрды.

Республика бойынша Оңтүстік Қазақстанда ғана түркі халықтарының өсу қарқыны басқа аймақтарға қарағанда жоғары болып, халық жергілікті тұрғындардың табиғи өсімі есебінен толықтырылды. Аймақ халқының жалпы саны 13,7 %-ға өскенде, қазақтар саны 23 %-ға өсіп, өсімнің 86 %-ын берді. Үлесі де (41,9 %), саны да (1156 мың адам) басқа аймақтардан жоғары болды. Аймақта Қазақстандағы түркі халықтарының 46,0%-ы тұрды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны кезінде Қазақстанға 2 миллиондай адам келгені белгілі, сонымен бірге, 1955 жылдан бастап ҚХР-нан 267 мыңдай «Кеңес азаматтары» деп аталатын контингенттің келгені де бар. Олардың негізгі көпшілігі қазақтар 259 мыңдай, орыстар, ұйғырлар, татарлар, дүнген этностарының өкілдері болды.

1939-1959 жж. аралығында республика халқының саны 3213 мыңға (қала халқының саны 2378 мыңға, ауыл халқы 836 мыңға) өсті. Ауыл халқы 1939 ж. деңгейіне (4392 мың адам) 1953 ж. ғана жетті (1954 ж. 1 қаңтар есебінде ауылдарда 4445,1 мың адам тұрды. Яғни, ауыл халқы 1954 ж. кейін ғана өсе бастады. Тың игеру жылдарыуан соң ауыл халқының өсу қарқыны төмендей бастады: 1959-1970 ж.ж. аралығында 1536 мың адамға өсті (жылдың орташа көрсеткіші 76,8 мың адам, тың игеру кезіндегі көрсеткіштен 4,1 есе кем).

1939 ж. санақта түркі халықтарының ішінде: татарлардың 55,5%-ы, башқұрттардың 44,3%-ы, чуваштардың 31,8%-ы, өзбектердің 30,7%-ы, түркімендердің 17,1%-ы, қазақтардың 16,4%-ы қалаларда тұрды.

2-кесте Қазақстан этностарының қалаларға орналасу қарқынының динамикасы (% есебімен) [23]

Этностар	1926 ж.	1939 ж.	1959 ж.	1939 жылмен салыстырғандағы 1959 жылғы өсім
Барлығы	8,3	28,5	43,8	15,3
Қазақтар	2,1	16,4	24,3	7,9
Орыстар	22,1	43,7	59,0	15,3
Украиндер	3,7	22,7	40,3	17,6
Белорустар	19,8	–	42,2	
Немістер	5,3	14,9	30,9	16,0
Татарлар	58,8	55,5	66,0	10,5
Өзбектер	27,3	30,7	36,4	5,7
Ұйғыр	17,8	22,6	20,4	-2,2
Корейліктер	33,3	30,6	55,2	24,6

2 - кестеден байқайтынымыз, 1939 ж. санақтағы қазақтардың қалаларға орналасу қарқынынан орыстардың қарқыны 2,7 есе артық болса, 1959 ж. 2,4 есе артық болды. Орыс, украин, белорус, татар, корейліктер қалалық этностар қатарына жатса, қазақ, неміс, өзбек, азербайжандар ауылдық тобын құрады.

Этностардың ішінде жоғары қарқынмен урбанизацияланған орыстардың (15,3%-ға), украиндардың (17,6%-ға) және немістердің (16,0%-ға) қала тұрғындары құрамындағы үлестері көтерілген. Қалған этностардың қалаларға орналасу қарқыны төмен болды: қазақтар 7,9 пунктке ғана өсті, өзбектер пен ұйғырлар да қалаларға аз қоныстанды.

1953 жылы халық өсімін 12 жылға тежеген соғыс шығыны қалпына келтірілді, демографиялық тоқырау кезеңі аяқталды.

1954-1959 жж. тың және тыңайған жерлер игерілген облыстарда халық санындағы өсім басқа облыстарға қарағанда 5 есе артық болды. Солтүстік Қазақстандағы 1 км² жердегі халық тығыздығы 3,3-ден 6,8 адамға көтерілді.

Тың жерлері игерілмеген облыстардың ішінде Алматы қаласына жақын орналасқан Алматы, Қаскелең, Жамбыл және Еңбекшіқазақ аудандарында, Қазақстан аумағында еркін көшіп-қонуға рұқсат алған

арнайы қоныстанушылардың осы аудандарға келіп, тұрақтануына байланысты саны өсті. Осы жылдары түркі халықтарының өсіміне себеп болған оқиға 1955-1963 жж. Қытайдан келген «кеңес азаматтары» деп аталатын топтың келуі.

Көші-қон барысында республика халқының полиэтностық құрамы өсті. 1920 ж. Қазақстанда 38 этнос өкілдері тіркелсе, 1959 ж. 114, 1986 ж. 120, ал, 1999 ж. және 2009 ж. санақта 127 ұлт пен этнос өкілдері есептелінді.

Осы екі санақ арасындағы көші-қон этникалық тұрғыдан алғанда халықтың орналасуына ерекше өзгеріс әкелмеді. Түркі халықтарының ауылдық топ ретінде орналасуының этникалық жинақы жүйесі сақталынды

Солтүстік және Орталық Қазақстанның казактарында бірқатар өзгерістер болды: казактар тың игеруге дейін көпшілік ұлт болғанымен, тың нәтижесінде азшылық топқа, тіпті орыс тілдес ортаға сіңіп, дисперлі топқа айналды. Мұндай жағдай кейінгі жылдары да сақталды

Сонымен, екі санақ арасында Қазақстанда түркі халықтарының саны өскенімен, үлесі Қазақстан халқының үштен бірін ғана құрады. Бұл кезең қазақтың да, барлық түркі этностарының да Қазақстанда азшылық болған кезі.

3.2.3 Қазақстан халқының жас-жыныс ерекшеліктері мен білім деңгейі

Қазақстан халқының жастық және жыныстық құрамындағы өзгерістердің ХХ ғ. өн бойында болып өткен тарихи процестерге қатысты өзіндік ерекшеліктері болды. 1939 ж. санаққа дейінгі санақтарда әйелдерге қарағанда ерлер басым болса, 1939 ж. бастап әйелдер үлесінің артықтығы байқалды. Соғыс кезінде республикадан 1,2 млн. аса ер адамдар әскер қатарына шақырылып, жанама шығынды қоспағанда, 601011 адам тікелей шығын болды, елге қайтпады [24]. Яғни, олардың орны толмай қалды. 1939 ж. Қазақстандағы ерлер үлесі 52 %, әйелдер 48 % болып, ер адамдардың үлестік басымдылығы сақталынды. Соның ішінде, қалада тұратындардың 51,9 % - ы ерлер, 48,1 % - ы әйелдер, ауылдағылардың 52 % - ы ерлер, 48 % - ы әйелдер болды. Салыстыру үшін 1939 ж. КСРО бойынша мәліметтерді келтірейік: ерлер 47,9 %, әйелдер 52,1 %, қалада, тиісінше, 47,9 % және 52,1 %, ауылда 48,0 және 52,0 % болып, әйелдердің үлесі басымдылық көрсетті.

1939-1959 жж. аралығындағы әйелдер мен ерлер үлесінің

арасалмағына Кеңес-герман соғысының әсері зор болды. КСРО бойынша 1959 ж. санақта ерлер 45 %, әйелдер 55 % деп саналды. Әсіресе, 1914-1924 ж.ж. туылған, белсенді неке жасындағы ерлер үлесі аз болды [25]. Қазақстанда 1959 ж. әйелдер мен ерлер арасалмағында неке жасындағы ерлер жетімсіздігі анық көрінді. Алайда, индустрияның қарқынды дамуы, тың жерлерді игеру т.б. шаралар арқасында 20-35 жастағы жастардың республикаға ағылуы, көші-қоншылардың көпшілігі ерлер болғандықтан бұл зәруліктің орнын толтырғандай болды. 1959 ж. Қазақстанда ерлер 47 %, әйелдер 52,5 %, қалада, тиісінше, 47,3 % және 52,7 %, ауылда 47,7 % және 52,3 % деп есептелінді. Түркі халықтарының Қазақстанның ауылдық жерлеріндегі жыныстық арасалмақ қалаға қарағанда жағымдырақ болды.

1939 ж. жас мөлшеріндегі құрылым өзгерістеріне 1931-1933 ж.ж. ашаршылық және оның нәтижесі ерекше әсер етті. Жастық құрылымның пирамидасында 5-9 жас аралығындағы тұс ерекше ойсырылып тұрады, бұл 1930-1934 ж.ж. туылған (ашаршылықпен тұтас келетін) балалардың көрсеткіші. Ал, 1959 ж. жас мөлшерін бейнелейтін пирамида негізі 1939 ж., тіпті, 1926 ж. салыстырғанда кеңірек орналасқан. 0-4 жастағылар 1959 ж. Қазақстан халқының 15,4 %-ын құрады. 5-9 жастағылар - 12,4 %. Яғни, 0-9 жас аралығындағылар 27,8 % болды. 10-14 жас аралығындағылар - 8,6 % болды. Біртіндеп үлкен жастағылар үлесі азая түскен.

3 кесте Қазақстан халқының 1939-1959 жылдардағы жас мөлшеріне байланысты құрылымы [25].

Жас мөлшері	1939ж.		1959ж.	
	абс.	%	абс.	%
0-9	1341877	22,0	2590030	27,8
10-14	852140	14,0	801242	8,6
15-19	396469	6,5	693986	7,5
20-24	642226	10,5	992236	10,7
Басқалары	2860795	47,0	4232353	45,4

1959 ж. санақтағы 0-4 жастағылар 1955-1959 ж.ж. туылғандар, 5-9 жастағылар - 1950-1954 ж.ж., 10-14 жастағылар 1945-1949 жылғылар. 0-4 жас аралығындағылар үлесі Қазақстанда (15,4 %) мен КСРО бойынша (11,6 %) болды. Қазақстанның ауыл халқының құрамындағы 1959 ж. 0-4 жастағылар 16,9 % болса, тың облыстардың ауылдық жерінде (Мысалы, Көкшетау облысында) одан да көп - 0-9 жас

аралығындағылар 30,3 % (бүкіл Қазақстанның ауылындағылардың 30,2 %). Тың игерілмеген Атырау облысында (қазақ халқы көп орналасқан) 0-9 жас аралығындағылар 30,0 % болды [26]. Себебі, 1950-1958 ж.ж. КСРО бойынша қазақ әйелдері туудың жоғары көрсеткіштеріне жетті. Ал, тың облыстарында 1955-1959 жылдары туу көрсеткіші жоғары деңгейді көрсетті. Неке жасындағы әйелдер мен ерлер арасалмағындағы қолайлы жағдай, жанұя құрушы жастар үлесінің көп болуы (Қазақстанда 1 мың қала тұрғынының 20-24 жастағыларына 500 ер мен 500 әйел, ал, 25-29 жастағыларына 514 ер, 486 әйелден келген екен) туу көрсеткішінде жақсы нәтижеге жеткізді. Ауыл халқының 20-24 жастағыларында 1 мың адамға 524 ер және 476 әйел, 25-29 жас - 509 ер және 491 әйелден келді. Бұл «ерлердің молшылығы» туды деген сөз емес, себебі олар 20-24 жастан кейінірек үйленсе, әйелдер 18-24 жастан бастап тұрмысқа шығатын.

1897 ж., 1926 ж. және 1939 ж. санақтарда 10-15, 16-19 және 20-24 жас арасындағылардың үлесі қомақты. Ал, 1959 ж. санақта 10-19 жастағылар тобында көзге ұрынатындай шыңырау бар, себебі: 15-19 жастағылар - 1940-1944 ж.ж. туылғандар, ал бұл кезде Ұлы Отан соғысы нәтижесінде қалыпты отбасылық қатынастар бұзылып, туу азайған болатын. Ал, 1945-1946 ж.ж. компенсаторлық кезеңде туылғандар (1959 ж. санақта 10-15 жастағылар) үлесі 8,6 % болды. Бұл жерде 1921-1922 және 1931-1932 жылдардағы ашаршылықтың «екінші толқынының» нәтижесі көрінеді, өйткені, 1945-1949 жылдары 1920-1930 жылдары туылғандар мен туылуға тиістілердің балалары туылуы керек еді. Ал, 20-29 жас (әсіресе 20-24 жас) аралығындағылардың үлесінің көп болуына көші-қон процестері әсер етті.

1959 ж. тұрғындардың жастық құрылымында 1939 ж. салыстырғанда елеулі өзгерістер болды. Алдымен, балалар (0-15 жас) және қарттар (60 жас және жоғары) үлестерінің өсуін көреміз. Ерекше, 0-24 жастағылар үлесі өскен (57 %-ға). 45 жас және одан жоғарылар 68,0 %-ға көбейген. Бүкіл халық құрамындағы 70 және одан жоғары жастағылардың саны 23,3 %-ға өскенімен, ауыл тұрғындары ішіндегі үлесі 15,6 %-ға кеміп кетті. Осыған байланысты айтарымыз, 1939 ж. қарағанда 1959 ж. ауылдағы еңбек жасындағылар үлесі тың игерудің қолайлы жағдай туғызғанына қарамастан 59,7%-дан 53,1%-ға кеміп кетті. 1959 ж. санақтағы 16-19 жастағылар - 1940-1943 жылдары туылғандар. Қазақстанның кейбір этностарында, соның ішінде қазақтарда 1940 ж. және 1941 ж. бірінші жартысында, айтып кеткендей туу да өлім - жітім де көп болды. Балалар өлімі КСРО бойынша 1943 ж. бастап төмендей бастады [27, 51]]. Яғни, 16-19 жастағыларда ішінде 1940 -1941 ж. туылғандар (18-19 жастағылар) үлесі 1942-1943

жастағыларға (16-17 жастағы) қарағанда көбірек болды.

1930-1939 жж. туылғандарда (20-29 жастағылар), әсіресе, қазақтарда 1930-1933 жылдарға қарағанда 1933-1939 жылдары туылғандар көбірек болды. 1932 жылғы өлім-жітімнің шығынан кейін «кешірім» компенсаторлық кезең болды. Ал, 30-39 жастағылар (1920-1929 жылдары туылғандар) 1921-1922 жылдарғы аштық пен жұттың әсерін сезінгендер. Мұнда да 1923-1924 жылдары компенсаторлық сәт болды. Екінші жағдай: бұл жастағы ер адамдар – майдангерлер, Ұлы Отан соғысының неғұрлым жас бөлігі, яғни олардың арасында әскери шығын да жоғары деген сөз. Ұлы Отан соғысы жылдары 1923-1924 жылдары туылғандардан 64 мыңға жуық адам мобилизацияланып, 24 мыңдайы өлген (1921-1922 жж. туылғандардың 45 мыңдай мобилизацияланып, олардың 22 мыңдайы өлген) [24, 37]. 20-39 жас аралығындағы әйелдер (1920-1939 ж.ж. туылғандар – 1959 ж. санақ бойынша) үшін бұл кезең алғашқы және қайтара тұрмысқа шығу кезеңі. Бұл жастағыларда некеге тұруды шегерген әйелдер көп: не тұрмысқа шықпағандар, не екінші рет тұрмысқа шықпағандар: ажырасқандар, жесірлер, көп балалы аналар. 20-23 жастағылар ішінде оқуын аяқтау үшін некеге шығуды кейінге қалдырғандар көп, сонымен бірге тұрмыстық, отбасылық, сол сияқты материалдық жағдайлардың қолайсыздығы мен жетімсіздігі некелесуді кейінге қалдыртатын факторларға жатты. Жыныс-жастық құрылымдағы отбасылы-некелік қатынастарды және демографиялық жағдайларды реттеу мен дамыту өте ауыр жүрді. Неке жасындағы ерлердің жетіспеушілігі жағдайында, есеп пен тіркеуде көрінбеген қайтара некелесу 2 есе жоғары болды. 1939-1955 жж. аралығында заңдық негізде абортқа тиым салу арқылы «әйел мен балаларды қорғаудың жинақтық шараларын» заңдық негізде енгізген кезеңде уақытша болса да туу көрсеткіші көтеріліп, ажырасу азайды. Бұл заң жеке адамдардың өмірін командалық-әкімшілік жолмен реттеу негізінде ұжымдастыру және ашаршылық жылдарындағы туу көрсеткіштерінің олқылықтарының орнын толтыруға арналған шара болып табылады. Әрине, абортқа тиым салу криминалды абортты өрістетті, ал, ол әйелдер өлімінің санының өсуіне әкелді, сол себепті 1955 ж. бұл шара жойылды. 40-49 жаста әйелдер фертильді жастан шығады. Интервалдың соңына қарай әйелдер үшін белсенді репродуктивті кезең аяқталып, әйелдердің тұрмысқа шығуы мен бұл жастағы әйелдердің қайыра некелесуі де өте сирек. Ал, ерлердің, 1959 ж. санақ материалдары бойынша, ажырасқандары, жесір қалғандары да қайтара үйленуі жиі (балалы болғандарына қарамастан) кездеседі. Қартайған сайын ерлер мен әйелдердің некелесу мүмкіндіктері кемиді (ерлер әйелдерге қарағанда

үйлену мүмкіндігін ұзағырақ сақтайды). 45 және одан жоғары жастағы ер кісілердің арасындағы жоғары некелесу көрсеткіштері кездеседі. Бұл қайтара үйлену жағдайында ғана мүмкін. Бұл ер адамдардың жұбайлық өмірге деген белсенді мүмкіндігін ұзақ сақтайтындығына ғана емес, сонымен бірге фертильді жастағы ер адамдардың жетіспеушілігіне байланысты.

1959 ж. 18-19 жастағылар соғыс алдында туылғандар, 20-24 жастағылар- негізінен екінші бесжылдықта туылғандар. 20-24 жастағы ерлердің жұбайлары 18-19 және 20-24 жастағы әйелдер. Егерде ерлердің 1930 жылдың бірінші жартысында туылғандары соғысқа қатыспағанын ескерсек, 30-34 жастағылар соғысқа қатысқан, үлкен шығыны бар ұрпақ екенін білеміз. Сондықтан, 24-29, 30-34 жастағы әйелдер арасында неке жасындағы, бірақ, некеге тұрмаған бөлігі көп болды (әсіресе 30-34 жастағы әйелдер). Тіпті, 1928-1935 жж. арасындағы тудың төмендеуі де еркектердің жетіспеушілігін жоя алмады, ер адамдардың соғыста көп шығынға ұшырауы тұрмыс жасындағы әйелдердің молшылығын туғызды. Соғыс кезіндегі балалар өлімнің өсуі, туудың азаюы осы жастағыларда жігіттердің санының өсіп, қыздардың санының азаюына әкелуі, ал, 1946-1950 ж.ж. туудағы компенсаторлық кезең осы жастағы қыздарға сәйкес келетін жігіттердің жетіспеушілігін тудыруы керек еді, өйткені, бұл кездегі үйлену жасындағы (3 -4 жас үлкен) ерлердің соғыс кезінде туылғандары аз мөлшерде болды. Алайда, нақты өмірде үйленетін жігіттер мен қыздар бір жастық топтан екінші топқа ауысып, сіңісіп, тек ерлер ғана емес, сонымен бірге әйелдердің де қайтара үйленуі арқасында өзгеріп толықтырып отырды. Сонымен, некеге тұруды реттеу тек алғашқы емес, сонымен бірге кейінгі некелесулер арқасында жүзеге асып отырды. 1950 ж. 30 жастан жоғары ерлер арасындағы некелесу анағұрлым жоғары, ал, әйелдерде төменгі қарқында болды.

1959 ж. Қазақстанның қала және ауыл халқының құрамында 1000 адамға шаққанда 16-17 жас аралығындағылардың 45-і некелі болды (соның ішінде 7 ер адам және 38 әйел); 18-19 жастағылардың 336 адамы (58 ер және 278 әйел, яғни, осы жастағы әйелдердің ширегінен көбі); 20-24 жастағыларда ерлердің үштен бірі, әйелдердің 2/3-ге жуық бөлігі; 25-29 жас аралығындағыларға келсек, әйелдер мен ерлердің 4-і (бұл жастағыларда ер адамдар арасында әйелдерге қарағанда некелілер анағұрлым көп); 30-34 жас аралығында 932 ер және 830 әйел некелі (бұл жастағы ерлердің некелесу коэффициенті әйелдерге қарағанда жоғары) болды [26, 263-264]. Ал, одан да жоғары жастағылар арасындағыларда ер адамдардың некеге тұрғандары әйелдерге

қарағанда 2 есе артық. Байқағанымыздай, 25-29 жас аралығында некеге тұру деңгейінде ерекше айырмашылық жоқ. Нақ осы жастағы топтарда пропорция көзге түседі. 32 жастан жоғарыларда әйелдердің молшылығы мен ер адамдардың жетіспеушілігі көрінеді.

Қазақстанның демографиялық сипатының ерекшелігі, мұнда некелесу деңгейі КСРО-дағы орташа деңгейден жоғары болды. Соғыс алдындағы, соғыс кезіндегі, соғыстан кейінгі жылдардағы көші-қон ағымдары осындай көрсеткіштерге жеткізді. Жоғарғы жастық топтардағы: 55-59, 60-69 және 70 жас, одан жоғарғылардың арасында некелесудің относителді жоғары деңгейде болуы – республика ерекшеліктерінің бірі. Нақ осы жастағылардағы некеге тұрушылардың көптігіне байланысты республикада некелесудің дәстүрлі жоғарғы көрсеткіші сақталынды. 50-58 жастағы ер адамдардың барлығы дерлік некедегілер, ал, әйелдердің көпшілігі жесірлер мен ажырасқандар болды. Әйелдердің некелесу мүмкіндігі жас өскен сайын кемиді деп атап кеттік. Оған қосымша, бұл жастағылар (1914-1918 ж.ж.) империалистік соғыс пен азамат соғысы және интервенция (1918-1920 ж.ж.) жылдардағы ер адамдардың жетіспеушілігін туғызған кезеңде туылғандар болып табылады.

Сонымен, барлық санақтардың жастық пирамидасына кейбір жас топтарында үңірейген жерлер бар, сол сияқты кенеттен халық саны өскенін көреміз. Бұл процесс құлдырау мен өрлеудің жүйесіз кезектесуі секілденіп те көрінеді, алайда, мұнда өзіндік заңдылық бар. Республика тарихында халық құрамына өшпес ізін қалдырған көптеген оқиғалар болды. Соның ішінде Қазақстандағы демографиялық процестерге ерекше әсер еткен басты оқиғаларға тоқталайық. Бұл, біріншіден 1920 жылдардың бас кезіндегі оқиға – 1921-1922 жылдардағы ашаршылық пен жұт жылдарының нәтижесі санақтарда құлдырау кезеңдері болып былай көрінеді: 1926 ж. санақта 5-9 жастағылар, 1939 ж. санақта 15-19 жас, 1959 ж. санақта – 35-39 жас, 1979 ж. санақта – 55-59 жастағылар тұсының ойсырылып тұруы. Бұлар 1917-1924 жылдары туылғандар және стихиялы опатты басынан кешіргендер.

1931-1933 ж.ж. ашаршылық кезіндегі туылғандардың орны да ерекше ойсырылып тұрады. 1939 ж. санақта олар 5-9 жастағылар, 1959 ж. – 25-29 жастағылар, 1979 ж. – 45-49 жастағылар – бұлар 1930-1934 ж.ж. туылғандар. 1921-1922 ж.ж., 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтардың «екінші» толқыны кейін де сезілді. Бұл 1945-1949 жылдары туылғандар санының төмен болуынан байқалды. Нақ осы жылдар компенсаторлық кезеңге сай келеді, алайда, бұл жылдары 1920-1930 ж.ж. туылғандар мен туылуға тиістілердің балалары дүниеге

келуі керек еді. Ал, Ұлы Отан соғысы 1941-1945 ж.ж. туылғандар санының кемуіне әсер етті. 1959 ж. 45-49 жаста болғандардың санына қарасақ, ерлердің майданға кетуінің туу көрсеткішіне тигізген кері әсерін байқаймыз. Көші-қон процестерінің нәтижесі де жастық құрылымға өз әсерін тигізді. Халықтың жыныстық-жастық құрылымындағы өзгерістер республиканы әртүрлі кезеңде тітіренткен тарихи оқиғалардан мағлұмат береді. Әрине, бұл оқиғалар туғызған «екінші» және «үшінші» толқындар демографиялық құрылымда біртіндеп әлсірей көрінеді. Ал, Қазақстандағы көші-қон процестері жас-жыныс құрамындағы апаттар туғызған құлдырау сәттерін толтырыңқырап отыруға негіз болды. Алайда, болған апаттардың орнын толықтыра алмады.

Сонымен, барлық халықтар секілді қазақтардың да ұзақ әлеуметтік-демографиялық дамуы, өндірістік капитализмнің әсерін ұзақ сезінген жоқ, сол себепті әлеуметтік-демографиялық организмнің қалыптасуы «социализмнің негізін» құру жағдайында жүрді. Барлық халық басынан өткізіп жатқан «демографиялық өтпелі кезең» қазақтарда 1960-жылдардан бастап жүрді. Халықтың өлім-жітімінің төмендеуі жағдайында көп балалы болуға негізделген дәстүрлі бағыты өзінің шегіне жетіп, бірте-бірте туу көрсеткішінің төмендеуіне әкелді. Қазақтардың жаңа генеративті әрекетке көшуі индустрияландыру мен халықтың урбанизациялануының жаңа кезеңімен сәйкес келді.

Білім деңгейі. Халықтың этнодемографиялық дамуындағы білім деңгейіндегі өзгерістердің әсері зор. Кеңестік үкімет тоталитарлы социализм құрылысының өн бойында халыққа білім беру жүйесін жетілдіруде болды.

«Адамдардың жоғарғы дәрежелі мәдениеті, білімі, қоғамдық сезімталдығы, ішкі дүниетанымының дамуынсыз коммунизм орнату мүмкін емес», - деген принципті басшылыққа алған кеңестік жүйе халық ағарту саласында ірі жетістіктерге жетті. 1939-1959 жж. аралығындағы Қазақстан халқының білім деңгейі тарихи белестерге сай өсу бағытында болды.

1897 ж. Қазақстан территориясындағы халықтың 8,1 % сауатты болса (12,0 % - ерлер, 3,6 % - әйелдер), 1926 ж. сауаттылар үлесі 25,2 %-ға өсті (35,4 % – ерлер, 14,5 % - әйелдер), 1939 ж. бұл көрсеткіш 83,6 %-ға көтерілді (90,3 % - ерлер, 75,8 % - әйелдер), 20 жылдан соң, 1959 ж. сауаттылар халықтың 96,9 % құрады (98,8 % - ерлер, 95,1 % - әйелдер). Яғни, 1897 ж. халықтың 91,9 %, 1926 ж. – 74,8 %, 1939 ж. – 16,4 %, 1959 ж. – 3,1 % - сауатсыз болған.

1939-1959 ж.ж. ішінде кеңестік мектептердегі білім беру мен тәрбиелеу жүйесі білім беру мен коммунистік тәрбиенің Лениндік

принциптері негізінде дамуды жалғастырды. Бұл жылдары мектептер түбегейлі қайта құрылды, жалпыға міндетті жеті жылдық білім сегізжылдыққа, сонан соң онжылдыққа ұласты. Сауатсыздықты жою жолында да бірқатар жетістіктерге қол жеткізілді.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде халық ағарту саласының дамуы тежелгенімен, тоқталған жоқ. Соғыс аяқталған соң мектеп жасындағы балаларды, жұмысшы жастарды мектептеріне тарту, соғысқа дейін басталған жеті жылдық білім беруді аяқтау т.б. міндеттерді шешу керек болды. Бұл міндеттерді шешуде қиындықтар көп болды: мектеп үйлері, оқу-жазу құралдары мен оқулықтар, мұғалімдер жетіспеді, көптеген отбасылардың материалдық жағдайының төмен болды, жоғарғы сынып оқушылары оқуды тастап, өндірісте немесе үй шаруашылығында жұмыс істеді т.т. Қазақстан мектептеріндегі оқушылар саны соғыс және соғыстан кейінгі жылдары 360-400 мыңға дейін кеміді. 1940/41 оқу жылында оқуға тиісті оқушылар саны 18,4 %-ға кемісе, 1941/42 – 23,6%-ға; 1942/43 – 27%-ға; 1943/44 – 24,1%-ға; 1944-45 – 19,4%-ға; 1945/46 – 14,4 %-ға түсіп, тек 1950/51 оқу жылында ғана бұл көрсеткіш 4,7 % болды [28]. 1937/38 оқу жылында оқуға барғандардың 23,4 % ғана жеті жылдық мектепті, ал, орта мектепті 2 %-дан аса бала оқып бітірді.

Соғыстан кейінгі жылдары мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту міндетін шешу жолындағы мемлекеттік құжаттар жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық білім оқуды жүзеге асыруда ерекше маңызды болды. 1950-жылдардың аяғына қарай бұл міндет негізінен орындалды. 1954/55 оқу жылындағы оқушылар саны 1945/46 жылға қарағанда 5-7 сыныптарда 418-500 мыңдай адамға өсті. Жоғарғы сынып оқушыларының саны 6 еседен аса өсті.

1945/46 мен 1952/53 оқу жылдары аралығында Ағарту Министрлігіне қарасты мектептердегі қазақ балаларының саны 210,4 мыңға өсті. Алайда, қазақ қыздары жоғары сыныптарда аз оқыды. Арнайы шаралар: 6-17 жас аралығындағы қазақ қыздарын оқыту үлесін есепке алу, ата-аналарымен арнайы әңгімелесу, интернат-пансионаттардың ашылуы және т.б. 1953/54 оқу жылында оқушы қазақтардың жартысына жуығының қыздар болуына әкелді (1945/46 ж. 30 % болатын).

Мектеп мұғалімдерінің де саны өсті. 1939/1940 оқу жылы 37359 мұғалім қызмет атқарса, 1940 ж. 1 қыркүйегінде 44597 мұғалім (17516 мұғалімге өсті) мектептерде жұмыс істеді. Олардың 17516 - қазақтар, соның ішінде 2500 - қазақ қыздары болды. 1945/46 оқу жылында мектептерде 37122 мұғалім, 608 оқу меңгерушілері, 800 мектеп директорлары еңбек етті. Мұғалімдердің 9,4 % - жоғары білімді, 10,6

% - аяқталмаған жоғары, 45,1 % орта арнаулы және орта білімді, ал 34,9 % - орта білімі жоқ болды. Оқу меңгерушілері білімі, тиісінше, 57,9 %; 27,5 %; 14,6 %; директорларда- 46,6 %; 33,4 %; 20,0 % болды [29]. Яғни, мектеп директорларының, оқу ісінің меңгерушілерінің және мұғалімдердің білім деңгейі төмен болды. Сол себепті, соғыстан кейінгі жылдары мұғалімдердің білім сапасының деңгейін көтеру шаралары жүргізілді: педагогикалық және мұғалімдік институттар, курстар, жоғарғы білім орындары білім беру жүйесінің мамандарын даярлады.

1959 ж. санақта республикада 5 адамға дейін тұрғыны бар 3445, 10 адамы бар 6234, 50 адамға дейін тұрғыны бар 20289 елді мекендер болды. Қазақстан елді пункттерінің бір-бірінің алшақтығы (100-150 шақырымға жететін), коммуникациялық байланыс пен көліктің болмауы алыс ауылдардағы, әсіресе, отарлы мал шаруашылығымен айналысатын ауыл балалаларының білім алуына кедергі келтіріп, елдегі балаларды жаппай есепке алу мен білім беру ісін қиындатты. Алайда, жетістіктер болды. 1946-1950 ж.ж. 41 мың бала орта мектепті бітірді. 1951/52 оқу жылында 4500 қазақ-оқушы орта мектепті бітірді, ал, 1941/42 ж. бар болғаны 380 оқушы бітірген.

Оқу қазақ, орыс және басқа ұлт тілдерінде жүргізілді. Алайда, орыс тілінің басты рөл атқарғаны соншалықты, орыс тілінде дәріс берілетін мектептерде қазақ тілі оқытылмады. Тек, 1958 ж. бастап орыс мектептерінде қазақ тілі жүргізіле бастады.

Депортацияланған халықтар балаларын оқуға тарту ісіне 1950 жылдары көңіл аударыла бастады. 1955/56 оқу жылында 80 мыңнан аса неміс, шешен, ингуш балалары мектепке барды. 1958 ж. 1 қаңтарынан бастап аталған тілдерде сабақ жүргізіле бастады. Аз мөлшердегі көптеген ұлт өкілдерінің балалары орыс тіліндегі мектептерге оқу үшін алдымен дайындық сыныптарына бару мүмкіндігін алды. 1950-жылдары Қытайдан келген қазақ, ұйғыр ұлттары реэмигранттарының ересектері де, балалары да не сауатсыз, не тек араб жазуын білді. Оларға арнайы орыс графикасына негізделген ана тілі оқытылды. Негізгі құжаттар, жоғары орта арнаулы оқу орындарындағы оқу т.б. білім дәрежесін көтеру мүмкіндіктері орыс тілінде жүргізілетіндіктен, орыс тілінің географиялық аумағы өсті. 1948 ж. бастап қазақ мектептерінде I-сыныпқа орыс тілі енгізілді. Ал, бұл орыстандыру саясатының көрінісі болумен бірге, Қазақстан халқының білім дәрежесін көтерудегі қадам болып табылады. 1939 ж. Қазақстанда әрбір 1000 адамға шаққанда 64 адамның жоғары, орта және аяқталмаған орта білімі болса, 1959 ж. бұл көрсеткіш 250 адам болды (еңбек етушілерде 448 адамнан келді). 1939 ж. әрбір 1000 қазаққа 22 жоғары, орта және аяқталмаған орта білімді маманнан келсе, 1959 ж. 194 адамнан келді. Ал, қазақ әйелдерінің білім дәрежесі

ерекше өсті. 20 жыл ішінде білімді қазақ әйелдерінің саны 21 есе өсті. 1939 ж. 1000 адамға 7, 1959 ж. 145 білімді қазақ әйелінен келді. Орыстарда тиісінше, 1939 ж. – 96, 1959 ж. – 298 (511), украиндарда – 1939 ж. – 74, 1959 ж. – 320 (498), татарларда – 1939 ж. – 94, 1959 ж. – 312, өзбектерде – 1939 ж. – 23, 1959 ж. – 213 (421) адамнан келді.

Мектептерді дәріс беру тіліне қарай бөлсек, онда 1940/41 оқу жылында 7566 мектептің 3714-і (49 %) қазақ мектептері болса, 1960/61 оқу жылындағы 9017 мектептері болды, әсіресе, орта мектептердегі қазақ мектептерінің үлесі жылдарға сәйкес, 26 %-дан 14,8 %-ға түсті. 700 аса қазақ мектептері жабылды не орыс тіліне көшірілді. Яғни, білім беру жүйесіндегі қазақ халқының үлесі аз болды.

1956-1957 оқу жылындағы мәлімет бойынша республикадағы білім беретін 8761 мектептің 7343-і бір тілде (қазақ, орыс, өзбек, тәжік, ұйғыр) оқытатын мектептерде 843709 оқушы оқыды. Соның ішінде 4058 мектепте сабақ орыс тілінде жүргізілді. Ол мектептерде бір тілде оқитын оқушылардың 74,7 %-ы оқыған. Қазақ мектептерінде бір тілде оқитын оқушылардың 23,4 %-ы оқыған. Екі және одан да көп тілде дәріс беретін 1418 мектептің 1387-сінде орыс пен қазақ, орыс пен ұйғыр, орыс пен өзбек және т.б. тілдерінде сабақ жүргізілген (онда 306110 оқушы (98,1 %) оқыған). Яғни, оқу жылы басындағы 8761 мектептің 5445-і (62 %) негізінен орыс тілінде дәріс беретін мектеп болған, онда республикадағы 1487929 баланың 949443 (64 %) орыс тілінде оқыған деуге болады [30, 55]. Ал, алыс ауылдарда, мал шаруашылығымен айналысатын шалғай аудандардағы балалардың (негізінен қазақ балаларының) білім алу мүмкіндіктерінің шектелуі де кері нәтижесін берді десек те болады. 1950-жылдары қазақ мектептерінің жабылып, дәріс беру мен іс қағаздарын орыс тілінде жүргізудің енгізілуіне, сонымен бірге қазақтардың негізгі көпшілігі 1-ден, ауылды жерлерде тұратындықтан, 2-ден, алыс шалғайдағы отарлы мал шаруашылығымен айналысатын (олардың 86 % – қазақтар) бөлігінің мектеп жасындағы балаларының оқи алмауына байланысты, оқушы қазақ балалар саны аз болды. Нәтижесінде, орта арнаулы білімі мен жоғарғы білімі барлар қатарында қазақ ұлты өкілдері төменгі көрсеткіштерге ие болды. Мысалы, 1939 ж. дейін жоғарғы оқу орындарын 4357 адам бітіріп шықса, соның ішінде, инженерлердің 1,0 %, агроном, зоотехниктердің 17,8 %, мұғалімдердің 7,3 % қазақ мамандары болды [31].

Сауатсыздық туралы айтайық. 1959 ж. есеп бойынша, шалғай ауылдардағы отарлы мал шаруашылығымен айналысатын 97042 адамның 83614-і (86,2 %) қазақ ұлтынан, одан кейінгі көрсеткіш – орыстар 4671 (4,8 %). Негізінен Қызылорда және Атырау облыстарындағы малшылардың 100 % - қазақтар, Қостанайда – 98, Ақтөбе – 97, Батыс Қазақстанда – 93 % - қазақтар. Соның ішінде, 9 жастан жоғары жастағы 68249 адамның 41018-інің (60,1 %) білімі жоқ (оның 26114 адамы (38,3 %) – сауатты, 14904 адамы (21,8 %)

сауатсыз). 9-49 жас аралығындағы халықтың отарлы мал шаруашылығымен айналысатындардың 7,6 % сауатсыз. 1959 ж. санақта республикадағы осы жастағылардың 2,8 % сауатсыз [32]. 9-15 жастағы отарлы мал шаруашылығындағы мектеп жасындағы 7393 баланың 1559-ы (21 %) тіпті оқымады. Бұл Қазақстан халқының білім беру дәрежесінің 1959 ж.ж. төменгі деңгейінің тұрғылықты халыққа тән екендігін көрсетеді.

1941 ж. еліміздегі орта және жоғары білімді адамдар саны 16,8 мың болса, 1959 ж. 1 желтоқсандағы ҚазКСР ОСБ-ның есебі бойынша жоғарғы білімді мамандардың (112951-адам) ішінде 27005 қазақ (23,9 %), 60245 орыс (53,3 %), украиндар – 10141 (8,9 %), еврейлер – 4042 адам (3,6 %), татарлар – 2693 (2,3 %), белорустар – 1264 (1,1 %), өзбектер 1109 адам (0,9 %) болыпты. Соның ішінде, әйелдер 52816 адам (46,7 %) болса, оның ішінде орыстар 33495 адам (63,4 %) болса, қазақтар 8100 адам (15 %). Этноәлеуметтік саясаттағы теңсіздіктің көрінісі байқалады. Жоғарғы білімді мамандар даярлайтын оқу орындарындағы оқудың орыс тілінде жүруі, ал, қазақ әйелдерінің негізгі көпшілігі ауылды жерде тұратындығына байланысты қазақша білім алуы немесе, тіпті, жоғарғы білім алу үшін қажетті орта мектепті бітірушілер арасындағы қазақ әйелдерінің аздығы жоғарғы оқу орнына түсушілер мен оқуды бітіруші қазақ жастары санының төменгі мөлшерде болуына әкелді. Патриархалды тәрбиенің отбасыдағы қыз баланың орнына негізделген тәрбиенің ерекшеліктеріне байланысты да қазақ қыздарының арасында терең білім алушылардың аз екенін көруге болады.

4-кесте 1959 ж. 1 желтоқсандағы орта білімі бар адамдар [33]

	Жалпы саны	%	Соның ішінде, әйелдер	
			Жалпы саны	%
Барлығы	193914	100	114934	59,3
Соның ішінде:				
Қазақтар	31147	16	10806	9,4
Орыстар	123338	63,6	82039	71,3
Украин	19552	10	–	–
Татар	4454	2,2	–	–
Белорус	2431	1,2	–	–
Еврейлер	1893	0,9	–	–

1939 ж. санақта 9-49 жас аралығындағы сауатсыздар ауылдық жерлерде 18,2 % болыпты 1951 ж. 1 қаңтарында республикада 8-49

жас аралығындағы 2523 мың адамның 224,1 мыңы (8,9 %) сауатсыз болыпты. Осы жылғы мәлімет бойынша, Ақтөбе (11,2 %), Жамбыл (13,5 %) және Оңтүстік Қазақстан (11,6 %) облыстарында сауатсыздар көбірек болды. 1951 ж. 8 тамыз күні Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Қаулысына сай, елде сауатсыздықты жою шаралары жүргізілді: барлық мектептерде 6 айлық сауат ашу мектептері жұмыс істеді, отарлы мал шаруашылығымен айналысатын ауылдардағы сауатсыздарды, арнайы қоныстанушылардың сауатсыз бөлігін, жұмыс істемейтін үй шаруасындағыларды оқыту, бастауыш білім беру жүйесін жетілдіру шаралары жүргізілді. Нәтижесінде, 1954 ж. сауатсыздар саны 89,4 мыңға азайды, сауатсыздар 134,7 мың адам болып есептелінді [33].

1939-1959 жылдардағы санақтар халық құрамында бастауыш, аяқталмаған жеті жылдық және сегіз жылдық білімі барлардың санының бірте-бірте азайып, орта, арнаулы орта білімі барлардың санының өсе бастағанын көрсетті. 1939 ж. бастауыш, орталау және орта мектептер 7790 болса, 1959 ж. 9497 – ге жетіп, оларда 1939 ж. 1138187, ал, 1959 ж. 1548409 оқушы оқыды. Оларға 1939 ж. 44381, 1959 ж. 88006 мұғалім сабақ берген. Оқушылар арасындағы қазақ балаларының саны да өскен. Бірақ, үлесі басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда төмен болды. Сондай-ақ, арнайы орта білім беретін оқу орындары 1939 ж. 120 болса, 1959 ж. 141-ге жеткен, 1939 ж. Қазақстанда 20 жоғарғы оқу орнында 10,4 мың, 1959 ж. 27 оқу орнында 65,2 мың студент студент оқыды [34]. 1941 ж. 1 қаңтарында республика халық шаруашылығында 16,8 мың жоғарғы білімді мамандар қызмет етті. 1944 ж. 13 сәуірінен бастап жоғарғы оқу орындарында әскери дайындық жүргізіле бастады. Соғыс жылдарында білім ордалары соғыс жағдайына сай қызмет етті. Соғыс басталған күндері-ақ ҚазМУ-дің 1368 оқытушылары мен студенттері майданға кетті. Елдің әртүрлі қалаларынан Қазақ КСР-на 22 жоғарғы оқу орнымен бірге 8 мыңнан аса студенттер, 545 оқытушылар, соның ішінде 98 ғылым докторлары мен профессорлар, 210 ғылым кандидаттары мен доценттер эвакуацияланды. Мамандар даярлау мен ғылыми жұмыстар жалғастырылды. Сырттан оқу түріне ерекше мән берілді. 1945 ж. республикада педагогикалық және мұғалімдік институттар мен университеттердің 13 сырттан оқу бөлімдері жұмыс істеп, онда 6339 мұғалім біліктілігін көтерді (олардың 1438 - қазақтар). Қазақ қыздарына арналған дайындық курстары ашылды. 1943/44 оқу жылында мұндай бөлімдерде 363 қазақ қыздары оқыды.

1950/51 оқу жылында республикадағы 26 жоғарғы оқу орындарында 31 мың адам оқыды. Олардың 50 % - ға жуығы қазақ ұл-

қыздары болды. Мысалы, 1947/48 оқу жылында оқуға түскен 5157 адамның 1909 - қазақ болса, 1949/50 оқу жылында оқуға түскен 5194 студенттің 2500-і қазақ жастары болды. Одақтың орталық қалаларында да қазақстандық жастар білім алды. Мысалы: 1955/56 оқу жылында 674 адам оқыды. Студенттер саны өсті. Егер 1940 ж. жоғарғы оқу орнында орта есеппен 520 студент оқыса (соның ішінде Гурьев мұғалімдік институтында 58 студент, Қостанай мен Қызылорда пединституттарында, тиісінше, 158, 156 студент қана оқыған), 1950/51 оқу жылында әрбір жоғарғы оқу орнына 1050 студенттен, ал 1955/56 оқу жылында – 1900 студенттен келді. 1956/57 – 25 жоғарғы оқу орында 55180 адам оқыса (1 оқу орнына 2207 адамнан), 1958/59 ж. 27 оқу орнында 65216 студент (1 оқу орнында 2415 адамнан) оқыды. 1958/59 оқу жылындағы жоғарғы оқу орындарындағы студенттер саны 1940/41 оқу жылымен салыстырғанда 6 есе өсті.

Қазақ студенттердің де саны өсіп отырды. 1950 ж. 9,9 мың қазақ оқыса, 1959 ж. 22 мыңы оқыды. Қазақ қыздарының студент қатарындағы саны өсті: 1931 ж. бар болғаны 19 қазақ қызы жоғарғы оқу орнының студенті болса, 1956 жылы олардың саны 4663 болды [35]. 1939 жылмен салыстырғанда 1959 жылы ЖОО-ндарындағы студенттер саны 6 еседен аса өсті.

Жоғарғы білімді қазақ мамандарының да саны өсті: 1954 ж. 14 мың, 1957 ж. 26 мың адам. 1959 ж. республикадағы әрбір 10000 адамға жоғарғы оқу орнының 70 студенті келді. Осы жылғы осындай көрсеткіш Франция мен Италияда, тиісінше, 40 және 34, Түркияда 15, Пакистанда 13 адамнан болды. Әрине, бұл Қазақ КСР-і үшін жоғарғы білімді мамандар даярлау ісіндегі жоғарғы жетістік болды.

Республикада әрбір 1000 адамға жоғары білімді: 1939 ж. 4 адам (ерлер 7 адам, әйелдер 2 адам), 1959 ж. 12 адам (тиісінше 15; 10) сәйкес келді. Этностарға бөліп қарастырсақ: қазақтардың 1939 ж. 1 адам (1 ер адам), 1959 ж. 8 адам (ерлерден 13, әйелдерден 4); орыстардың, тиісінше 1939 ж. 6 (10; 4), 1959 ж. 16 (16; 16), украиндардың – 1939 ж. – 5 (8; 2), 1959 ж. – 14 (18; 11), татарлардың 1939 ж. 5 (6; 4), 1959 ж. 17 (17; 17) адамы білімді болды.

1959 ж. әрбір 1000 адамға жоғары және орта (толық емес орта) нәтижесінде білімді адамдар саны бүкіл халық бойынша 250-ге, еңбек ететіндер ішінде 448-ге өссе, соның ішінде жоғары білімділер саны бүкіл халық бойынша 12-ге, еңбек етушілер ішінде 28-ге көтерілді. Осы көрсеткіштерді республикадағы ірі этностар тұрғысынан қарасақ: қазақтарда жоғары және орта білімділер тиісінше: 194, 384, соның ішінде жоғары білімділер: 8, 24 көрсеткіштер көрсетті; орыстарда тиісінше: 298, 511 және 16, 34; украиндарда тиісінше: 320, 498 және

14, 26; татарларда тиісінше: 312, 518 және 17, 36; өзбектерде тиісінше: 213, 421 және 7, 20 адамнан келді. Яғни, ең алдымен орыстар, сонан соң украиндар, татарлар, өзбектер. Этностар ішінде 5-көрсеткішті қазақтар көрсеткен екен.

Орта, арнаулы орта білімі барлардың 1939 ж. 1000 адамға шаққанда 60-ның орта білімі, 1959 ж. еңбек ететіндердің әрбір 1000 адамының ішіндегі 420-сының орта және толық аяқталмаған орта білімі болды. Соның ішінде қазақтар көрсеткіші – 1939 ж. 22 адам, ал 1959 ж. 384, соның ішінде 1939 ж. 1000 қазақтың біреуінде ғана жоғары білім болды (жоғары білімді әйелдер болмаған екен). 1959 ж. бұл көрсеткіш 24 адамға көтерілді (әйелдердің 14-еуі – жоғары білімді). Қазақтардағы орта және толық емес орта білім көрсеткіші – 1939 – 21 адам, 1959 ж. – 189; 360 адам, соның ішінде әйелдер 1939 ж. 7 адамнан 1959 ж. 273 адамға немесе 21 есеге өскен. Алайда, бұл көрсеткіштер бойынша қазақтар орыс, украин, татар, өзбектерден төменгі 5-орында тұрді.

Қазақстанда екі санақта да білімі барлардың ішінде – орыстардан соң украин, татар, өзбектердің 1000 адамға шаққандағы үлесі жоғары болды.

1940 ж. жоғары білімді мамандардың 10 % қазақтар болса, 1947 ж. – 19 % болыпты. Ал, 1950-1954 жылдар аралығында республикалық министрліктерге байланысты мағлұматтар бойынша, қазақтар үлесі 24,5 %-тен 31,8 %-ға өскен. 1957 ж. ғана мамандар ұлттық белгілері бойынша есептелінді: жоғары білімді 95259 маманның 44332-сі (46,5 %) әйелдер, 22939-н (24,1 %) қазақтар болыпты. Орта білімді мамандар – 157861 адам, 91239 әйел (57,8 %), ал, қазақтар 24407 адам (15,5 %).

Байқағанымыздай, қазақ жоғары білімді мамандардың үлесі жоғары емес. Алайда, 1954 ж. 1 сәуірдегі есеппен салыстырғанда, 1957 ж. қазақ мамандарының өсу қарқыны республикалық көрсеткіштен жоғары: барлық мамандар 68 %-ке өссе, қазақ мамандар 101 %-ке өскен. Ал, орта білімді мамандардың өсу қарқыны төмен: барлығы – 78 %-ке өссе, қазақ мамандар 45 %-ке ғана өскен. Қызылорда (57 %), Атырау (51,1 %), Алматы (37,6 %) облыстарында ғана қазақ мамандарының үлесі жоғары, ал Қостанай (12,7 %), Ақмола (13,1 %), Солтүстік Қазақстан (10,1 %) облыстары мен Алматы қаласында (15,3 %) жоғары білімді қазақтар үлесі төмен болды. Орта білімді қазақтар Алматыда (4,4 %), Шығыс Қазақстанда (6,7 %), Солтүстік Қазақстанда (7,5 %) т.б. облыстарда төменгі үлес көрсетті [36].

Сонымен, 1939ж. мен 1959 ж. санақтарын салыстыру өткен 20 жыл ішінде республика халқының барлық ұлттарының, соның ішінде қазақтардың да білім дәрежесі көтерілгенін көрсетті. Сауатсыздықты

жою, жетіжылдық, сегізжылдық және онжылдық орта білім мен арнаулы орта, жоғары білім беру бағытында мемлекет тарапынан жүргізілген саясат республикадағы сауатсыздардың үлесін 1939ж. 16,4 % -дан 1959 ж. 3,1 % -ға дейін кемітті. Әйелдердің сауаттылығы көтерілді. Соның ішінде білімді қазақ әйелдерінің саны 21 есе өсті. Алайда, қазақ халқының білім дәрежесінің өсу қарқыны басқа ұлттарға қарағанда төмен болып (7 орында), түйінді мәселенің бірі болып қала берді.

3.2.4 Қазақстандағы табиғи қозғалыс ерекшеліктері

Ауыл қазақтарына қарағанда қала қазақтарындағы туу көрсеткіштері жоғары болды. 1939 жылғы санақ бойынша, қалалардағы қазақтардың туу көрсеткіші 51,3 %; ауылдарда 43,5 %; некеге тұру да қалада жоғары 19 %; ауылда 17,4 % болды. Қала қазақтарындағы өлім-жітім де 27,6 %; (ауылда 19,5 %) сәбилер өлімі де жоғары көрсеткіштер көрсетті. Қалалардағы қазақтардың сәбилерінің өлім-жітім коэффициенті 185,0 % болса, ауылдық жерлерде 131,1 % болды [37]. Қаладағы туу, өлім-жітім, некеге тұру т.б. көрсеткіштерінің ауылдікіне қарағанда жоғары болуының тағы бір себебі: қалалардағы есеп жұмысы жақсартылған, ал, ауылдардағы салақтық жойылмаған. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-демографиялық жетілу процесі ауылдарға қарағанда қалаларда шапшаңырақ жүрді. Қазақ, өзбек, ұйғыр халқының өсімі демографиялық дүмпулер арқылы жүзеге асырылды. 1930-1950 жж. түркі халықтарында туудың жоғары көрсеткішіне негізделген дәстүрлі бағыт әлі де күшінде болды. 1930-жылдары Қазақстанның өзбек, қазақ және ұйғыр халқында көп балалы отбасылар болды, алайда, 1950 жж. соңы мен 1960 жж. басындағыдай ерекше көп болмады. Халық саны ұдайы өсуінің бағасы да жоғары болды: екі ересек баласы тірі болуы үшін 6-8 баладан туу керек еді.

1939 ж. Қазақстандағы табиғи өсім 23,5 % болды [38]. 1940 ж. табиғи өсім төмендей бастады. Статистикалық мағлұматтар бойынша, 1939 ж. некеге тұру коэффициенті 6,8 %, 1940 ж. 6,1 %-ға түскен. Бұл жылдары туу 0,3 %-ге өскенімен, өлім-жітім 3,7 % болғандықтан, табиғи өсім 3,4 %-ге төмендеді. Бұл әлеуметтік мұқтаждықтарға жұмсалатын мемлекеттік бюджеттің негізгі бөлігінің елдің қорғанысына жіберілуіне байланысты халықтың материалдық жағдайының төмендеуіне байланысты түсіндіріледі. Бұл жылдары Кеңес – фин әскери компаниясына байланысты Қызыл әскер қатары өсті, компания үлкен шығынмен аяқталды. Кеңес-фин соғысында 70 мың адам өлді, жаралылар, әсіресе, үсігендер саны 176 мың адам

болды. Ал, бұл өз кезегінде, бірінші және одан кейінгі кезектегі балалардың туылуының кейінге шегерілуіне әкелді. Сонымен, 1940-1950 ж.ж. аралығында Одақта да, республикада да туу көрсеткіші төмендеді. Одақ бойынша 4,6 %, Қазақстанда 5,2 %. 1952 ж. бастап, туу коэффициентімен салыстырғандағы өлім-жітім коэффициенті төмендей бастады. 1940 ж. салыстырғанда 1950 ж. өлім-жітім көрсеткіші екі еседей төмендеген: КСРО бойынша 1940 ж. 8,1 %, 1950 ж. 9,7 %, Қазақстанда 1940 ж. 22,0 %, 1950 ж. 11,5% [34, 10-11]. Соғыс алдындағы жылдары Қазақстандағы табиғи өсім басқа республикаларға қарағанда жоғары болды, себебіне экономика мен мәдениет саласындағы кейбір жетістіктерді, тұрмыстық қызмет көрсетудің жаңа салаларының пайда болуын жатқызамыз.

Ұлы Отан соғысы басталуымен бірге жалпы өлім-жітім коэффициенті де, балалар, әсіресе, сәбилер өлімі өсті. Кәрі кісілер мен созылмалы аурулар және мүгедектердің ерте өлімі өсті. Әсіресе, соғыстың алғашқы күніндегі жаппай эвакуация, әлеуметтік шаруашылық және азық-түлік жағдайының төмендеуі - өлім-жітімнің күрт өсуіне әкелді. Бала өлімінің өсуі 1942 ж. ортасына дейін байқалды. 1943 ж. бастап соғыстың өн бойында жалғасқан бала өлімінің төмендеуі байқалды. Соғыстың соңғы жылындағы балалар өлімінің көрсеткіші соғыс алдындағы жылға қарағанда төмен болды. Ал, оның себептері туудың төмендеуі нәтижесінде аз балалықтың жүзеге асуы, инфекциялық аурулардың сиректетілуі, медициналық консультациялардың өсуі, препараттармен емдеу ісінің қолға алына бастауымен байланысты. Соғыс жылдары Қазақстандағы ең жоғары өлім-жітім 1943-1944 ж.ж. сәйкес келді. 1940 ж. Қаз КСР-нда денсаулық сақтау ісіне 300 млн сом қаржы бөлінсе, 1945 ж. 375 млн сом бөлінді. 1940 ж. 22 мың ауруханалық керует есептелінсе, 1946 ж. 26,3 мыңға өсті. Ал, бұған КСРО Жоғары Кеңесінің 1944 ж. 8 шілдедегі жарғысы бойынша әйелдер мен балаларды қорғау және туу мекемелері жүйесін көбейту шараларының жолға қойылуы себеп болды [39]. Нақ осыған байланысты Қазақстанда халықтың табиғи өсімінің қарқыны жоғарылай бастады. 1950 ж. бастап некеге тұру көрсеткіші өсе бастады, алайда, 1939 ж. деңгейге жете алмады: 1939 ж. некеге тұру коэффициенті 13,8 % еді, ал, 1950 ж. 11,7 % болды. Тек, 1958 ж. ғана республика соғысқа дейінгі некеге тұру деңгейіне жетті - 13,8 % (одақтық көрсеткіш 12,5%). Оған тың игерушілер, өнеркәсіп құрылыстарына келгендер және т.б. көші-қоншылар арасындағы некеге тұру мен бірінші кезектегі балалы болу көрсеткіштерінің де қатысы бар.

Сонымен, ауыл қазақтарына қарағанда қала қазақтарындағы туу

көрсеткіштері жоғары болды. 1939 жылғы санақ бойынша, қалалардағы қазақтардың туу көрсеткіші 51,3 %; ауылдарда 43,5 %; некеге тұру да қалада жоғары 19 %; ауылда 17,4 % болды. Қала қазақтарындағы өлім-жітім де 27,6 %; (ауылда 19,5 %) сәбилер өлімі де жоғары көрсеткіштер көрсетті. Қалалардағы қазақтардың сәбилерінің өлім-жітім коэффициенті 185,0 % болса, ауылдық жерлерде 131,1 % болды [40]. Қаладағы туу, өлім-жітім, некеге тұру т.б. көрсеткіштерінің ауылдікіне қарағанда жоғары болуының тағы бір себебі: қалалардағы есеп жұмысы жақсартылған, ал, ауылдардағы салақтық жойылмаған. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-демографиялық жетілу процесі ауылдарға қарағанда қалаларда шапшаңырақ жүрді. Қазақ, өзбек, ұйғыр халқының әлеуметтік-демографиялық бейнесінің құрылуы қалада да демографиялық дүмпулер арқылы жүзеге асырылды. Жалпы, 1930-1950 ж.ж. әлеуметтік-демографиялық организмнің жетілу процесі интенсивті түрде жүрді, сонымен бірге, туудың жоғары көрсеткішіне негізделген дәстүрлі бағыт әлі де күшінде болды. 1930-жылдары Қазақстанның өзбек, қазақ және ұйғыр халқында көп балалы отбасылар болды, алайда, 1950 жж. соңы мен 1960 жж. басындағыдай ерекше көп болмады. Оған себеп, соғыс алдындағы кезеңде туу деңгейі өскенімен, өлім-жітім деңгейі төмендемеді. Ерекше, балалар мен сәбилер өлімі көп болды. Халық саны ұдайы өсуінің бағасы да жоғары болды: екі ересек баласы тірі болуы үшін 6-8 баладан туу керек еді.

1950 жылдардың басында қазақ халқының құрамында қала тұрғындары санының үлесі өскенімен, тууда шектеу байқалмады. Керісінше, қалаға көшу есебінен, әсіресе, жұмысшылар арасында қалалық қазақтардың балалы болу көрсеткіші өсті. Бұл қалаға көшкендердің әлеуметтік жағдайының салыстырмалы түрде жақсаруына байланысты. Қала мен ауыл арасындағы тұрмыстық, әлеуметтік-гигиеналық өзгешеліктер мен қаланың әлеуметтік-экономикалық артықшылығы қала халқының балалы болу көрсеткіштерінің өсуіне әкелді. Мысалы, Атырау облысының ауылдарына қарағанда қалаларындағы туу көрсеткіші жоғары болды, 1951 ж. туу көрсеткіші қалаларда 37,8 % болса, ауылдарда 35,1 %, 1955 ж. қалаларда 40,7 %, ауылдарда 37,4 %.

1950-1955 ж.ж. аралығында өкпе қабынуына, туберкулез бен дизентериядан өлгендер саны азайған екен. Алайда, қатерлі ісік себебінен өлім-жітім саны мен үлесі өскен. Тек, облыстық қалаларда ғана қатерлі ісіктен өлім-жітім жылға (1950 ж. – 1449, 1951 ж. – 1608, 1952 ж. – 1716, 1953 ж. жартысында ғана 934 адам) көбеюде. Тек, 1953

ж. 1952 жылмен салыстырғанда Семей облысында ісік ауруынан өлгендер 25,6 %-ға өскен. (Аякөз қаласында 45,9 %-ға өскен. Жекелеген облыстардағы өлім-жітімдер туралы мұрағат құжаттарын саралағанда, 1940 жылдары инфекциялық аурулар, өкпе аурулары туберкулез, жүрек ауруларынан өлгендер үлесінің көптігі туралы мәліметтерін кездестірсек, 1950 жылдары 1 орынға қатерлі ісіктен өлудің шыққанын байқаймыз. Өлім себептерін көрсеткенде метеорологиялық жағдайлар мен дезоқұралдардың жетіспеуінен медициналық көмектің жетімсіздігінен деп көрсетілді. 1955 ж. Қазақстанның ауылдық жерлерінде 1 дәрігерге 2424 адамнан келді. Соның ішінде ең көбі - Ақтөбе облысында - 3057, Қызылорда - 4238, Қостанай -2990 адамнан келді. Алматы облысы 1616 адамнан келген [41]. Бұл, денсаулық сақтау ісінің нәтижесінің төменділігі. Сонымен бірге, кезінде жасырып, қазір ашық айтылып жатқандай, өлім-жітім коэффициенттерінің Атырау, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Семей, Талдықорған облыстарында әлі күнге дейін салыстырмалы төмендемей тұруының, бұрыннан белгісіз аурулар мен қатерлі ісік аурулары түрлерінің өсуінің басты себебі - Қазақстан жерінің соғыстан кейінгі жылдардан бері ядролық қаруларды сынау мен қосмосты игеру полигонына айналуы және табиғи ресурстарды есепсіз пайдалану арқылы экологиялық жағдайларды туындатуы болып табылады. Мысалы, Семей полигонында 1949-1989 жж. арасында 642 рет атом қаруы сыналған. Ол 20 млн. га жердің тоз-тозын шығарып, тіршіліксіз экожүйеге айналдырды. Соның нәтижесінде 3,4 млн. адам әлі зардап шегіп отыр. Қазақстанда қазіргі кезде 16 млн. тонна қатты радиоактивті қалдықтар жинақталған. Мамандардың зерттеуі бойынша, Қазақстанда тұратын 2,6 млн. адам «мутагенез» ауруына шалдығып отырғаны анықталған [42]. Қазір белгілі болып отырғанындай, әрбір космосқа ұшқан кеменің аумағы 22 шақырым ауадағы озондық тіршілік пердесін өртеп жіберетіні анықталуда [43]. Атырау облысының Орда ауанының жерінде екі полигон бар: 1) Капустин Яр - аудан орталығы Сайкыннан 50 шақырым жерде, 2) Ахтуба полигоны 45 шақырым жерде. Нәтижесінде, ана мен бала өлімі ұлғайып, ісік аурулары меңдеп барады, психикалық науқасқа шалдыққандар саны өсіп, ақыл есі кем балалар туу өсуде. 1991 ж. мәлімет бойынша, облыстардағы психикалық ауруға шалдыққан адамдар әр жүз мың арасында – 1624, ақыл-есі кем балалар туу өсуде. 1991 ж. мәлімет бойынша, облыстардағы психикалық ауруға шалдыққан адамдар әр жүз мың арасында 1624, ақыл-есі кем балалардың тууы 4612. Осы күні Солтүстік Қазақстандағы құнарлы жерлердің 25-30% жарамсызданса, Батыс Қазақстанда мұнай – газ

өнеркәсібі өнімдері қалдықтарымен ластануы – 100 мың гектар жерді, техногенді ластану-2,5 млн. гектар, жайылымдардың деградацияға ұшырауы – 3 млн гектар жерді қамтып отыр. Әсіресе, Азғыр мен Тайсойған полигондары (1,4 млн гектар жер) радиоактивті қалдықтармен ластанғаны белгілі. Нақ осындай киын жағдайдың негізі еңбекте қарастырылып отырылған кезеңде қалыптастырылған болатын. Семей полигонына тақау аудандарда лейкоз ауруы бірінші атом жарылысынан кейінгі 4-9 жыл аралығында 3 есе өскен, қатерлі ісік Қайнар, Саржал, Қарауыл, Долон, Знаменка елді мекендерінде асқазан рагі жыл сайын 60-65; бауыр рагы 62-67 %- ке өсіп отырды. Қазақстан бойынша көрсеткіштен 6-7 есе көп.

Ядролық сынақтар басталғанына 1-2 жыл өткен соң-ақ зардап шеккен аудандарда балалар өлімі 4-5 есе көбейіп, жаңа туған 1009 нәрестенің 85-100-і ажал құшағына енді. Тек, 14 жылдан соң, ашық ядролық жарылыстар тоқталған соң бұл көрсеткіш сәл төмендеп, 1000 сәбидің 56-62-сі, ал, 20 жылдан соң 48-50-і өлімге ұшырады [44]. Туа біткен кемтарлық коэффициентін осы аудандарда қазір 48 % болып отыр, ал бұл республикалық көрсеткіштен 6 есе көп. Семейде 1954 ж. дейін онкологиялық аурудан өлім-жітім Павлодар және Өскемен қалаларымен салыстырғанда 1,5 есе кем болған. Ал, 1966 ж. онкологиялық аурулардан 3 есе көбейіп, аталған қалалардан 1,5-2 есе асып түсті. 1949-1965 ж.ж. арасында Семей облысы халқының 30-35 %-і қайтара радиоактивті сәулелермен дімкәстанған деген есеп бар.

1940 жылдарға қарағанда 1950 жылдары 1 жасқа дейінгі балалар өлімінің деңгейі де төмендей бастады. 1940 ж. бұл көрсеткіш - 176,4 % болса, 1950 ж. 74,0 %, 1955 ж. 59,9 %-ге төмендеді. Алайда өлім-жітім көрсеткіштері қолайсыз Семей (83,4 %), Атырау (81,5 %), Солтүстік Қазақстан (71,7 %), Павлодар (71,6 %) облыстарында балалар өлімі де жоғары болды. Соның ішінде Семей облысында 1955 ж. балалар өлімі 1954 ж. қарағанда өсті де. Әсіресе, Атырау облысындағы балалар өлімінің коэффициенті 1950 жылдар бойы жоғары деңгейде болды, 1955 ж. - 81,5 %, 1956 ж. - 80,0 %, 1957 ж. - 87 % өсті. Ал, Алматы (52,2 %), Оңтүстік Қазақстан (55,1 %), Қызылорда (48,5 %) облыстарында бұл көрсеткіштің төмендегені байқалды. Балалар жаз айларында - токсикологиялық дисперсия, іш ауруы, қыста - қызылша, өкпе қабынулары ауруларынан көп өлді.

Қазақстандағы өлім-жітім коэффициенті 1940-1958 ж.ж. 22,0 %-ден 6,8 %-ге түсіп, 3,1 есе кемісе, туу коэффициентінде 1950-жылдары өзгеріс болған жоқ. 1940-1958 ж.ж. аралығында туылғандардың абсолюттік саны 79,2 мыңға өскенмен, 1000 адамға шаққандағы мөлшері 40,7 %-ден 36,0 %-ге кеміген. 1946-1950 ж.ж. салыстырғанда

1951-1955 ж.ж. туылғандар саны 22 %-ке өскенімен, 1955 ж. Қазақстандағы туу коэффициенті КСРО-ң туу көрсеткішіне қарағанда (25,6 %) жоғары болды. Алайда, 1950 жылдары туу коэффициенті жылдарға сәйкес төмендеді. 1950 ж. – 38,3 %, 1953 ж. – 36,7 %, 1954 ж. – 36,0 %, 1955 ж. – 36,8 %, 1958 ж. – 36,4 %-ге түсті (бұл КСРО көрсеткішінен жоғары) [45].

КСРО құрамында болған республикалар ішінде Қазақстан, Орта Азия республикалары, Азербайжан мен Армения туу көрсеткіштері жоғары республикалар болып табылады. Бұлардағы туу деңгейлері мен даму үрдістері біркелі емес. Бұны туудың жаңа көрсеткіштеріне өтетін өтпелі кезеңдердің әркелкілігінен де көреміз:

1950-1955 ж.ж. *некеге тұру* республика бойынша 0,8 %-ға өсті. Соның ішінде тың жерлер игерілмеген облыстарда некелесу көрсеткіші төмендеген: Алматы облысында 2,5 %-ға, Батыс Қазақстан - 1,4 % - ға, Қызылорда - 3,6 %-ға; ал тың игерілген облыстардағы көрсеткіш күрт өскен: Павлодар - 2,6 %-ға, Ақмола - 4,0 %-ға, Көкшетау - 4,2 %-ға және Қостанай облысында - 6,0 %-ға, 1956 ж. (107,1 мың) және 1957 ж. (115,4 мың) да некелесу көрсеткіші өсу үстінде болды. Некелесу коэффициенті де тың игерілген облыстардағы жоғарғы деңгей мен Қазақстанның Оңтүстік және Батыс облыстарындағы төменгі деңгейді бейнеленді: 1955, 1956, 1957 ж.ж. сәйкес некелесу коэффициенті жоғары облыстарға тоқталайық: Ақмола облысы - 15,3 %; 14,4 %; 15,3 %, Қарағанды облысы - 16,2 %; 16,1 %; 14,5 %, Көкшетау облысы - 15,3 %; 14,45 %; 16,2 %, Қостанай облысы - 15,7 %; 14,4 %; 15,3 %, Павлодар облысы - 13,9 %; 13,4 %; 13,6 %, Солтүстік Қазақстан облысы - 13,1 %; 12,7 %; 13,5 % көрсеткіштерін берді. Ал, республикадағы орташа некелесу коэффициенті 1956 ж. 12,5 %, 1957 ж. - 13 % еді [46]. Байқап қарасақ, барлық тың облыстарында туу коэффициентінің 0,9 %-ден 13 %-ге дейін төмендеуі байқалады. Алайда, басқа облыстарға қарағанда деңгейі жоғары. Тың облыстардың кейбір аудандарындағы некелесу коэффициенті ерекше жоғары болды. Мысалы, Ақмола облысының Есіл ауданы 1956 ж. 21 %, Көкшетау облысының Қызылту және Рузаев аудандарында 19-20 %-ге жеткен т.т. Тың игерілмеген облыстардың көрсеткіші жалпы республикалық деңгейден төмен болды. 1955, 1956 ж.ж. сәйкес: Алматы облысы 10,0 %, 9,7 %, Атырау - 10,1 %, 10,6 %, Қызылорда - 8,5 %, 9,9 %, Талдықорған - 10,0 %, 10,2 %, Оңтүстік Қазақстан - 10,5 %; 10,8 %-дік көрсеткішті көрсетті. Бұл облыстарда 1950-1955 ж.ж. некелесу төмендегенмен, 1956 жылдан бастап өсе бастады.

Некедегілердің жас және жыныс ерекшеліктеріне келсек, 20-29

жастағылар некеге тұрғандардың 1955 ж. 64,8 %-ын құраса, 1957 ж. 66,5 %-ын берді, ал, әйелдердің 18-29 жас аралығындағылары некеге көп тұрды, олар некелескендердің 1955 ж. 76,1 %-ын, 1957 ж. 78,3 %-ын құрады. 18 жасқа дейінгілердің некелесу фактілері де тіркелген: 1952 ж. 164 ер, 904 әйел адам некеге тұрған.

Ажырасу деңгейі де өсті. 1956 ж. - 19521, 1957 ж. - 1889 ажырасу ісі тіркелген. Бұл алдындағы жылдарға қарағанда 10,5 % және 24,2 %-ға өскен деген сөз. Ең көп ажырасу оқиғасы 1957 ж. Алматы қаласында тіркелген – 335, бұл республикалық көрсеткіштің 1/3 бөлігі. Ер адамдардың 25-39 жас аралығындағылардағы ажырасу үлесі анағұрлым көп: 1956 ж. - 76,4 %; 1957 ж. - 76,6 %; 20-39 жастағы әйелдер ажырасуының үлесі жоғары: 1956 ж. - 87 %-ға өскен. 1957 ж. ажырасқандар саны 1889 болса, 1958 ж. 2541-ға өсті, 1959 ж. - 3273-ға жетті (0,3%) 1938 ж. - 6817 (3%), 1939 ж. - 7324 (3,2%) көрсеткіштермен салыстырсақ, заңдық некедегілердің ажырасуы сирек кездесетінін айту керек. Ауылдық жерлерге қарағанда қалаларда тіркеу жұмысы жолға қойылған болатын. Ал, ауылдарда некені тіркеуді жұбайлар міндетті деп есептемеді де [47]. Сонымен, «некелесу науқаны» елде Кеңес армиясынан демобилизацияланғаннан кейін жүрсе, 1954-1956 ж.ж. екінші «некелесу науқаны» жүрді. 1950 жылдардың соңынан бастап, некеге тұру көрсеткіші төмендей бастады (тың игерілген облыстарды есептемегенде). Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында некелесу деңгейі жалпы республикалық деңгейге жете-ғабыл жүріп отырды, республикада 1958 ж. 1955 жылмен салыстырғанда некелесу 1,3%-ға өсті. Тың облыстарында 1958 жылдан кейін некелесу деңгейі төмендей бастады. Мысалы: Ақмола облысында 1955-1958 ж.ж. арасында 1,1 %-ға, Көкшетауда 1,2 %-ға төмендеді. Ал, Жамбыл (0,3 %), Қызылорда (2,6 %), Оңтүстік Қазақстан (1,9 %) облыстарының коэффициенттік деңгейі өсті. Бұдан шығатын қорытынды: тың игеру жылдарының аяғына қарай жалпы республикалық көрсеткіш барлық облыстарда біртектес деңгейге түсті.

1939-1959 ж.ж. арасындағы өзгерістерді нақтылағанда, республика халқының жалпы санындағы қазақ емес ұлттардың үлестік мөлшерінің өсуіне әсер еткен тағы бір көші-қон шарасы бүкіл Одақтық екіпінді құрылыстар ретінде жарияланып, одақ көлеміндегі халықтардың едәуір бөлігін қозғалысқа келтірген ірі өнеркәсіп орындарының құрылыстарына байланысты. Қазақстанның үлкен табиғи ресурстарын шаруашылық айналымға тарту үшін соғыстан кейінгі жылдары республикада индустрияландыру процесі жалғастырылды. Қазақстан индустриясын, әсіресе, өнеркәсіпті дамыту үшін едәуір күрделі қаржы бөлінді. Барлық облыстарда дерлік ірі өнеркәсіп нысандарының

құрылысы жүрді: 1954-1958 ж.ж. ғана 730 жаңа өнеркәсіп орындары салынып, іске қосылды. Ал, бұл құрылыс нысандарына одақ бойынша және республика ішінен адамдарды құрылысқа ұйымдасқан түрде алу жүргізілді. 1952 ж. құрылыстарға жұмысқа қабылданған 2733 адамның 497 ғана (18 %) республикадан тысқары жерден келгендер болса, 1954 ж. бастап республикадан тысқары жерлерден ұйымдастырылған түрде жұмысқа алу нәтижесінде республикадан тыс жерлерден: 1954 ж. 41,4 мың адам, 1955 ж. – 60,4 мың, 1956 ж. 62 мыңнан аса жұмыс күші ұйымдастырылған топтар түрінде келді. 1957-1960 ж.ж. келушілер саны азайған секілді. 1954-1960 ж.ж. аралығында Қазақстанға басқа республикадан барлығы 329,2 адам жіберілген, ал, өз ішінен 122,8 мың адам ұйымдастырылған [48]. 1955-1958 ж.ж. арасында жыл сайын орташа есеппен Қазақстанға 50 мың адам көшііп келіп отырды [49]. Қазақстанның бүкіл өнеркәсібінің жалпы өнімі 1960 ж. 1950 жылғы деңгейден 3,2 есе асып түсті.

Жұмысшылардың негізгі бөлігі РКФСР, Украина, Белоруссия, Литва және Молдавиядан келді. Мысалы, 1955 жылдың бірнеше айы бойы РКФСР-ден Қазақстанға 75,7 мың адам келген екен (соның ішінде тың игерушілер де бар, кадрларды қоғамдық үндеу арқылы жинау маңызды рөл атқара бастады. 1956 ж. мамырында КОКП ОК мен Министрлер Кеңесі комсомолдар мен жастарды ірі кәсіпорындар құрылыстарына баруға үндеу тастады. Соколов-Сарыбай, Жезқазған тау-кен байыту комбинаттарына, Қарағанды металлургиялық, Павлодар алюминий заводтарына, «Қаратау» тау-химиялық комбинат, Бұхтарма ГЭС-нің құрылыстарына ондаған мың патриоттар келді. 1956 ж. үндеу бойынша Қазметаллургқұрылыс тресіне 3,5 мың адам 1958 ж. 6029 ерікті құрылысшылар келді [50]. 1958 ж. Қазақстанға 50 мың комсомолдар мен жастар келді. Қазақстандағы 14 құрылыс Бүкілодақтық екпінді комсомол құрылыстары деп жарияланды. Қарағанды металлургиялық завод құрылысына 1957-1959 ж.ж. 18 мың жастар келді. Соколов-Сарыбай комбинаты құрылысында, Соколов-рудқұрылыс тресінде РКФСР, Туркменстан, Украина, Тәжікстан, Белоруссия мен Литвадан келген еріктілер еңбек етті. Қостанай облысында пайдалануға берілген Лисаков-тау-кен байыту, Жетіғара асбест, Қостанай камвольды-шұға комбинаты шырайландырылды. Нәтижесінде, қала халқының саны өсті. 1939 ж. салыстырғанда 1959 ж. қала халқы 3,8 есе, ауыл халқы 1,6 есе өсті. Егер облыста 1959-1970 ж.ж. арасында халық саны 2,5 %-ға өссе, қала халқы 95,2 %-ға өскен. 1939 ж. санақта қала халқының үлесі 13,1 % болса, 1959 ж. – 26,4, 1970 ж. – 41,3, 1979 ж. – 48 % болды.

Маңғышлақты игеруге 12 одақтық, 11 автономиялы республикалар мен 4 автономиялы облыстар өкілдері қатысты. Мұнай өнеркәсібінің орталығының қалыптасуына байланысты Маңғышлақтағы халықтың қозғалысы орта есеппен 70 %-ға өсті. Павлодар облысындағы маңызды өнеркәсіп салаларының жұмысшыларының 90 %-дайы көші-қоншылар болды. Халықтың механикалық қозғалысының үлесі 1939-1959 жылдары жалпы өсімнің 40 %-ын құрады, нәтижесінде облыс халқы 3 есе, соның ішінде, қала халқы 8 еседен аса, ауыл тұрғындары 2 есе өсті [50].

Яғни, республикадан тысқары жерден көшіп келушілер Қазақстандағы ірі өнеркәсіп орындары құрылыстарында белсенді еңбек етті. Жұмысшы ұжымдары көші-қоншылардың әр түрлі этикалық топтарынан тұрды. Мыс, Соколов-Сарыбай комбинатын 42 ұлт өкілдері тұрғызды. Қазақстан Магниткасын – көптеген ұлт өкілдері: РКФСР-нан 42 ұлт өкілдері, соның ішінде: орыстар 91,4 %, украиндар 21,1 %, татарлар 1,8 % және т.б.; Украинадан 23, оның ішінде: украиндер 67,7 %, орыстар 20,0 %; Башқұрт АКСР-нен 12, Грузия мен Өзбекстаннан 9-дан, Белоруссия мен Қырғызстаннан 8-ден ұлт өкілдері қатысты. Әрбір республикадан келген көші-қоншылардың негізгі көпшілігі жергілікті халық өкілдерінен тұрды. Мысалы, өз республикасынан келген көші-қоншылар ішіндегі армяндар үлесі 61,5 %, Литва КСР-нен келгендердің литвалықтар 1,3 % болды. Нақ осындай процесс Қазақстанды интернационалды республикаға айналдырып, автохтонды халықтың үлесін төмендетті.

Зерттеушілер соңғы уақытта дейін өнеркәсіп нысандары құрылыстарындағы ауыр жағдай туралы жұмған аузын ашпады, публицистер тың игерушілер мен құрылысшылардың салынып жатқан заводтар құралдарын орналастырушылардың әлеуметтік жайсыз тұрмысы мен материалдық жағдайын жетімсіздігін әсірелеп көрсетуге тырысты. Көші-қоншылардың сапалық құрамы туралы мағлұмат жоқ. Ал, көші-қоншылардың бір бөлігі – партия мен комсомол үндеуіне тіл қатып, ауыр жұмысты батырлық деп түсінген комсомол-романтиктер болса, екінші бөлігі ГУЛАГ жүйесі жойылғаннан кейін орнында қалған еңбекпен түзеу мекемелеріндегі контингент. Бұлардың ішінде кешегі қылмыстылар, шартты түрде кесілгендер және амнистияға түскендер де бар. Үшінші бөлігі ақша жасау мақсатымен, реальды өмірді түсінетін көші-қоншылар. Олар жұмыс жағдайларына, еңбекақы мөлшеріне қояр талаптары бар шындықты түсінетін топ болып табылады.

Қазақстанға келгендермен бірге кеткен көші-қоншылар саны да ұдайы тербелісте болды. 1959 жылы-ақ ауыр жағдайға төзбеген тың

игеруші-қоныстанушылардың келген жерлеріне, КСРО-ның қалалық бөліктері мен Қазақстанның өзге қалаларына көшіуі байқалады. 1950-жылдардың аяғына қарай солтүстік Кавказ халықтарының өз елдеріне қайтуы белсендірілді.

1951-1960 онжылдық арасында тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты көші-қон адамдардың үлкен тобын қозғалысқа түсірді.

Ә.Бөкейханов 1910 жылы: «Шаруаларды қазақ даласына асығыс және жаппай қоныстандыру барысында, оның тыңы, шаруалар қожалықтары неғұрлым интенсивті сипат алып үлгергенше ерте жырттылып жіберілуі әбден мүмкін. Ғасырлық табиғи тыңнан айырылған қазақ даласы құнарсызданданады және шаруалар қожалықтарының бүгінгі техникалық жағдайында өнім беруді тоқтатады» [51], - деп көрегендікпен айтқан екен.

Тың игеру – тым қысқа мерзімге шамадан тыс өте көп жерді (25,5 млн. гектар Қазақстанда, 16,6 млн. гектар РКФСР-да) жырттып тастау – партия мен халықтың «ұлы ерлігі» ретінде бағаланды. Төтенше қимылдар қажет болатын жерде әміршіл-әкімшіл басқару әдісі өзін-өзі уақытша болса да ақтады. Егер тыңды игеруден көп бұрын, Ұлы Отан соғысының қарсаңында Қазақстанда астық дақылдарының әр гектарынан 4,3 центнерден ғана өнім алынған болса, ал, тыңды қарқындап игерген алғашқы кезең - 1954-1958 жылдары бұл көрсеткіш 7,3 центнерге көтерілді де, ал 1961-1965 жылдары 6,1 центнерге төмендеп кетті. Одан кейінгі жылдары миллиард пұттық (6 рет) көрсеткіштерге жете отырса да әр жылға орта есеппен шаққанда 14 центнер тұрмақ 12 центнерден асқан емес. 1986 ж. Қазақстан ең жоғарғы көрсеткіш – 11,5 центнерге қол жеткізген кезде елімізде артта қалған, бірақ Қазақстаннан озып келе жатқан РКФСР әр га-дан – 17,5 ц., ал Тәжікістан – 16,0 центнерден астықты дақылдар жиналған болатын, Қырғызстан – 30,5 ц., ал, тың игермеген Белоруссия – 25,2 ц. өнім алған. Сол жылы, жалпы Одақ бойынша бұл көрсеткіш 18,0 ц. екенін ойласақ, республикадағы астықты алқаптың мүшкіл халін мойындауға тура келеді. Бұл қазіргі пікір. Ал, 1954 ж. КОКП ОК-ң Ақпан-Наурыз Пленумы тыңды аз уақытта игеру міндетін қойды. Негізінен Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарының жерлері игерілді. (1970 ж. Ақмола мен Қостанай облыстарының бірқатар аудандарынан Торғай облысы құрылды). Республиканың егістік жерінің көлемі 1953 жылғы 9,7 млн гектардан 1973 жылғы 34,2 млн гектарға өсті, соның ішінде дәнді-дақылдар жылдарға сәйкес 7,02 млн гектардан 24,7 млн гектарға өсті.

Бұл кезде түркі халықтары емес, европалық этностардың өсу қарқыны жоғары болды. 1926 жылдан бастап 1959 жылға дейінгі өсімнің жоғарғы қарқынын орыс, украин, белорустар көрсетті. Еңбекшілердің көші-қоны ауыл халқының, әсіресе, Солтүстік Қазақстанның облыстарындағы ауыл халқы санының өсуіне ерекше әсер етті. 1955 ж. Ақмола облысында халықтың механикалық өсімі 1953 жылғымен салыстырғанда 96 есе, ал, Қостанай облысында 23 есе өсті.

1939 ж. және 1959 ж. санақтарының мәліметтерін салыстыра отырып мына көрсеткішке назар аударамыз: бұл кезеңде республикадағы ауыл халқының саны 19,0 %-ға өссе, тың өлкесінде 83 %-ға өскен екен. Шығыс Қазақстан облысының халқы тың игеруші көші-қоншылар легінің ауылдық жерлерге келуінен ерекше өзгере қойған жоқ. Облыстағы ауыл халқының негізін құраған орыс және украиндер тууды шектеп, халықтың қалаға көші-қонына әсер етті. 1939-1959 жылдары ауыл халқы азайып, бұрынғы санының 85 %-ын құрады, яғни, 15 пунктке азайды (ал, облыс халқының саны 37 %-ға өскен). Нақ осындай демографиялық жағдай Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарында тек тың жерлерді игерушілер көші-қоны арқасында ғана болмай қалды. Тыңға байланысты республикаға көші-қон арқасында Көкшетау облысының халқы 49 %-ға, Қостанай – 91 %-ға, Павлодар – 105 %-ға, Ақмола – 97 %-ға, ал, Көкшетау облысындағы ауыл халқының саны 32 %-ға, Қостанайда – 62 %-ға, Павлодарда – 72 %-ға, Солтүстік Қазақстанда – 11 %-ға, Ақмола облысында 34 %-ға өсті. Тың облыстарының ауыл халқының механикалық қозғалыс есебінен өсу қарқыны мен табиғи қозғалыс есебінен жоғары өсім берген облыстардың ауыл халқының өсу қарқыны арасындағы өзгешілікті Атырау (тың емес) және Көкшетау (тың) облыстарының ауыл халқының жастық құрылымын салыстыра отырып байқауға болады. 20-29 және 30-39 жас аралығындағылар Көкшетау облысының ауыл халқының 33 %-ын құраса, Атырау облысында 27 % болған екен [52].

Көші-қоншылар ішінде ерекше тоқталуға тұратын тағы бір топ 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалысына қатысқандарды жазалау шарасынан қашқан, кеңес өкіметі қысымына шыдамаған және 1920-1921 жж. мен 1928-1933 жж. ашаршылық кезінде шетелге өтіп кеткен отандастырымыздың қайта оралу көші-қоны.

1955-1962 ж.ж. Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы мен т.б. аудандарынан қазақ, ұйғыр, дүнген, орыстардың қайта оралып, олардың негізінен Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарына тұрақтануы байқалды. Қытайдан қоныс аударушылар ішінде ресми

құжаттарда шартты түрде «Кеңес азаматтары» деп атаған контингент болды.

Олардың бұлайынша аталу сыры мынада: 1945 ж. қаңтарда Шығыс Түркістан жұмхұрияты құрылғаннан соң, Қытайда 1930-жылдары Үрімші, Құлжа, Шәуешек, Алтай және Қашқардағы кеңес консулдықтарының жанынан құрылған «Кеңес мұғаджарлар қоғамының» өкілдері мен олардың сенімді адамдары (агенттері) Кеңес үкіметіне қайтамын деген адамдарға Кеңес одағы азаматтарының паспортын үлестірген. Олардың шекарадан өткендігі туралы белгісі бар-жоқтығына қарамастан, тууы туралы куәлігін алып кеткендерді сол құжат негізінде, ал, құжаты жоқтарды тілегі бойынша «Кеңес азаматы» деген тізімге тіркеді. Сонымен бірге, КСРО-дан бармағанымен КСРО-ға, Қазақстанға кетемін деушілерге де мөрі басылған Кеңес Одағының азаматының паспортын берген. Тіпті, паспорттарды қоржынға салып жүріп, кез-келген жерде үгітке ерген адамдарға үлестіріп, «Кеңес азаматы» ретінде тізімге алған оқиғалар да кездескен.

Мұрағат құжаттарына сөз берсек, 1955 ж. Қытайдан Қазақстанға 240 мың аса «Кеңес азаматтары» келген. Соның ішінде Қазақстан кеңшарларына 240 отбасы (39467 адам, соның ішіндегі еңбекке жарамдысы 13508 адам) көшіп келді). Сондай-ақ, ұжымшарларға қоныс аударған «Кеңес азаматтары» саны 2529 отбасы (16016 адам, оның 8407-сі еңбекке жарамды, 1261 – еңбекке жарамсыздар мен қарт кісілер, 8 жасқа дейінгі балалар 3835 адам, 8 жас пен 16 аралығындағы балалар 2515 адам) болды. Қытайдан келген «Кеңес азаматтары» негізінен, жұмыс қолы жеткіліксіз және мал шаруашылығымен айналысатын Павлодар, Қостанай, Көкшетау, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Ақтөбе облыстарының ұжымшар кеңшарларына жіберілді [53]. 1950-1960-жж. Қытайдан қайта оралған қазақтардың саны туралы мәліметтер әр түрлі. Репатрианттардың саны туралы қазақстандық, шетелдік тарихшылардың пікірлері де әр басқа. Сондықтан, бұл мәселеге орай өз ойымызды айтар болсақ, мұрағат құжаттарын саралай отырып, 1954-1963 жж. Қытайдан 268371 репатриант қайта оралды деп есептейміз: 1954 ж. 2461 адам Қытайдан ұйымдасқан түрде келді. Келесі 1955 ж. мен 1963 ж. аралығында барлығы 199269 адам ұйымдасқан түрде, ал, 1962 ж. сәуір айында 66841 адам өз бетінше Қытайдан Қазақстанға оралды. 1962 ж. келгендердің ішінде 16135 әйел, 27375 бала, 13121 жалғыз бастылар тіркелді [6, 139-п.]. Барлығын қосар болсақ, репатрианттар саны 268371 адам болып шығады. Қабылданған репатрианттардың көбісі басқа республикаларға да барып орналасты. Мысалы, 1954-1965 жж.

ҚХР-нан келген 47569 отбасы (259398 адам) республиканың 14 облысына орналастырылды, 1849 отбасы (8984 адам) басқа республикаға жіберілді. Оларды шегеріп тастасақ, 1954-1965 жж. Қытайдан Қазақстанға барлығы 259, 4 мың репатриант келді деп есептейміз.

Қытай Халық Республикасынан келген қандастарымыздың негізі ауылдық жерлерге орналасты. Олардың Қазақстанға қайта оралуы 1960-1962 жж. Қазақстандағы халық өсіміне негіз болған «демографиялық» жарылысқа әсер етті деп айта аламыз.

Қытайдан келген Кеңес азаматтары Қазақстанның түкпір-түкпіріне таратылғанымен, уақыт өте негізінен Алматы, Талдықорған, Семей және Шығыс Қазақстан облыстарына шоғырланды.

1959 ж. Бүкілодақтық халық санағы қорытындысы бойынша көші-қоншы тың игерушілердің бүкіл республикадағы еңбек жасындағылардың ішіндегі үлесі 33,9 % болса, тың облыстарында тіпті 88,9 %-ға жетті. Кейінгі жылдары да тыңға келушілер легі тиылған жоқ. 1961-1965 жж. совхоздарға 160 мыңнан аса адам келді. Бір мезгілде жоспарлы көші-қон да жүріп жатты [52].

Осы кезеңдегі көші-қонның нәтижесінде республика халқының 2-3-сі жасарды. Еңбекке қабілетті 30-ға дейінгі жастар үлесі 1959 ж. санағы бойынша 62,5 % болды. 1939 ж., 1950 ж. және 1955 ж. Қазақстандағы 1000 адамға шаққандағы халықтың орташа жылдық өсім жылдарға сәйкес; 2,35; 2,54; 2,79 адам болды, ал, КСРО-да бұл көрсеткіш 1,3; 1,69; 1,72 адам болатын. 1940-1956 жылдардағы Қазақстан халқының жылдық орташа өсімі 2,32 %, ал, КСРО-да небәрі 1,6 % болған екен. Қазақстан халқының орташа жылдық өсу қарқынының КСРО-ндағы қарқынынан 0,82 % артық болғандығы тек қана табиғи жоғарғы өсімге ғана емес, сонымен бірге, ең бастысы республикаға көші-қонның жоғары қарқынды жүруіне байланысты. Жылдарға шаққанда ең жоғарғы қарқын 1950-1955 жылдар аралығында 3,7 %-ға өссе, 1955-1957 жылдары 3,4 %-ға халықтың жылына өсіп отырғандығы көрінеді [54]. КСРО халқының жалпы саны 9,5 %-ға өссе, Орал өңірі халқы 1939-1959 жылдар аралығында 28,9 % - ға, Сібір мен Қиыр Шығыс халқы 35,4 % - ға, ал, Қазақстан халқы 52,8 %-ға өсті.

1939-1959 ж.ж. санақтар аралығында Қазақстан халқы 51,1 % - ға өсті (6151 мыңнан 9295 мыңға өсті). Негізгі этностардың динамикасы: қазақтар саны 2327 мыңнан (37,8 %) 2787 мыңға (30,0 %), 460 мыңға өсіп, үлесі 7,8 пунктке төмендеді: орыстар – 2458 мыңнан (40,2 %) 3942 мыңға (42,7 %), 1514 мың адамға өсті, үлесі 2,5 пунктке көтерілді; украиндар 658 мыңнан (10,6 %) 761 мыңға (8,2 %), 103

мыңға өсіп, үлесі 2,4 пунктке төмендеді; белорустар 31 мыңнан (0,5 %) 107 мыңға (1,2 %), 76 мыңға өсіп, үлесі 0,7 % пунктке көтерілді; немістер – 92,5 мыңнан (1,5 %) 659 мыңға (7,1 %), 564,5 мыңға (7 есе) өсіп, үлесі 5,6 пунктке көтерілді т.с.с. Қазақ ұлтының үлесінің төмендеп, санының аз мөлшерде өсуі (бүкіл өсімнің 14,6 %), орыс ұлтының 61,6 %-ға өсіп (бүкіл өсімнің 48,2 %), басқа да қазақ емес ұлттардың үлесінің өсуі (37,2 %) механикалық қозғалыс есебінен болды. Айтып кеткеніміздей (1.2) бұл процестегі солтүстік аудандардағы тың игерудің рөлі жоғары болды. Оңтүстік Қазақстанда ғана қазақтар табиғи өсім 66 %-дық үлеске ие болды.

Қорыта айтқанда, 1939-1959 жж. қазақ халқы өсу жолында болған кейбір қиын тарихи қалтарыстар мен асулардан өтіп, тіпті құрып кету қаупінен тез арада құтылып, өз өмірін жалғастырып қана қойған жоқ қайта болашақ демографиялық өрлеуіне керек болатын күш-қуатты өз бойында сақтап, дамытып келеді.

Әдебиеттер

- 1 ҚРОММ. 698 - қор, 14 - тізбе, 324а - іс, 267 - парақ.
- 2 ҚРОММ 698-қор, 14-тізбе, 191-іс, 1, 2-пп.
- 3 ҚРОММ 698-қор, 14-тізбе, 404-іс, 54 парақ.
- 4 Народное хозяйство Казахской ССР. Статистический сборник. Алма-ата, Казахское государственное издательство, 1957, 381 с. (С. 8)
- 5 РМЭМ. Ф. 1652қ. 336 т. 264іс, 14 п.
- 6 Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области / под ред. И.И. Гейера. – Ташкент: Издание Сыр-Дарьинского областного статистического комитета, 1892. – Т. 2. – 514 с.
- 7 ҚР ПМ. 708-қ., 4/1-т., 1160-іс, 3,4, 43-пп.
- 8 ҚРОММ, 1987 қор, 1 тізбе, 13 іс, 18, 22, 23, 26, 32 пп.
- 9 ҚРОММ. 1987-қор, 1-тізбе, 21-іс, 29-п.
- 10 ҚРОММ, 698-қ., 14-т., 242-іс, 1, 1 қайырма, 2, 2 қайырма-пп.; ҚРОММ, 698-қ., 14-т., 250-іс, 1, 1 қайырма, 2, 2 қайырма-пп.; ҚРОММ, 698-қ., 14-т., 259-іс, 1, 1 қайырма, 2, 2 қайырма-пп.; ҚРОММ, 698-қ., 14-т., 267-іс, 74, 74 қайырма, 75, 75 қайырма-пп.
- 11 Сталинские депортации 1928-1953 гг. / сост. Яковлев А.Н., Поболь Н.Л., Полян П.М. – М.: Международный фонд «Демократия», 2005. – 904 с.
- 12 Алексеенко А.Н., Масанов Н.Э. Миграционные и этнодемографические процессы в советский период // История Казахстана: народы и культуры. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 608 с. с. 367-419, 387, 389-390.

- 13 ҚРОММ. 1987-қор, 1қ-тізбе, 33-іс, 16-парақ; 20-іс, 7-парақ.
- 14 ҚРОММ. 698-қор, 14-тізбе, 387-іс, 1, 3, 4, 6, 7, 8, 16-парақтар; Бугай Н.Ф. Правда о депортации чеченского и ингушского народа // Вопросы истории. – 1990. - № 7. - С. 33.
- 15 ҚРОММ. 1987-қор, 1-тізбе, 21 – іс, 28 – парақ.
- 16 Алдажуманов К. Насильно в Казахстан. Депортация немецкого населения // Депортированные в Казахстан народы. – Алматы: «Арыс» – 1998. – 428 с.
- 17 Боздақтар. Жинақтама том. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 480 б. (35); Козыбаев М.К. Демографические исследования в Казахстане: итоги и перспективы // Вестник АН Каз ССР. – 1991. – №11. – С. 7-13.
- 18 Тәтімов М., Әлиев Ж. Дербестігіміз – демографияда. – Алматы: Жеті Жарғы, 1999. – 264 б. Тәтімов М. Елбасы және ел саны. – Алматы: Арыс, 2009. – 224 б.
- 19 ҚРОММ. 1987-қор, 1қ-тізбе, 18-іс, 4-6 парақтар; 30-іс, 21-п.
- 20 ҚРОММ. 698-қ., 14-т., 299 а-іс.
- 21 ҚРОММ. 698-қ., 4-т., 1102-іс, 32-33, 111-пп.
- 22 РМЭМ, 1562 қор, 336 тізбе, 1566 з іс. 74-140 пп.
- 23 Всесоюзная перепись населения 1926 г. / Основные итоги. – Отдел I.– М.: Издание ЦСУ Союза ССР, 1928. - Т.8. – 256 с. С. 15-19; Всесоюзная перепись населения 1939 года: Основные итоги / под ред. Ю.А. Полякова. – М.: Наука, 1992. - 256 с.; Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 г. Казахская ССР. – М.: Госстатиздат, 1962. – 202 с. (162-181).
- 24 Боздақтар. Жинақтама том. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 480 б. 34-35.
- 25 Всесоюзная перепись населения 1926 г. / Основные итоги. – Отдел I.– М.: Издание ЦСУ Союза ССР, 1928. - Т.8. – 256 с., (15-19).; Всесоюзная перепись населения 1939 года: Основные итоги / под ред. Ю.А. Полякова. – М.: Наука, 1992. - 256 с. (5-8); Итоги Всесоюзной переписи населения 1970 г. – М.: Статистика, 1973. – Т.П. – 272 с. (32-33).
- 26 Итоги Всесоюзной переписи населения 1970 г. – М.: Статистика, 1973. – Т.П. – 272 с. С. 34-35.
- 27 ҚРОММ. 698-қ., 14-т., 570-іс, 600, 647-пп.; ҚРОММ. 155-қ., 2-т., 145-іс, 275-п.; Сифман Р.Н. К вопросу о причинах снижения детской смертности в годы Великой Отечественной войны // Продолжительность жизни: анализ и моделирование. – М., Статистика, 1979. – С. 50-61.
- 28 ҚРОММ. 1692-қор, 1-тізбе, 2240-іс, 4-парақ.
- 29 Культурное строительство Казахской ССР. Стат. сборник. – Алма-Ата, 1960. – 113 с. (87).
- 30 Асылбеков М.Х., Құдайбергенова А.И. Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1939-1959 жж.): - Алматы: Өркениет, 2005. – 160 б.

- 31 Казахская Советская Социалистическая Республика. Алма-Ата, Казгосиздат, 1939, 124 с., 106 с.
- 32 ҚРОММ. 698-қор, 14-тізбе, 449-іс, 103-парақ; 514-іс, 45, 48, 49, 51-парақтар.
- 33 ҚРОММ. 698-қор, 4-тізбе, 1102-іс, 32,33 ,111-пп.; ҚРОММ. 698-қор, 14-тізбе, 387-іс, 16,18-парақтар; 293А-іс, 97-парақ
- 34 Қазақстан за 40 лет. Статистический сборник. Алма-Ата, Госстатиздат, 1960, 425 с., 420-421 с.
- 35 Жаманбаев К.Ж. Высшая школа в Казахстане. – Алма-Ата: Қазақстан, 1972. – 184 с.. (75, 184,120).
- 36 ҚРОММ. 698-қор, 4-тізбе, 1036А -іс, 1-9-парақтар.
- 37 ҚРОММ, 698-қор, 21-тізбе, 226-іс, 1, 2, 5-парақтар; Сонда, 698-қор, 14-тізбе, 219-іс, 14-парақ.
- 38 ҚРОММ, 698- қор, 14-тізбе, 299 А- іс, 73-п.
- 39 Сифман Р.Н. К вопросу о причинах снижения детской смертности в годы Великой Отечественной войны // Продолжительность жизни: анализ и моделирование. – М., Статистика, 1979. – С. 50-61.
- 40 ҚРОММ, 698-қор, 21-тізбе, 226-іс, 1, 2, 5-парақтар; Сонда, 698-қор, 14-тізбе, 219-іс, 14-парақ.
- 41 ҚРОММ, 698-қор, 14-тізбе, 398-іс, 41,77,97,116-118,120-124,175-216-парақтар; 299-іс, 77-79-парақтар. Сонда 499-іс, 12-13-парақ; 335-іс, 17, 40, 47, 48, 93, 96, 97, 142, 147, 197–парақтар. 514-іс, 35-38, 42–парақ; 417-іс, 76–парақ; 433-іс, 156–парақ.
- 42 Ә.Бейсенова. Елімізде экологиялық жағдай қалай туындады. // Жас Алаш, № 85, 17-шілде, 2004, 5-б.
- 43 Тебеден темір жауып тұр // Дала дидары. -1991. - 28 ақпан. -4-б.
- 44 Бозтаев К. Семей полигоны. «Қайнар қасіреті». – Алматы: Қазақстан, 1997. – 295 б.
- 45 ҚРОММ. 698-қор, 14-тізбе, 450-іс, 83-85 парақта; 499-іс, 11-парақ.
- 46 ҚРОММ. 698-қор, 14-тізбе, 465-іс, 10-парақ, 514-іс, 136-парақ.
- 47 ҚРОММ. 465-іс,10-11-парақтар,499-іс, 114-115-парақтар; 500-іс, 6-парақ; 515-іс, 12, 21–парақтар; 521-іс, 2, 4, 6 пп.
- 48 История рабочего класса советского Казахстана // В 3-х т. – Алма-Ата: Наука, 1987. – Т. I. – 430 с.
- 49 Асылбеков М.Х., Нурмухамедов С.Б., Пан Н.Г. Рост индустриальных кадров рабочего класса в Казахстане (1946-1965 гг.) - 272 с. (67).
- 50 ҚРОММ, 1137-қор, 22-тізбе, 267-іс, 125 п.
- 51 Омарбеков Т. Тғын тұмшалаған шындық // Жұлдыз. -1991. N 6. 118 б.
- 52 Итоги ВПН 1959 г. КазССР, Т., 1962, С. 14, 28, 29.
- 53 ҚРОММ. 1987-қор, 1-тізбе,45-іс, 21-парақ; 387-іс, 23, 24, 86, 156- парақтар; 1987-қор, 16-тізбе, 3577-іс, 1-парақ.
- 54 698-қор,14-тізбе,510-іс, 238, 248-парақтар.

3.3 ИСТОРИКО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ КАЗАХСТАНА ЗА 1959 – 1970 ГГ.

Алмагамбетова А.М.

3.3.1 Тюркские народы Казахстана: историко-демографический анализ (1959-1970 гг.)

Демографический вопрос в истории Казахстана всегда был и остается одним из важных, так как страна имеет очень обширную территорию и многонациональный народ.

Каждый исторический период имеет свои демографические особенности, вызванные политической, экономической и социальной ситуацией в стране. В 60-70 гг. XX столетия командно-административная система по-прежнему пыталась руководить сверху, не давая возможности народу участвовать в управлении страной. Данная политика привела к краху в экономике и следовательно влияла на пессимистическое настроение народа.

«Политика реформирования экономики в 1962-1969 гг. свидетельствовала, что к середине 60-х гг. наступил предел перемен. Проводимые мероприятия не предусматривали крупных радикальных преобразований, затрагивавших экономику» [5]. Руководство во главе с Л. Брежневым предпринимают попытку проведения реформ.

Реформы 1965 года касались лишь некоторых отраслей экономики и не охватили остальных сфер жизни страны. Многие предприятия были переведены на хозрасчет, но это не спасло ситуацию [6]. Но тем не менее данные реформы дали большой толчок развитию промышленности в Казахстане. Суть реформы 1965 г. состояла в укреплении отраслей промышленности образованием ряда новых министерств, совершенствовании планирования, укреплении хозяйственного расчета, повышении роли экономических факторов [7].

Кроме того, было проведено ряд реформ по административному управлению, которые привели к негативным настроениям местных властей по отношению к центральному управлению, к примеру образование Целинного края.

Вообще, период с 1959 г. по 1970 г. в Казахстане важен тем, что страна продолжает трансформироваться из аграрной в промышленную. Причем преимущественное развитие получили отрасли добывающей промышленности. По словам Базановой Ф.Н., за 1961 – 1970 гг. объем промышленности вырос на 2,6 раза, начали функционировать более 1500 крупных промышленных предприятий и цехов: Усть-

Каменогорский титаномагнийевый, Каратауский горнохимический, Карагандинский металлургический комбинаты, Павлодарский тракторный и Иртышский химико-металлургический заводы [3, с. 109]. Для обеспечения трудовой силой промышленные предприятия Казахстана в страну прибывали выходцы из других союзных республик, что оказало значительное влияние на национальный состав населения.

В целом экономика страны была направлена на экстенсивный путь развития, который истощал ресурсы страны. Достаточно привести в пример идею целины.

На данную тему написано немного исследований. Базанова написала исследование о сложном и многоплановом историческом процессе формирования национальной структуры населения Казахстана именно, делая акцент на влиянии промышленного строительства. Не менее важным является труд Асылбекова М.Х. и Галиева А.Б. о социально-демографических процессах в Казахстане (1917-1980 гг.). Здесь исследуются изменения в составе населения, естественное движение, миграция, расселение и развитие демографической политики.

В данном исследовании в основном были использованы архивные материалы Всесоюзной переписи населения 1959 и 1970 гг. и итоги материалов Всесоюзной переписи населения по КазССР.

Согласно итогам Всесоюзной переписи населения 1959 года в национальном составе КазССР числится около 11 тюркских народов: казахи, татары, узбеки, уйгуры, азербайджанцы, турки, башкиры, киргизы, карачаевцы, балкарцы и аварцы. Всего численность тюркских народов составляет 3 257 701 человек, около 35% всего населения. Среди них большинство составляет титульная нация – казахи, чья численность достигает 2 794 966, иными словами свыше 85% тюркского населения Казахстана. Следующими многочисленными представителями тюркского населения являются татары – 191 925, что составляет около 6% всего тюркского населения Казахстана. За ними следуют узбеки, которые насчитывают 136570 человек, больше 4%. Уйгуры насчитывают 59840 человек, а численность азербайджанцев достигает 38362. Численность остальных этносов не достигает 10000 человек, а именно турки – 9916, башкиры – 8742, киргизы – 6810, карачаевцы – 5574, балкарцы – 4174, аварцы – 822 [1, с. 388-393].

По переписи 1959 года среди тюркских народов Казахстана большой процент людей, говорящих на языке своей национальности встречается у казахов - 99%, а самое малое количество у аварцов - 69%. Свыше 95% представителей говорят на своем родном языке узбекской, уйгурской, азербайджанской национальностей. А самый большой процент среди тюркских народов, говорящих на русском

языке составили аварцы - 14%, затем башкиры - 12% и татары - 11%. Согласно данной переписи 0,77% казахов разговаривали на русском языке. Это самый низкий показатель среди тюркских народов, что свидетельствует об уровне русификации отдельных этносов [1, с. 388-393].

Численность мужского и женского населения у каждого этноса выглядит по-разному. Если у казахов, татар, узбеков, уйгур мужское население составляет меньшинство по сравнению с женским, то у азербайджанцев, киргизов, карачаевцев и аварцев женское население является меньшинством. У башкирского населения численность мужчин и женщин одинакова.

Сонымен, Кеңес үкіметі тұсында Қазақстан әртүрлі көптеген этнос өкілдеріне Отан болып, аграрлы елден аграрлы-индустриалды, одан индустриалды-аграрлы елге айналып, ауыл халқынан гөрі қала халқының саны басым бола бастағанын көреміз.

3.4.3 Білім деңгейі мен жыныстық арасалмағы

1970-1989 жылдар аралығында Қазақстанда жалпы халықтың құрамында әйелдер үлесінің басым болғанын көруімізге болады. 1970 жылғы санақ бойынша барлық әйелдердің саны – 6,8 млн. болса, ер адамдар саны – 6,3 млн. болды. Яғни әйелдер еркектерден 483284 мыңға көп және 7,7 %-ға артық. Мұндай басымдық кейінгі санақ жылдарында да сақталған. Мәселен, 1979 ж. ер адамдар – 7,1 млн., әйелдер – 7,6 млн.; 1989 жылғы санақ нәтижесінде 8,5 млн. және 8,0 млн. Демек, 1979-1989 жж. әйелдер 500 мыңға көп болып, 7,1 % мен 6,3 %-ға артық болған [12].

Кесте 3. Қазақстандағы түркі халықтарының 1970-1989 ж.ж. жыныстық ара салмағындағы өзгерістер [3]

№	Этностар	1970 ж.		1979 ж.		1989 ж.	
		ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер
1	Қазақтар	2070667	2163499	2600993	2688356	3225856	3308760
2	татарлар	133077	154635	144297	168329	151388	176594
3	өзбектер	115227	101113	134604	128691	170326	161691
4	ұйғырлар	61139	59742	74606	73337	93034	92267
5	әзірбайжандар	31979	25720	40514	32831	50089	39994
6	түріктер	-	-	12905	12915	24869	24698
7	башқұрттар	10739	10703	15759	16740	19804	22043
8	чуваштар	12240	10631	11019	11291	10830	11475
9	ингуштер	-	-	9991	8346	10892	9022
10	удмурттер	7065	8721	6780	8680	6898	8957
11	қырғыздар	6292	3320	5505	3847	7372	6740
12	түркмендер	-	-	1531	710	2972	874
13	қырым татарлары	-	-	389	445	1484	1685
14	балқарлар	-	-	1113	1145	1438	1529
15	аварлар	728	231	1212	390	1843	934
16	қарашайлар	-	-	1022	1060	1023	1034
17	даргиндер	-	-	638	331	1186	731
18	құмықтар	-	-	552	321	972	738
19	қарақалпақтар	-	-	452	168	803	584
20	табасарандар	-	-	249	158	644	502
21	қалмақтар	-	-	609	364	611	516
22	қабардиндер	-	-	471	285	667	414

* Ескерту: 1970 жылғы санақ мәліметтерінде жыныстық ерекшеліктер бөлімінде барлық түркі халықтарының мәліметтері берілмеген.

3-кестеден көріп отырғанымыздай, түркі халықтарында ер мен әйелдердің статистикалық ара қатынасы әртүрлі. 1979 ж. түркі халықтарының ер адамдарының саны – 3064908 болса, әйелдер саны – 3158440. Ал 1989 жылы ер адамдар – 3784969, әйелдер саны – 3871780 болған. Демек, түркі халықтарында да, жалпы Республика көрсеткіштері секілді, әйелдер саны мен үлес салмақтары басым. Әр түркі халықтарының санақ жылдарында ер мен әйелдердің жалпы халық ішіндегі пайыздық үлес салмағын келтірсем. Мысалы, 1970 санақ бойынша: 51 % әйел 49 % ер адамдар болған. ал 1979 жылы 50,8 % бен 49,2 %; 1989 жылы 50,6 % және 49,4 %.

Түркі халықтарының ішінде үш он жылдық санақтар арасында тұрақты түрде ерлер саны басым этностар: өзбек (53,3 %, 51,1 %, 51,3 %), ұйғыр (51,0 %, 50,4 %, 50,2 %), әзірбайжан (55,4 %, 55,2 %, 56,0

%), т.б. Тұрақты түрде әйел адамдары басым этностар: татар (54 %, 53,8 %, 53,8 %), башқұрт (50 %, 52,6 %, 52,7 %), т.б. **Түрік, чуваш, қарашай т.б. этностарда айтарлықтай қарама-қарсы жыныстық диспропорция байқалынбай, тепе-теңдік сақталынған [13].**

Қазақстандағы 1970, 1979, 1989 жылдардағы халық санақтары елдегі халықтың білім деңгейінің қарқынды түрде арта түскендігін көрсетеді. Тегін білім беру сясаты мен әр жыл сайын халыққа білім беруді дамыту мен қолдауға қаржы бөлу шараларының оң нәтижесі. 1970 ж. аяғы мен 1980 жж. басында жоғары және орта арнаулы мамандандырылған оқу орындары жыл сайын бірнеше мың маман кадрларды даярлап шығарып отырды. Бұл елдегі білім деңгейінің көрсеткішіне әсер етті. 1970-1989 жж салыстырғанда Республикада 15 жас және одан жоғары адамдарды 1000 адамға шаққанда бастауыш білімді алғандар саны 2,2 есеге, ал орта және арнаулы орта білім барлар – 4,6 есеге, жоғары білімі барлар – 5,1 есеге көбейген. Халық шаруашылығында жұмыс істейтін жоғары білімі бар мамандардың саны – 4,7 есеге, ал орта арнайы білімі барлар – 3,5 есеге артқан. Қала мен ауыл халқының білім деңгейлері де теңесуге жақындады: мысалы, 1989 жылы қалада тұратын әр мың адамның 868-де жоғары және орта білімі бар болған, ауылдық жерде – 795-де болған. 1959-1989 жж. 15 жастағы және одан жоғары адамдарды мың адамға шаққанда жоғары білімі барлар – 19-дан 97-ге көбейді, яғни 5,7 есеге артқан, аяқталмаған жоғары білімділер саны – 10-нан 18-ге көбейген (1,8 есеге), арнаулы орта – 49-дан 184 немесе 3,7 есеге, жалпы орта – 6,3-тен 33,9 адамға немесе 5,4 есеге артқан [14].

Алайда, Республикадағы жергілікті халықтың, әсіресе ауылдық мекендердегі байырғы халықтың жоғары және орта арнаулы білімін арттыру өзекті мәселе болып қала берді. Мысалы, 1980 жылы республиканың халық шаруашылығында қызмет ететін жоғары білімі бар маман-қазақтардың үлесі 35,3 % болды, ал орта білімді және орта арнаулы білімі барлар 25,5 % құраған. Бірақ, жоғары және орта білімі бар орыс, украин және белорус өкілдерінің үлесі – 60 % болды.

1989 ж. санақ бойынша Қазақстандағы түркі халықтарының 15 жас пен одан үлкен жастағы адамдар ішіндегі білім деңгейінің статистикалық көрсеткіштеріне зер салсақ.

Бүкілодақтық 1989 жылғы халық санағы бойынша 15 және одан жоғары жастағы қазақтардың жалпы саны – 4064105 мың адам, олардың жоғары білімі барлар – 419331, аяқталмаған жоғары білімі барлар – 95325, орта арнаулы білімі барлар – 632526, жалпы орта білімділер – 1617020, толық емес орта білімі – 749290, бастауыш білімі ғана барлар – 305850, бастауыш білімі жоқтар – 243436 мың адам.

Ал түркі халықтары бойынша мәліметтер төмендегідей: 15 және одан жоғары жастағы *өзбектер* жалпы саны – 202365 мың адам, олардың жоғары білімі барлар – 12649, аяқталмаған жоғары білімі барлар – 2075, орта арнаулы білімі барлар – 26872, жалпы орта білімділер – 91924, толық емес орта білімі – 42558, бастауыш білімі ғана барлар – 14383, бастауыш білімі жоқтар – 11895 мың адам. 15 және одан жоғары жастағы *әзірбайжандар* жалпы саны – 57259 мың адам, олардың жоғары білімі барлар – 3069, аяқталмаған жоғары білімі барлар – 701, орта арнаулы білімі барлар – 7432, жалпы орта білімділер – 23979, толық емес орта білімі – 13459, бастауыш білімі ғана барлар – 4723, бастауыш білімі жоқтар – 3862 мың адам. 15 және одан жоғары жастағы *татарлар мен қырым татарларын* бірге қосқанда жалпы саны – 251672 мың адам, олардың жоғары білімі барлар – 24806, аяқталмаған жоғары білімі барлар – 4280, орта арнаулы білімі барлар – 48736, жалпы орта білімділер – 76218, толық емес орта білімі – 53547, бастауыш білімі ғана барлар – 30095, бастауыш білімі жоқтар – 13939 мың адам. 15 және одан жоғары *жастағы ұйғырлар* жалпы саны – 119669 мың адам, олардың жоғары білімі барлар – 6458, аяқталмаған жоғары білімі барлар – 1603, орта арнаулы білімі барлар – 16055, жалпы орта білімділер – 53277, толық емес орта білімі – 23644, бастауыш білімі ғана барлар – 9813, бастауыш білімі жоқтар – мың адам – 188 [15].

Сонымен, 1970-1989 жылдары Қазақстанның демографиялық дамуы жүріп жатқан қарқынды әлеуметтік-саяси, экономикалық үдерістермен тікелей байланысты болды. Кеңес үкіметінің Қазақстанды индустриалды-шикізат базасы ретіндегі көзқарасы Республиканың болашақтағы дамуын анықтады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Б.Т. Колпаков. Всесоюзная перепись населения 1970 года. – М.: Советская Россия, 1969. – 64 с.

2. Алексеев А.Н. Население Казахстана 1920-1990 гг. – Алматы: Ғылым, 1993. – 126 с.

3. Итоги Всесоюзной переписи населения 1989 года. Национальный состав населения Казахской ССР, областей и г. Алма-Аты. Том 1. – Алма-Ата: Республиканский информационно-издательский центр, 1991. – 555 с.

4. Итоги Всесоюзной переписи населения 1970 года. Том IV. – Москва: Статистика, 1973. – 648 с.

5. К. Ундашев. Всесоюзная перепись населения – всенародное

дело. – Алматы, 1978. – 14 с.

6 Итоги Всесоюзной переписи населения 1979 года по Казахской ССР. – Алматы: Казахстан, 1981. – 395 с.

7 Волков А.Г. Всесоюзная перепись населения 1989 года. – Москва: Финансы и Статистика, 1987. – 80 с.

8 Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980). – Алма-Ата.: Ғылым, 1991. – 192 с.

9 Демографическая ситуация в Республике в 1959-1989 гг. // <http://e-history.kz/ru/contents/view/1229>

10 Асылбеков М.Х., Козина В.В. Казахи (демографические тенденции 80-90-х годов). – Алматы: Өркениет, 2000. – с. 102

11 Итоги Всесоюзной переписи населения 1989 года по Казахской ССР. Численность и размещение населения (Раздел I, часть 1,2,3). – Алма-Ата: Республиканский информационно-издательский центр, 1991. – 445 с.

12 Итоги Всесоюзной переписи населения 1989 года по Казахской ССР. Пол, возраст и состояние в браке (раздел II). – Алма-Ата: Республиканский информационно-издательский центр, 1990. – 211 с.

13 Итоги Всесоюзной переписи населения 1989 года. Национальный состав населения Казахской ССР, областей и г. Алма-Аты. Том 1. – Алма-Ата: Республиканский информационно-издательский центр, 1992. – 371 с. (білім денгейі бойынша бар).

14 Итоги Всесоюзной переписи населения 1989 года по Казахской ССР. Уровень образования (раздел I, часть 1). – Алма-Ата: Республиканский информационно-издательский центр, 1990. – 271 с.

15 Итоги Всесоюзной переписи населения 1989 года. Уровень образования. Раздел III, часть II. – Алма-Ата: Республиканский информационно-издательский центр, 1990. – 172 с.

16 Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980). – Алма-Ата.: Ғылым, 1991.

17 Асылбеков М.Х., Козина В.В. Казахи (демографические тенденции 80-90-х годов). – Алматы: Өркениет, 2000. – с. 102

18 Асылбек М.Х., Асылбекова Ж.М.-А. Социально-демографическое развитие населения Казахстана в годы суверенитета // <http://www.iie.kz/?p=832>.

19 Асылбеков М.Х., Құдайбергенова А.И. Қазақстан тарихи демографиясының өзекті мәселелерін жаңаша концептуалдық пайымдау // Отан тарихы, 2003. – № 3. – 25-30 бб.

20 Асылбеков М.Х., Асылбекова Ж.М. Қазақ ұлтының этнодемографиялық дамуы. // Қазақ тарихы, 2011, № 2. – 2-16 бб.

4 ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ

ДЕМОГРАФИЯСЫ (1999–2009 жылдардағы халық санақтары негізінде)

Саркенова К.А.

Қазақстан 2724,9 мың км² кең-байтақ аумақты алып жатыр. Аумағы жағынан дүние жүзінде 9-орынды алады. Құрлықтағы шекарасының жалпы ұзындығы 13,2 мың км. Солтүстігінде Ресей Федерациясымен (шекарасының ұзындығы 7591 км), оңтүстігінде Түрікменстан (426 км), Өзбекстан (2354 км) және Қырғыз (1241 км) республикаларымен, шығысында Қытаймен (1782 км) шектеседі, батысында Каспий теңізі (600 км) орналасқан. Қазақстанның аумағы батыстан шығысқа қарай 3000 км-ге, солтүстіктен оңтүстікке қарай 1600 км-ге созылған [1, 6-б.]. Халқы 17,6 млн адам (2016 жылдың қаңтары). [2]. Оның 11,3 млн-ын немесе 65,3%-ын елдің байырғы халқы – қазақтар құрайды Республикада одан басқа 100-ден астам этнос өкілдері мекендейді.

Қазақстан тәуелсіздік алғалы екі халық (1999 және 2009 жылдары) санағы өтті. Халық санағы материалдары – шынайы қабылдауға болатын дерек. Санақ материалдары бойынша тексеру жүргізіліп отырған сәттегі белгілі бір жас мөлшеріндегі адамдардың санын, олардың отбасы жағдайын анықтауға мүмкіндік туады. Демек, санақ материалдары – демография, экономика және әлеуметтік мәліметтердің нақты бір мерзімде, анық бір жерде өтуін, жинақталуын, өңделуі мен баспада жариялануының шынайы жиынтығы. Сондықтан Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы демографиясын анықтауда осы аталмыш екі санақ мәліметтерін дерек ретінде пайдаланудың маңызы өте зор. Бұл тараудың мақсаты – Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы түркі халықтарының демографиялық келбетін жасау немесе олардың санын, орналасуын, жас/жыныс құрамын, білім, тілдерді меңгеру деңгейін, сонымен қатар діни ұстанымын анықтау.


2009 жылғы халық санағы бойынша, Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымына сәйкес елдің бүкіл аумағы екі категорияға – өңірлер мен елді мекендерге бөлінді. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумағына 14 облыс, республикалық маңызы бар 2 қала, 160 аудан, республикалық маңызы бар қалалардағы 10 аудан, облыстық маңызы бар 40 және аудандық маңызы бар 45 қала, облыстық маңызы бар қалалардағы 5 аудан, 34 поселкелік (кенттік) және 2474 селолық (ауылдық) әкімшілік, 35 және 101 қалалық және селолық поселке (кент), 6905 ауылдық/селолық елді мекен кірді. Халықтың тығыздығы 1 км²-ге 5,9 адамнан келді. Қазақстан халқы

үшін 14 әкімшілік-аумақтық бірлік (облыстарға) бойынша әркімкі қоныстану тән еді. Ең тығыз орналасқан аумаққа халқының тығыздығы 1 км²-ге 21,1 адамнан келетін Оңтүстік Қазақстан жатса, ал Ақтөбеде 1 км²-ге небәрі 2,5 адамнан ғана келді [3].

1999 жылғы тәуелсіз Қазақстандағы тұңғыш халық санағы бойынша, халық саны 14 981,3 мың адам болып, ал 2009 жылғы екінші халық санағы халықтың 16 009,6 мың адамға артқанын көрсетті. Демек, соңғы 50 жылда 6,7 млн. адамға өсіп, алдыңғы (1999 жыл) санақпен салыстырғанда 1 028,3 мың адамға немесе 6,9%-ға өскен.

2009 жылғы санақ бойынша, Қазақстан аумағындағы 125 этностың сан жағынан ірі деген 7 этносына түркі халықтарынан қазақ (63,1%), өзбек (2,9%), ұйғыр (1,4%), татар (1,3%) кірді. Соның ішінде халық санындағы ең үлкен үлес салмақты қазақ еншіледі. Қазақтың саны 1999 жылғы 8 011,5 мыңнан 2009 жылы 10 096,8 мыңға көбейді. Яғни тәуелсіздік жылдарындағы екі санақ аралығында (1999-2009) қазақтың саны 26,0%-ға артты [3]. Олардың 2009 жылғы санақ материалдары бойынша өңірлердегі үлесін төмендегідей көрсетуге болады:

Өңірлердегі қазақтардың үлес салмағы, %-бен



Мәлімет алынды: 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халық санағының қорытындысы туралы. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. – Астана, 2010 // stat.gov.kz

Яғни он жыл ішінде (1999-2009) қазақтардың саны табиғи өсім, сондай-ақ республика аумағына келген қандас ағайындардың есебінен

көбейді. Әсіресе бұл үдерісте Қазақстанға қоныс аударған қазақтардың рөлі айрықша болды. Қазақтардың Қазақстанға оралуы табиғи өсіммен қатар елдегі қазақ үлесін де арттырды. Көпжылдықтардан бері бірінші рет Қазақстан Республикасының титулды ұлтының саны 10 млн-нан асып, 2009 жылғы үлес салмағы 63,1%-ды құрады. Жиырма жылда, яғни 1989 жылдан 2009 жыл аралығында қазақтың саны 3 млн 564 мың (54,5%) адамға көбейіп, оның алғашқы онжылдығында – 1 млн 475 мың адам (22,5%), екіншісінде – 2 млн 87 мың (26,0%) адам болды [4, 312-313-б.].

Соңғы 20 жылда Қазақстанға қоныс аударған 1 млн-ға жуық қазақтың атажұртқа оралуы елге ұшаң-теңіз пайдасын тигізді. Этностық көші-қон Қазақстан Республикасындағы демографиялық жағдайдың процесіне елеулі әсер етті әрі экономикалық жағдайдың қалыптасуында маңызды рөл атқарды.

1991–1995 жылдары республикаға 137 919 қазақ оралды. 1993 жылы 17 желтоқсанда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының тұсаукесер салтанаты өтіп, сол жылдың өзінде-ақ Қазақстанға Монғолиядан, Түркиядан, Ираннан және ТМД елдерінен 7,5 мың қазақ отбасы қоныс аударғаны белгілі болды. Ағайынның басым бөлігі Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарын таңдады. 2009 жылғы Халық санағы қорытындысын есепке алғандағы 2010 жылғы 1 қазандағы халық санының ағымдағы есебінше, Маңғыстаудағы халық саны 202,6 мыңға, Оңтүстік Қазақстанда 571,3 мыңға, Алматы облысында 295,1 мың адамға көбейген [3]. Оның ішінде Маңғыстау облысына 12,6%, Оңтүстік Қазақстанға 21%, Алматы облысына 15% шет елдерден келген қазақтар қоныстанған [5]. Ал ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1991-2008 жылдардағы мәліметтері бойынша, Қазақстанға 706 052 адамнан тұратын 179 521 қазақ отбасы келген. Яғни тарихи отанға оралған қандастарымыз елдегі демографиялық жағдайдың жақсаруына зор әсер еткен. 2008 жылдың 1 қазанына Қазақстанға келген қазақтардың саны төмендегідей болған: Өзбекстаннан 108 174 отбасы немесе 421 630 адам (жалпы қоныс аударғандардың 59, 72%-ы), Түркменстаннан 14 879 отбасы немесе 57 544 адам (8, 15%), Ресейден 10 083 отбасы немесе 32 806 адам (4, 65%), Тәжікстаннан 2 713 отбасы немесе 11 476 адам (1, 63%), Қырғызстаннан 1 762 отбасы немесе 7 135 адам (1, 01%), ТМД-ның басқа елдерінен 354 отбасы немесе 962 адам (0, 13%), ТМД-ның барлық елдерінен 137 966 отбасы немесе 531 553 адам (75, 29%), Монғолиядан 20 080 отбасы немесе 96 755 адам (13, 70%), Қытайдан 18 784 отбасы немесе 65 191 адам (9, 23%), Ираннан 1 141 отбасы немесе 6 090 адам (0, 86%), Түркиядан 860 отбасы немесе 3 373

адам (0, 48%), алыс шет елдердің басқа елдерінен 691 отбасы немесе 3 090 адам (0, 44%), алыс шет елдердің барлық елдерінен 41 556 отбасы немесе 174 499 адам (24, 71%). Барлығы – 179 521 отбасы немесе 706 052 адам (100%) [4, 284-285-б.]. Демек, 531 553 адам (75,29%) КСРО-ның бұрынғы республикаларынан, 174 499 адам (24,71%) алыс шет елдерден келген.

1991-2012 жылдары шет елдерден 895 899 адамнан тұратын 236 мың отбасы қоныс аударған. Ал ҚР ПБ миграциялық полиция комитетінің ағымдағы мұрағатында сақталған 1991-2012 жылдарға арналған этностық репатриация туралы миграциялық полицияның анықтамасы бойынша, 2013 жыл 1 қазанға 830 365 шет елдерден келген этностық қазақ немесе жалпы қоныс аударғандардың 90%-ы ҚР азаматтығын алған. Және ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және миграция комитетінің мәліметтеріне, 1991 жылдан 2015 жылдың 1 қаңтарына тарихи отанға оралып, оралман мәртебесін 259 159 отбасы немесе 952 882 этностық қазақ алған. Оралмандардың 61,5%-ы Өзбекстаннан, 14,3%-ы Қытайдан, 9,3%-ы Монғолиядан, 6,8%-ы Түркмениядан, 4,6%-ы Ресейден және 3,5%-ы басқа елдерден. 1991-2015 жылдары келген қазақтардың еңбекке жарамды жастағылары – 55,6%, 18-ге дейінгілері – 39,9%, зейнеткерлер – 4,5%. Еңбекке жарамдылары ішінде жоғары білімділері – 8,7%, орта арнаулы білімі барлары – 20,5%, жалпы орта білімділері – 61,0%, білімі жоқтары – 9,8% [6]. Айта кетсек, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы ресми сайтының көрсетуінше, 2015 жылдың 1 қазанында Қазақстанға 1 164 отбасы, яғни 3,5 мыңға жуық қазақ қоныс аударып, оралман мәртебесін алған [7].

Әрине, оралмандардың Қазақстанға үйлесуі оңай болған жоқ. Оның басты себебі мемлекеттік саяси мәдениеттегі айырмашылықтарда болды. Оралмандар өздерінің тарихи отанына оралысымен-ақ қазақстандық әлеуметтік мәдениеттің өздері ойлағаннан басқаша екендігін терең сезінді. Өйткені, ол кезде Қазақстан қоғамы – кешегі кеңестік социалистік мәдениеттегі қоғам еді. Ал оралман қазақтар болса, әр түрлі саяси-әлеуметтік мәдениеттегі елдерде туып өсіп, сол елдің ұлттық саяси мәдениетінің ортасында қалыптасқан адамдар еді. Оралмандардың елге оралған мемлекеттерінің мәдени ортасын (саяси-әлеуметтік жағдайлары негізінде) төрт үлкен типке бөлуге болады. Олар: моңғолдық мәдени орта; қытайлық мәдени орта; кеңестік мәдени орта және исламдық мәдени орта (бұған Ауғанстан, Иран және Түркиядан келген қазақтар жатады). Бірақ олар әр түрлі мәдени ортада өмір сүрсе де, қазақ халқының ортақ дәстүрлі мәдениеті мен құндылық көзқарастарын

жақсы сақтады. Бұл оларға тән ортақтық болды [8]. Республика халқының өсіп-өнуі, яғни табиғи өсімі мен көші-қон сияқты оның негізгі екі қайнар бұлағы – халықтың 70%-ына жуығын құрайтын қазақ ұлтының демографиялық қасиеттері мен олардың даму үрдісіне байланысты болды. Ал шет елдердегі қазақтардың саналы түрде тарихи отанға оралып, ұлттық біртұтастану үдерісіне түсуінің идеологиялық негізі – ортақ ұлттық таным мен тәуелсіздік сана еді. Өйткені дүниежүзінің әр түкпірінде жүрген қазақтың өздерін қазақ ұлтының құрамдас бөлігі, Қазақстан – жалпы қазақ халқының Қара шаңырағы немесе бірден бір тәуелсіз Отаны деген ұғым қалыптасты. Оларды тарихи отанына тартқан құдіретті күш – Қазақстанның тәуелсіздігі еді. Оралмандардың бойындағы ұлттық ортақ таным мен сана-сезім оларды ұлттық ұлы біртұтастыққа бастады. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанға көшіп келіп, мұндағы қалың қазақ халқымен тоғысып, бірегей ұлтқа айналып, қазақы болмыста өмір сүру – оралмандардың немесе этностық қазақтардың ортақ арманы еді [8].

Демек, ел іргетасының басты құндылығы – Қазақстанның тәуелсіздігі. Ал тәуелсіздік дегеніміз елдің егемендігі, халықтың бостандығы, сана еркіндігі, ұлттың санасы, тарихымен қоса, рухани құндылықтары [9]. Егер «бүгінгі көп этносты Қазақстанның дамуы мен болашағы тарихпен негізделген ортақ қазақстандық құндылықтарға байланысты десек, онда қазақстандық қоғамның ұйытқысы, топтастырушысы, өзегі болып отырған жетекші ұлт – қазақтарды тану, біріншіден, өз тарихи қоныстану аймағында қалыптасқан қазақ халқының адамзат өркениетіндегі орны, сол түрлі өркениеттер мен мәдениеттердің қазақтардың діліне ықпалы мен әсерінің деңгей-дәрежесі, екіншіден, түркілік өркениеттің мұрагерлері қатарында қазақ халқының тарихи – рухани әлемі» [10]. Немесе «қазақтың бірлігі – көпэтносты халықтың бірлігі» [11]. «Мыңдаған жылдар бойы желісі үзілмеген сабақтастық қара шаңырақты ұстап қалған қазақтарға ақыл мен қайратты, ыстық жүрек пен сабырды мольнан дарытып, жүз жыл жоңғармен соғысқанда, 260 жыл отарлау мен тоталитаризмнің қыспағында қалғанда дұшпанына жер бетінен жойып жіберуге мүмкіндік бергізбеді, қазақ мың өліп, мың тірілді, ХХІ ғасыр қарсаңында азаттыққа қол жеткізді» [12, 15-б.] Қазіргі мақсат – мемлекеттік идеяның басты, ең соңғы сөзі – тәуелсіздікті баянды ету. Қазақ мемлекеттілігінің тамыры ежелгі тарихтан бастау алады. Ал мемлекеттіліктің іргетасы – Ұлттық бірлік. «Бірліксіз өмір жоқ екенін түріктер ертеден біліп, бұл кастерлі ұғымды жоғары дәрежеде ұстады және оны ұрпақ тәрбиелеуде басты құралға айналдырды. Бірлік отбасыдан басталады деп Отанын шын сүйетін ұрпақ тәрбиеледі.

Орталық Азияны мекендеген түркі тілдес этностар өз Отанын қорғап, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Бұл жеңістердің тірегі – бірлік» [13, 25-б.] Қазіргі уақытта «Қазақстан-2050» Стратегиясы: «қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» бойынша, Қазақстан өз тұтастығын сақтаған, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмыстанып жатқан, сонымен қатар елдің ішкі саяси тұрақтылығы мен ұлттық бірлігін нығайтуда белсенді әрекеттеніп жатқан елдердің біріне айналған. Ұлттық бірлікке өз үлесін қосып жатқан Қазақстан халқы құрамында кең-байтақ қазақ даласын құт мекенге айналдырған түбі бір түркі әлемінің ұрпақтары да бар. Сол түркі халықтарының саны қанша? Енді санақ материалдарына сүйеніп, соны анықтап көрсек.

Әрине, 20 жылда Қазақстанның тарихшылары біршама табыстарға қол жеткізді, Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтуға өз үлестерін қосты. Ғылымда қалыптасқан түркі халықтарын жіктеу бойынша қазіргі түркі халықтарына жатқызылып жүрген бүгінгі (1) Бұлғар тобындағы чуваштар; (2) Таулы Алтай (орталық-шығыс) тобындағы шорлар, алтайлықтар (солтүстіктегі: кумандар, челкандар, тубалар; оңтүстік: алтай-кижи, теленгит, телеуттер); қырғыздар; чулымдар; ферғандық қыпшақтар; (3) Қарлық (оңт.-шығыс) тобынан өзбектер, ұйғырлар, Іле ұйғырлары, әйну (абдалдар), лобнорлықтар, хотандар, халаждар; (4) Қыпшақ (солтүстік-батыс) тобына кіретін қыпшақ болғарлары (Еділ қыпшақтары), башқорттар, башқорт-тептярлар.., Қазан татарлары, Қасым татарлары, мишарлар, тептяр-татарлар, қряшендер, нағайбақтар немесе қарағаштар, Астрахань татарлары, Польша-Литва татарлары, Сібір татарлары, Юртова татарлары, Өзбекстанның Сурхандария, Қашқадария, Жизақ облысы, Қырым татарларының солтүстік бөлігі – барлығының өкілдері қазіргі уақытта да Қазақстанда өмір сүріп жатыр. Сол халықтардың әрқайсысының бірегейлігін сақтау арқылы қазақ халқы өзін де рухани жағынан байытады әрі сол халықтар да өз ерекшеліктерін тарихта сақтап қалады. Мақсат – сол халықтардың шынайы тарихын археологиялық, этнолингвистикалық немесе мұрағаттарда сақталған қорлар арқылы объективті тұрғыдан жазу. Әрине, түркілердің, әсіресе тарихи түркілердің қазіргі Қазақстандағы саны, орналасуы, жас/жыныстық құрамы, денсаулығы, тұрмыс-салты, білім және кәсіби деңгейлері секілді демографиялық мәселелер Қазақстан зерттеушілерінің тарапынан тереңірек зерттеуді қажет ететінін айту парыз.

Қазақстандағы тарихи авар, башқұрт, татар, т.б. түркі халықтарының саны 1989 жылғы соңғы кеңестік халық санағынан бері біршама төмендеген. Мысалы, 1989 жылы Қазақстанда 2 742 авар, 41 060 башқұрт, 10 222 болғар, 322 338 татар, 181 155 ұйғыр, 21 717

чуваш, 382 шордан 2009 жылы 1 202 авар, 17 263 башқұрт, 4 523 болгар, 204 229 татар, 7 301 чуваш, 96 шор қалған. Сонымен қатар, керісінше, тарихи түркі халықтарынан ұйғырлардың саны 181 155 адамнан 224 713 адамға көбейген [14, 4-6-б.].

Қазіргі түркі халықтарынан Қазақстанда *Болгар тобынан* чуваштан 7301 адам; *Таулы-Алтай* (Орталық-Шығыс) *тобына* жататын түркілерден – шорлар (96); алтайлықтар (221); кыргыздар (23 274); *Қарлұқ* (оңтүстік-шығыс) *тобынан* өзбектер (456 997), ұйғырлар (224 713); *Қыпшақ* (солтүстік-батыс) *тобынан* башқұрттар (17 263) мен татарлардың (204 229) өкілдері тұрады. Осы топтың Қыпшақ-половецтер (Қырым татарларының орта бөлігі – 1532 адам, құмықтар – 481, балқарлар – 1798, қарашайлар – 995, қарайымдар – 231, қырымшақтар – 35) мен Қыпшақ-ноғай өкілдері (ноғайлар – 276, қазақтар – 10 096 763, қарақалпақтар – 2828, т.б.) Қазақстан түркі халықтарының негізін құрайды. Қазақстанда саны басым түркі халықтарынан *Оғыз* (оңтүстік-батыс) *тобынан* гагауздарды (493), әзербайжандарды (85292), **түріктерді (97 015)**, түркмендерді (2234) атауға болады. *Саян* (Тоба) *тобының* Далалық тармағына жататын тувалардан 37 адам тіркелген, ал 1999 жылғы санаққа тіркелген 29 тофадан 2009 жылы ешкім қалмаған. *Ұйғыр* (*қырғыз*) *тобынан* хакастан 223 адам, *Якут* (*саха*) *тобынан* **119** саха, **3** долған санаққа кірген.

2009 жылғы халық санағы бойынша, түркі халықтарына жататын Қазақстандағы 7 ірі этностың санын, сонымен қатар 1999 жылмен салыстырғандағы пайыздық арасалмағын төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 1 1999-2009 жылдардағы Қазақстандағы екі халық санағы аралығындағы түркі халықтарының саны

	Халықтың саны, адам		2009 жыл 1999 жылға, %-бен	Халықтың жалпы санынан %-бен үлес салмағы	
	1999	2009		1999	2009
Барлығы, оның ішінде:	14 981 281	16 009 597	106,9	100	100
қазақтар	8 011 452	10 096 763	126,0	53,5	63,1
өзбектер	370 765	456 997	123,3	2,5	2,9
ұйғырлар	210 377	224 713	106,8	1,4	1,4
татарлар	249 052	204 229	82,0	1,7	1,3
түріктер	75 950	97 015	127,7	0,5	0,6

әзербайжандар	78 325	85 292	108,9	0,5	0,5
қырғыздар	10 925	23 274	113,0	0,1	0,1

Мәлімет алынды: 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халық санағының қорытындысы туралы. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. – Астана, 2010 // stat.gov.kz

Алдыңғы халық санағымен салыстырғанда, қырғыздардың саны 2,1 есе немесе 12 349 (113,0%), түріктер – 21 065 (27,7%), өзбектер – 86 232 (23,3%), әзербайжандар – 6 967 (8,9%), ұйғырлар – 14 336 (6,8%) адамға артқан. Айта кетер жайт, осы аталған этностардың саны, негізінен, табиғи өсімнің есебінен ұлғайған. Татарлар, керісінше, 44 823 (-18,0%) адамға азайған [3].

Кесте 2 Қазақстандағы түркі халықтарының орналасуы

	Барлығы	Қазақтар	Өзбектер	Ұйғырлар	Татарлар	Түріктер	Әзербайжандар	Қырғыздар
Қазақстан Республикасы	16009597	10096763	456997	224713	204229	97015	85292	23274
Ақмола	737495	349086	1039	186	13778	129	1855	520
Ақтөбе	757768	601463	800	119	9545	106	986	195
Алматы	1807894	1223181	3581	144063	13513	35599	14881	2174
Атырау	510377	465033	1103	83	2304	200	388	159
Батыс Қазақстан	598880	432517	412	90	8632	26	1102	138
Жамбыл	1022129	729675	24491	2534	9263	29820	10781	7465
Қарағанды	1341700	622265	3474	579	32730	346	4122	1356
Қостанай	885570	328936	1067	173	17038	155	3405	617
Қызылорда	678794	646645	1302	136	1789	1473	232	156
Маңғыстау	485392	428386	1349	91	1661	73	3776	368
Оңтүстік Қазақстан	2469357	1785992	401630	3485	19119	20995	28956	2007
Павлодар	742475	353711	1092	206	14209	83	1823	375
Солтүстік Қазақстан	596535	198641	407	110	13024	120	1564	261
Шығыс Қазақстан	1396593	781732	1215	924	17789	182	1373	428
Астана қ.ә.	613006	425298	7186	689	8970	2643	2618	2567
Алматы қ.ә.	1365632	724202	6849	71245	20865	5065	7430	4488

Мәлімет алынды: 2009 жылғы Қазақстан республикасы халық санағы. Қысқаша қорытындылар. – Астана 2010. – 11-12-б. // stat.gov.kz

Кесте көрсетіп отырғанындай, қазақтар, негізінен, барлық облыстарда халықтың басым бөлігін құраған. Әсіресе Оңтүстік Қазақстан (1 785 992) мен Алматы (1 223 181) облыстарындағы олардың саны миллионнан асты. Сонымен қатар Шығыс Қазақстан (781 732) мен Жамбыл облыстарында, Алматы қаласында (724 202) да қазақтардың саны миллион адамға жуықтаған. Өзбектер Оңтүстік Қазақстан (401 630) мен Жамбыл (24 491) облыстарында, ұйғырлар Алматы (144 063) облысы мен Алматы (71 245) қаласында, татарлар Қарағанды (32 730) мен Шығыс Қазақстан (17 789) облыстарында және Алматы (20 865) қаласында, түріктер Алматы (35 599), Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл (29 820) облыстарында, әзербайжандар Оңтүстік Қазақстан (28 956), ал қырғыздар Жамбыл (7465) облысы мен Алматы (4488) қаласында шоғырлана орналасқан.

Жеке этностар ішінде түркі халықтары өкілдерінің қалалық және ауылдық жерлерде қоныстануын былайша сипаттауға болады: халықтың жалпы санынан 47,9% қазақ, 74,6% татар, 42,7% ұйғыр, 27,8% түрік, 48,8% әзербайжан, 68,3% қырғыз, т.б. қалалық жерлерде тұрып, қалған бөлігі ауылдық жерлерде тұрған.

Қазақстан халқы құрамында еркектердің үлесі – 48,2%. Түркі халықтары ішінде еркектердің саны әйелдерден әзербайжандарда (53,1%), өзбектерде (50,8%), (57,0) басым болған.

Халықтың тілдерді меңгеруі жағынан ана тілін өз ұлтының тілі деп 14 965,5 мың (93,5%), ал басқа ұлттардың тілін 1 044,0 мың адам (6,5%) көрсеткен. Оның ішінде Қазақстандағы түркі халықтарынан қазақтан ана тілін 9 982276 (98,9%) адам, өзбектен 435 833 (95,4%), ұйғырдан 190 956 (85,0%), татардан 104 234 (51,0%), түріктен 90 065 (92,8%), әзербайжаннан 62 645 (73,4%), қырғыздан 17 164 (73,7%) адам көрсеткен. Түркі халықтарынан қазақ тілін меңгеруі жағынан: қазақтар (ауызша түсінетіндер – 98,3%, еркін оқитындар – 95,4%, еркін жазатындар – 93,2%); өзбектер (сәйкесінше – 95,5%, 74,2%, 61,7%); ұйғырлар (сәйкесінше – 93,7%, 70,5%, 60,8%); татарлар (сәйкесінше – 72,6%, 40,0%, 33,7%). Мемлекеттік тілмен қатар Қазақстандағы түркі халықтары орыс және ағылшын тілдерін де жақсы меңгерген. Оған, мысалы, түркі халықтарының орыс тілін меңгеруіне мына мәліметтер дәлел: қазақтардың орыс тілін меңгеру деңгейі (ауызша түсінетіндер – 92,0, еркін оқитындар – 83,5, еркін жазатындар – 83,5), өзбектер (сәйкесінше – 92,9%, 78,6%, 68,3%), ұйғырлар (сәйкесінше – 95,8%,

88,2%, 81,8%), татарлар (сәйкесінше – 98,4%, 96,4%, 94,7%), түріктер (сәйкесінше – 96,1%, 87,8%, 83,6%), әзербайжандар (сәйкесінше – 96,9%, 89,4%, 85,4%), қырғыздар (сәйкесінше – 92,5%, 77,2%, 71,3%). Түркі халықтары ішінен ағылшын тілін меңгергендер де біршама. Қазақ, ұйғыр, татар, қырғыздардың корейлер мен орыстарды қосқандағы ағылшын тілін меңгерудегі пайыздық үлесі – 12,6-24,2%. Ағылшын тілін меңгеру деңгейі ауылдық жерлермен салыстырғанда қалалық жерде айтарлықтай жоғары [3].

2009 жылғы санақта алғаш рет Қазақстандағы халықтың дін ұстану құрамы да ескерілді. Және Қазақстан түркі халықтарының басым бөлігі ислам дінін ұстанатыны байқалды. Санақтың нәтижелері бойынша, 70,2% халық ислам дінін және 26,3% халық христиан дінін ұстанатыны анықталды. Ислам дінін ұстанатындардың тиісті ұлттың жалпы санындағы ең көп үлесі қазақтарға – 98,3%, өзбектерге – 99,1%, ұйғырларға – 98,4%, түріктерге – 99,1%, әзербайжандарға – 94,8% және қырғыздарға – 96,7%-дан келді [3].

Әдебиеттер

1 Қазақстан халқы: Энциклопедия / Бас ред. Ж.Н.Тойбаева. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2016. – 488 б.

2 <http://www.stat.gov.kz> (сайт қаралған күн – 26.10.2016).

3 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халық санағының қорытындысы туралы. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. – Астана, 2010 // stat.gov.kz (сайт қаралған күн: 26.10.2016).

4 Казахская диаспора и репатриация (1991-2012): монография / К.Н. Балтабаева, Т.А. Мамашев, Ж.А. Ермекбай, А.Ж. Баймагамбетова / Научный ред. С.Ф. Мажитов. – Алматы: Изд-во «Елтаным», 2015. – 568 с.: 12 илл.

5 <http://aikyn.kz/ru/articles/show/18365>

6 <http://www.mzsr.gov.kz/kk/node/332245> 2015 жылдың 1 қазанына этникалық көші-қон туралы ақпарат – сайт қаралған күн: 7.10.2016.

7 <http://baq.kz/kk/diaspora/atazhurt>

8 Мұқаметханұлы Н., Серикқалиева А.Е., Нәбижанқызы З. Қазақтың ұлттық мәдениеті және оның трансформациялануы мен біртұтастануы // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» №2.

9 ҚР Президентінің Жолдауы. Х. Әбжанов — сараптамалық пікір // e-history.kz.

10/ Жүгенбаева Г. Ұлытауда ұлықталған ұлы тарих (постиндустриялық қазақстандық қоғамдағы тарихи сана мәселесі // <https://egemen.kz/2014/?p=41850> (сайт қаралған күн – 25.10.2016).

55 Ұлытау төріндегі толғаныс // Егемен
Қазақстан. – 26 тамыз 2014 жыл.

12 Әбжанов Х.М. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. – Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 328 б.

13 Шәлекенов-Баласағұни У.Х. Шыңғысхан – моңғол және түрік этностарын біріктіруші. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.

14 Қазақстан Республикасындағы ұлттық құрам, діни наным және тілдерді меңгеру. 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының қорытындылары. – Астана, 2011 // <http://www.stat.gov.kz> (сайт қаралған күн – 26.10.2016).

ҚОРЫТЫНДЫ

Тарихи жады ұрпақты тәрбиелейді. Тарихын білген ұлт жоғалмайды. Олай болса адамзат тарихында терең ізін қалдырып, жалғасын тауып келе жатқан түркі әлемінің тарихын зерттеу болашақ ұрпақ үшін де қажеттілік. Әлі толық зерттелмеген терең тарихы бар түрік әлемінің XX ғ. дамуының сандық мағлұматтарын талдаудың өзі өткенін іздейтін, жадысын жоғалтпауды көздейтін ұрпақтың қалауы.

Жобаны орындау барысында XIX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басындағы Қазақстанның түркі халықтарын тарихи-демографиялық тұрғыдан талдау арқылы түркітану ғылыми бағыты халықтану мәселесіне қатысты зерттеу жұмыстарымен толықты.

XIX ғ. соңы – XXI ғ. басы аралығындағы Қазақстандағы түркі халықтарын зерттеуде түркі халықтарының ішіндегі негізгі, автохтонды ұлт қазақтардың өсіп-өнуін, республика халқының этнодемографиялық дамуын кезеңдеу туралы академик М.Х. Асылбековтың жасаған тұжырымына сәйкес қарастырдық.

Қазақстан халқының этникалық құрамының қалыптасуының үш кезеңіне сәйкес өзгерістерді зерттей отырып, түркі халықтарының XX ғасырдың басынан бастап ел аумағына келуі мен орнығуын тарихи кезеңдер мен жағдайларға байланысты үш топқа біріктіре сараладық. 1 топқа ертеден ата мекенінде тұратын немесе XX ғ. басына қарай Қазақстанды мекені еткен халықтар: қазақтар, өзбектер, татарлар, қырғыздар, қарақалпақтар, түркімендер, башқұрттар және ұйғырларды жатқызуға болады. Барлығы XX ғ. басына қарай оншақты түркі халқының өкілдері қазақ жерін мекендеді және өлке халқының 87 %-дан аса бөлігін құрады;

2-топқа патшалық отарлау мен Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары қоныс аударғандар, сондай-ақ, Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында немістер жаулап алған жерлерден эвакуацияланғандар ішіндегі: татарлар, башқұрттар, чуваштар және т.б. кіреді. 1926 жылғы санақта республикада, түркі халықтары 3857161 адамды құрап, үлесі Қазақстан халқының 63,2%-ы болды.

3-топқа Қазақстан мен Орталық Азияға Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін және соғыс жылдарында Оңтүстік Волга бойынан, Каспий жағалаулары мен Кавказдан депортацияланған балкарлар, қарашайлар, қырым татарлары, түріктер, ноғайлар, құмықтар және т.б. жатады.

Қарастыратын мерзім ішіндегі түркі халықтарының демографиялық дамуы ерекшелігін анықтауда елдің негізгі тұрғылықты және саны көп иесі қазақтардың көрсеткіштері басымдық рөл атқарды.

Қазақстанның Ресей империясына бағындырылуынан бастап ғасырлар бойы қазақ халқы мекендеген зор аумақта түркі халықтарын дезинтеграциялау мен ассимиляциялау саясаты жүргізілді. Қазақ жерінде әр түрлі этнос өкілдері көшіп-қонып, тұрақтанып жатты. XX ғасырда Қазақстандағы түркі халықтары көпшіліктен азшылыққа айналды. Тәуелсіздік алғаннан кейін 2009 жылы жүргізілген санақ бойынша 1900 жылдан бері алғашқы рет түркі халықтарының саны басым түсіп, бұл процесс әлі жалғасуда.

Түркі халықтарының демографиялық дамуы қоғамдық дамудың дәстүрлі кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық, саяси қатынастардың нақты әсеріне ұшырады. Демографиялық өсу заңдылықтарының мызғымас шарттарының бірі мынада - кейбір қиын тарихи себептерге байланысты әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуы кенжелеп, артта қалып қойған халық әр уақытта өз бойында тарихи ыңғайлы жағдай туғанда демографиялық қайта өрлеуге қажет болатын күш-қуатты сақтап қалады және оны дер кезінде, қолайлы жағдайда өзінің даму мүддесіне сай жұмсай алады. Сөйтіп, осындай кенже қалып келе жатқан түркі халықтарының даму жолында болған кейбір қиын тарихи қалтарыстар мен асулардан қажымай талмай өтіп, тіпті құрып кету қаупінен тез арада құтылып, өз өмірін жалғастырып қана қойған жоқ, қайта болашақ демографиялық өрлеуіне керек болатын күш-қуатты өз бойында сақтап және оны өмірге деген зор ынтамен ұштастырып, дамыта алғанын XIX ғ. соңы - XXI ғ. басындағы тарихы көрсетті.

Түркі халықтарының қоғамдық дамуының дәстүрлі кезеңіне туудың да, өлімнің де жоғары көрсеткіштері сәйкес келеді. Ал, дамыған капиталистік елдерге экономикалық даму дәрежесі жоғары болғандықтан, негізгі белгісі – бала санын шектеу болып табылатын халықтың өсіп-өнуінің қазіргі түрі сәйкес келуде. Елдің ерекшелігі бұрынғы одақтың негізгі көпшілік жерінде аз балалы кезеңге 1960-жылдары өтсе, Қазақстан мен Орталық Азияда демографиялық дәстүрлі даму 1990-жылдарға дейін өзектілігін сақтады. Нарықтық қатынастар үстем болған кезеңге дайындықсыз енген Қазақстан Республикасының 1990-жылдардағы дамуы қоғам өмірінің барлық салаларының өзгерістерге ұшырауына әкелді. Міне, осы кезеңде ғана Қазақстан халқы аз балалық кезеңге аяқ басты деуге болады. Оның басты себебі, тұрғылықты халықтың индустриалды өндіріске әлсіз тартылуы мен аграрлық сектордың үстем болуымен тығыз байланысты болды. Ал түркі халықтары негізінен ауылдық жерлерде мекендеді. Сондай-ақ, ислам дінінің уағыздарының тағлымдары бойына сіңген ұлттық әдет-ғұрыптардың демографиялық өмірге тигізер үлкен әсерімен бірге түркі халықтарында демографиялық дамуының дәстүрлі

кезеңінен аз балалыққа қарай өтуі кешеуілдеу жүрді.

Зерттеу жұмысы қамтыған мерзім аралығында халықтың этникалық құрамында күрделі өзгерістер болды. XX ғ. соңғы онжылдығынан бастап түркі халықтарының, әсіресе қазақтардың саны көбейе түсуде, табиғи өсім мен Отанына қайтқан қандастарымыз арқасында қазақтар 2009 ж. санақта 10 млн асып түсті, яғни 20 жыл ішінде олардың саны 3,564 мыңнан аса көбейіп, үлесі 39,7% дан 63,1%, яғни 23,4% -ға көтерілді. Салыстырар болсақ, орыстардың үлесі 39,7% - дан 23,7% -ға түсіп, 16,0% төмендеді, ал саны 2,430,5 мыңға кеміді. Немістер 726 мыңға, украиндар 653 мыңға қысқарып, үлестері 1,4% және 2,7% -ға түсті.

Сондай-ақ, өзбектер, ұйғырлар, әзербайжандар, түріктер, тәжіктер және басқа, түркі-мұсылман этностары өкілдері саны өсе түсуде. Бұл өзгерістер еліміздің ұлттық құрамын түбірлі түрде басқаша қалыптастырып үлгерді.

Халықтың жыныстық құрамында әйелдердің еркектерден көбірек болуын сақтап келе жатса, жастық құрамда қартаю көрсеткіштері көрініс табуда, бұл жағдай негізінде Шығыс славян өкілдерінің көбі қартай түскенінен болып отыр. Түркі халықтары, негізінен, жас ұлттар қатарына жатады.

Зерттеу жұмысы отандық тарих ғылымында әлі де кездесетін Қазақстан тарихының «ақтандақ» беттерін жоюға арналды.

Алғаш рет қазақстандық тарихнамада 1897-2009 жылдардағы санақ аралық кезеңде түркі халықтарының тарихи демографиялық дамуы жүйеленді және талдау жасалды. Ғылыми айналымға жарияланбаған деректер еніп, соңғы статистикалық мәліметтер талданды. Түркі халықтарының табиғи қозғалысы мен сапалы көрсеткіштерінің тұтас сипаты, миграциялық үдерістердің этностық құрылымның қалыптасуына әсері, халықтың жынысы мен жасындағы өзара қатынас арасындағы өзгерістері қарастырылды. Қазақстандағы түркі халықтарының дамуы мен динамикасы көп қырлы үдеріс екені нақтыланып, жалпы республикадағы әлеуметтік-демографиялық серпіліс үшін маңызды екені көрсетілді.

Патшалық Ресейдің үстемдігі кезінде және кеңестік билік дәуірінде жүргізілген саяси іс-шаралардың негізінде Қазақстан халқының этностық құрамы күрделі өзгерістерге түсті. Осы өзгерістерді, әсіресе түркі халықтарының даму динамикасын зерттеу сол тарихи кезеңде орын алған оқиғалар мен құбылыстардың астарын терең түсініп, қазіргі кезеңдегі Қазақстан халқының көпэтностық құрамының ерекшелігін дұрыс бағамдауға мүмкіндік береді.

2015 – 2016 жж. жобаны орындау барысында календардық

жоспарға сәйкес мынадай іс-шаралар атқарылды: отандық мұрағат құжаттары мен ғылыми еңбектердің мәліметтері зерделенді; Қазақстанның көпэтностық құрамы, оның ішінде түркі халықтарын зерттеу жөніндегі тұжырымдар мен ұстанымдар сараланды; патшалық Ресейдің отарлық саясаты кезіндегі Қазақстан халқының көпэтностық құрамындағы түркі халықтарының, соның ішінде ұйғыр, татар, өзбек халықтары өкілдерінің қалыптасу ерекшеліктері қарастырылды. Қазақстандағы түркі халықтарының кеңес тұсындағы қалыптасуы, демографиялық дамуы және көші-қон үрдістері тарихи кезеңдерге бөліне отырып талданды. Тәуелсіздік жылдарындағы демографиялық даму ерекшеліктері қарастырылды. Осы зерттеу арқылы Қазақстан тарихындағы «ақтаңдақ» беттерді жоюға, өткен дәуірлердегі халықтың құрамына әсер еткен тарихи құбылыстар мен оқиғаларды дұрыс пайымдап, шынайы баға беруге талпыныстар жасалды.

Түркі халықтарының XIX ғ. соңындағы этнодемографиялық дамуының ерекшеліктері, ірі түркі этностарының патшалық билік кезіндегі қалыптасуы, өсіп-өнуі, көші-қоны мен демографиялық даму ерекшеліктері, Қазақстандағы түркі халықтарының кеңес тұсындағы қалыптасуы, демографиялық дамуы және көші-қон үрдістері тарихи кезеңдерге бөліне отырып, соның ішінде: а) 1917-1939 жылдар аралығындағы түркі халықтарының демографиялық дамуы; б) Қазақстандағы түркі халықтарының 1939-1959 жж. арасындағы тарихының этнодемографиялық қыры; в) Қазақстан түркі халықтарының 1959-1970 жж. дамуының тарихи-демографиялық талдауы және г) 1970-1989 жж. халық санақтары аралығында Қазақстандағы түркі халықтарының дамуы мәселелері бойынша нәтижелер негізгі бөлімде берілді.

Айта кету керек, этностарды жекелеп зерттеу жұмыстары да өз жалғасын табады деп есептейміз. Тіпті түркі әлемінде айрықша орны бар – Қазақстан, ондағы мемлекет құраушы қазақ халқының да өз тарихы әлі толыққанды зерттеліп болған жоқ. Яғни түркі әлемінің халықтану саласындағы зерттеулер сеңін бұзу жұмыстарын жалғастырған жөн.

Құдайбергенова А.И.